Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: tynysbek.kongyratbay@ayu.edu.kz

²педагогика ғылымдарының кандидаты,
Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: gulnur_omir75@mail.ru

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: tmustapaeva89@mail.ru

МЕКТЕПТЕГІ «МУЗЫКА» ОҚУЛЫҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Музыка бізде 60-жылдардан бері пән ретінде оқытылып келеді. Мақалада республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінде қолданылатын «Музыка» оқулықтарының мазмұны мен білім деңгейі қарастырылған. Бұл бағыттағы ізденістер музыка пәні «қай кезден бері оқытылып келеді, негізгі оқулықтардың авторлары кімдер?» - деген мәселелермен басталып, одан әрі Б. Ғизатов, П. Момынов, Ө. Байділдаевтардың кеңес заманындағы оқулықтарының мазмұны, қамтыған мәселелері сараланып, олар кейінгі буын оқулықтармен салыстырылады. Осы мақсатқа орай кейін қолданысқа енген 1–4-сыныптарға арналған оқулықтардың мазмұны сипатталған. Ондағы игерілуге тиіс тақырыптар, музыкалық ойындар, олардың танымдық табиғаты сөз болады. Сонымен қатар кезінде альтернативтік негізде ұсынылған «Елім-ай», «Мұрагер» бағдарламалары да сөз болып, олардың білім берудегі өзіндік ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері сипатталады.

Түрлі білім беру бағдарламалары негізінде соңғы жылдары жарыққа шыққан 1 және 2-сыныптарға арналған «Музыка» оқулықтарының жетістіктері жинақталған. Жаңа оқулық авторларының мәселеге кәсіби негізде келіп, негізгі тақырыптар аясында көптеген музыкалық-танымдық материалдарды аша білгені көрсетіледі. Осының бәрі жалпы білім беретін орта мектептегі «Музыка» оқулықтарының мазмұнын қайта қарау мен саралаудың қажеттігін аңғартады.

Кілт сөздер: музыка, оқулық, бағдарлама, білім мазмұны, аспап, ойындар.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қоңыратбай Т.Ә., Өмірбаева Г.Ш., Мұстапаева Т.К. Мектептегі «Музыка» оқулықтарын жетілдіру мүмкіндіктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 187–197. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.16>

***Cite us correctly:**

Qonyratbai T.A., Omirbaeva G.Sh., Mustapaeva T.K. Mekteptegi «Muzyka» oqulyqtaryn jetildiru mumkindikteri [The Possibilities of Improving School Textbooks “Music”] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 187–197. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.16>

Т.А. Kongyratbay¹, G.Sh. Omirbaeva², Т.К. Mustapaeva³

*¹Doctor of Philological Sciences, Professor of Art History and Philology
Hodja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: tynysbek.kongyratbay@ayu.edu.kz*

*²Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of Almaty University of Humanities and Economics
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulnur_omir75@mail.ru*

*³Senior Lecturer of Hodja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: tmustapaeva89@mail.ru*

The Possibilities of Improving School Textbooks “Music”

Abstract. Music as a subject was introduced in the early 60s. For the first time, the presented article raises the urgent problems of teaching music in secondary schools of our republic. Searches in this direction begin with determining the time of music training in secondary schools and the first authors of textbooks. Further, a scientific excursion into the field of content and methodological problems covered in the textbooks on music by B. Gizatov, P. Momynov and O. Baydildaev takes place. A significant place is paid to the analysis and comparative study of these textbooks with samples of a later generation. In the field of view of the authors were textbooks on music for grades 1-4 of a comprehensive school, which were created at the dawn of independence. Various topics on music have been subjected to analytical study, games and their cognitive capabilities. At the same time, the methodological principles reflected in alternative programs "Yelim" and "Mырager" were considered.

Textbooks of a new model intended for grades 1 and 2 of secondary schools of our republic did not remain out of attention. The positive aspects of textbooks are noted, which differ noticeably from previous publications in an abundance of interesting cognitive materials. All this shows that the time has come to revise the educational and educational content of music lessons in a comprehensive school.

Keywords: music, textbook, program, content of knowledge, instrument, games.

Т.А. Кобыратбай¹, Г.Ш. Омйрбаева², Т.К. Мустафаева³

*¹доктор филологических наук, профессор искусствоведения и филологии
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясауи
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: tynysbek.kongyratbay@ayu.edu.kz*

*²кандидат педагогических наук, старший преподаватель
Алматинского гуманитарно-экономического университета
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulnur_omir75@mail.ru*

*³старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясауи
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: tmustapaeva89@mail.ru*

Возможности совершенствования школьных учебников по «Музыке»

Аннотация. Музыка как предмет был введен в начале 60-х годов. В статье рассматриваются содержание и уровень образования учебников «Музыка», используемых в общеобразовательных школах республики. Поиски в этом направлении начинаются с определения времени ввода предмета музыки в общеобразовательные школы и первых авторов учебников, далее совершается научный экскурс в область содержания и методических проблем, охваченных в учебниках по музыке Б. Гизатова, П. Момынова и О. Байдильдаева. Значительное место уделено анализу и сравнительному изучению этих учебников с образцами более позднего поколения. В поле зрения авторов оказались также учебники по музыке для 1–4-х классов, которые были созданы ещё на заре независимости. Аналитическому изучению подвергнуты различные тематики по музыке, игры и их

познавательные возможности. Вместе с тем отмечены методические принципы, отраженные в альтернативных программах «Елім-ай» и «Мұрагер».

Не остались вне внимания учебники нового образца, предназначенные для 1 и 2 классов общеобразовательных школ нашей республики. Показано, что авторы нового учебника смогли подойти к проблеме на профессиональном уровне и раскрыть много музыкально-познавательного материала в рамках основных тем. Все это говорит о необходимости пересмотра и дифференциации содержания учебников «Музыка» в общеобразовательной средней школе.

Ключевые слова: музыка, учебник, программа, содержание знания, инструмент, игры.

Кіріспе

Кеңес заманында жалпы білім беретін орта мектептерге арналған тұрақты «Музыка» оқулықтары болған емес. Бұл пәннің аясында орыс мектептері Ресей баспаларынан шыққан оқулықтарды пайдаланса, қазақ мектептері Ө. Байділдаев [1], Б. Ғизатов [2], П. Момынов [3] сияқты авторлардың оқулықтарын қолданып келді. Олар өзге оқулықтар секілді жыл сайын қайта басылмай, бір жарияланыммен шектеліп отырды. Жалпы кеңес дәуірінде «Музыка» орта мектептегі тұрақты пәндердің санатында болған емес.

Егемендік алғаннан бергі жерде мектеп оқушыларына арнап «Музыка» оқулықтарын құрастыру ісі қолға алынып, жаңа мақсаттар белгіленді. Оларды жүзеге асырудың міндеттері сараланып, олар тұрақты сипатқа ие бола бастады. Кеңес дәуіріндегі тәжірибесі бойынша теориялық материалы бар оқулықтар жазылып, көркем репертуарды қамтитын хрестоматиялар құрастырылды. XX ғасырдың 90-жылдары бастауыш сынып оқушыларына арналған оқулықтар құрастырыла бастады. Бұл реттен Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, М. Оразалиева [4] сияқты әдіскерлердің 1–4-сыныптарға арналған оқулықтарын атауға болады. Аталған оқулықтар қайта жарияланып жатты [5]. Одан бергі жерде 5 және 6-сыныптарға арналған екі оқулық жарияланды. Оларды құрастыру А. Жайымов, Ж. Еңсепов, т.б. домбырашылардың үлесіне тиді [6].

Осы жылдары жаңа бағдарлама жасау, оқулық шығару ісі жандана түсті. М. Балтабаев бастаған шығармашылық топ «Елім-ай», Ө. Райымбергенов бастаған топ «Мұрагер» бағдарламаларын жасап, оқулықтар жарық көрді. «Елім-ай» бағдарламасы бойынша 1-сынып оқулығы шығып, одан әрі тоқтап қалды [7]. «Мұрагер» бағдарламасы одан әрі дамып, орта мектепке арналған оқулықтар ұсынды [8].

Бағдарлама нота емес, құймақұлақтық жүйені негізге алды. Соны орнықтыру мақсатында Алматы қаласындағы жекеленген мектептерде эксперименттер жүргізілді. Сандық тәсілді пайдаланып, мектеп оқушыларына аз уақытта домбырамен күй үйрету мүмкіндіктерінің әдістемелік мәселелері қарастырылды. Жалпы білім беретін орта мектепке арналған «Музыка» оқулықтарын жазу ісі әлі күнге жалғасын тауып келеді.

Орта мектепке арналған оқулықтарды шығару ісімен «Атамұра», одан соң «Алматыкітап» баспасы зор үлес қосты. Осы негізде «Музыка» оқулықтарының екі түрлі үлгісі жарық көріп, орта мектептер таңдаған оқулық бойынша дәріс өткізді. Мұның өзі альтернативтік оқулықтар шығару ісіне алып келді.

Мектептегі «Музыка» пәні бірнеше оқу бағдарламалары аясында жарық көрсе де, олардың оқушыларға берер білімі ойдағыдай болмады. Олар мектептегі музыка сабағының пән ретінде орнығуына елеулі ықпал ете алмады. Пәннің мазмұнында игеруге тиіс, оқушылардың білімін тереңдететін танымдық материалдар өз дәрежесінде қамтылмай келді.

Бірыңғай ән салу мен күй тыңдау – пән емес. Қазірде тәжірибеге ғана негізделген мұндай оқулықтар музыкалық білім беруге қойылып отырған талаптарға толық жауап бере алмай келеді.

Зерттеу әдістері

Мақалада жалпы білім беретін мектептерге арналған «Музыка» оқулықтарының мазмұны қарастырылып, олардың қандай танымдық материалдарды қамтитынына ерекше назар аударылды. Осыған орай музыкалық білім берудің нәтижелік сипаты басты назарда ұсталды. Әр сыныпта алған танымдық-тәжірибелік білімнің оқушылар бойындағы «қалдығын» анықтау да әдістемелік мәселе ретінде қарастырылды.

Осы мәселелерді жүзеге асырудың негізгі зерттеу әдістері қатарында эмпиристік ізденістер – бақылау, игеру, талдау, салыстыру және жинақтауды айтуға болады. Осы тармақтарға сай зерттеу бірнеше кезеңдерді құрады. Алғашқысы – «Музыка» оқулықтарының мазмұнымен танысу, екіншісі – оқулықтардың мазмұнын талдау, үшіншісі – оқулықтарда қамтылған білімдік материалдардың мөлшерін саралау. Мұның аяғы жоғары оқу орындары студенттерінің педагогикалық практикасы кезіндегі әдістемелік іс-шаралармен байланыстырылды. Осының бәрі мектептегі музыка сабағы аясында оқушылардың алған білімдерін жинақтау және бағалау әдістерімен тұйықталып отырды.

Талдау мен нәтижелер

Соңғы жылдары музыка оқулықтары конкурстық негізде жазыла бастады. Оқу министрлігі жариялаған тендер негізінде жаңа үлгідегі оқулықтар жарық көріп келеді. Бұл іске «Атамұра», «Алматыкітап» және басқа баспалар да араласа бастады. Соңғы кездері министрлік тарапынан конкурстық негізде оқулық жазу ісі жолға қойылып, оған НЗМ-нің мамандары да қатысып отыр. Олар 1–2-сыныптарға жаңа бағдарлама жасап, оқулықтар да шығарды. Бұл іске жаңа авторлар тартылып, әрбір тақырыпқа сай жаңа әндер жазылып, оқулықтардың мазмұны жаңара түсті. Әрине, олардың барлығы да кейін енгізілген жаңа (Кембридж) жүйеге құрылып, негізгі сегіз тармақпен тұйықталып отырды. Әрбір сыныпта олардың рет саны ауысса да, жалпы нобайы сақталды. Осы тұста НЗМ мамандары А. Қайдарова, И. Есбатырова, А. Даниярова, А. Оспанова [9] шығарған 1-сынып оқулығының мазмұнына тоқталып өтелік. Оқулық сегіз тарауға жіктеліп, өз ішінде тағы да жеке сабақтарға бөлінген. Олар мынадай тақырыптарды қамтыған: 1) Бәрі мен туралы; 2) Менің мектебім; 3) Менің отбасым және достарым; 4) Айналамыздағы әлем; 5) Саяхат; 6) Дәстүр және фольклор; 7) Жеміс-жидек; 8) Тәні саудың, жаны сау.

Бұрын жарық көрген дәстүрлі оқулықтарда тақырыптарға сай музыкалық материалдар өз дәрежесінде қамтыла бермейтін. Мұнда барлық сегіз тарау музыка тақырыбына құрылып, ойын үстінде ән салу, музыка сауатын ашу үдерісіне бейімделген.

I. «Бәрі мен туралы» деген алғашқы тарау «Мен музыка әлеміндемін», «Мен ән салуды ұнатамын», «Бәрі қимыл үстінде», «Музыкадағы ырғақ» деген төрт тақырыпқа жіктеліп, нақты музыкалық материалдармен жұмыс істеуге құрылған.

II. «Менің мектебім» атты екінші тарауында оқушылар музыка әлеміне саяхатты жалғастырып, скрипка кілтімен танысады, нота жазуынан мағлұмат алады. «Мектептегі дыбыстар» деген тақырып аясында музыкалық және шулы дыбыстарды ажыратуды игеріп, композиторлар шығармашылығы мен музыкалық аспаптардың ерекшеліктерімен танысады. «Музыка әліпбиі» деген тақырып нота, нота сызығы, скрипка кілті, до, ми, соль дыбыстарын игеруге бейімделген. Бұлардың бәрі түрлі ойындар арқылы берілген. «Мектептегі әуен» тақырыбында *кілттік белгілер, мажор мен минор, лад* туралы ұғымдар беріледі. «Мектеп оркестрі» тақырыбы дирижер мен оркестр туралы түсінік береді.

III. «Менің отбасым және достарым» деген тарауда оқушылар *ре-фа-ля* дыбыстарымен танысады. Алғаш *до-ми-соль* дыбыстарымен танысқан оқушылардың білімі тереңдей түскен. Бірақ авторлар дыбыс қатарын толық қамтымай, теориялық мәліметтерді біртіндеп қосып отырған. Одан әрі ән салуға көшіп, «Ананың әлдіі» - бесік жыры, «Достық – ғажап!» деген

тақырыптар шеңберінде *ән, куплет, қайырмамен* танысады. Музыкадағы регистр туралы түсінік алады.

IV. «Айналамыздағы әлем» тарауы «Еліміздің бас әні», «Туған жер әуендері», «Сиқырлы музыка», «Қош келдің, Жаңа жыл!» деген тақырыптарға жіктелген. Онда оқушыларды мемлекеттік Әнұранмен таныстырып, «Ортеке» күйі, «Шелкунчик» балетінен үзінді тыңдатады, Жаңа жылға арналған әндер игеріледі.

V. «Саяхат» деген тарауда авторлар музыкалық жанрлар әлеміне саяхаттап, жанр, марш, би ұғымдарының мәніне үңілген. Бұл әдіс Д.Б. Кабалевский бағдарламасында болатын. Музыкалық мамандықтар әлеміне үңіліп, композитор, дирижер таяқшасы, әлді, әлсіз үлес, екі үлесті өлшем деген тақырыптар туралы мағлұмат алған. «Далаға саяхат» тақырыпшасы аясында *күй, күйші, жайлау* атауларына тоқталған.

VI. «Дәстүр және фольклор» тарауында *аккомпанемент, халық әні, дәстүр, фольклор* деген терминдердің сырына үңіледі. Қорқыт деген кім? Аңыз, қобыз, ысқыш, халық аспаптары, халық оркестрі, халық биі, Наурыз туралы ән деген сияқты тақырыптар игеріледі.

VII. «Жеміс-жидек» тарауының аты музыка пәнінен бөлектеніп тұрса да, авторлар оны оқулық мазмұнымен шебер ұштастырған. Мысалы, сиқырлы балет әлемінде *шәй мен кофе* билейді. Жеміс-жидек, жалпы тағам туралы әндер тыңдалады. Одан әрі дыбыс бояуы, *композитор шығарған ән, музыка, орындаушы, тыңдаушы* деген ұғымдар талқыға түседі. Симфониялық *оркестр, ішекті, ұрмалы аспаптармен* таныстырылады. «Сиқырлы флейта» тақырыбы аясында *кларнет, гобой, фагот, флейта* аспаптары таныстырылады.

VIII. «Тәні саудың, жаны сау» деп аталған соңғы тарауында музыканың денсаулыққа пайдасы, дем алу гимнастикасы, флешмоб туралы мәліметтер қамтылған. Гимнастикаға байланысты әндер берілген. Әскери марш, жорық әндері қамтылып, музыкалық фестиваль ұғымы баяндалған. Оқулықтың соңында глоссарий беріліп, оқушылар игеріп шыққан терминдер толыққа жуық топтастырылған.

«Музыка» оқулығының 2-сыныпқа арналған басылымы да осы сияқты негізгі сегіз тақырыптың төңірегіне топтастырылған [10]. Ондағы әрбір тарау, тақырыптар оқушыларға музыкалық білім негіздерін жеткізуге бағышталған. Біздің бұрынғы оқулықтарымыздың мазмұны ән салу, күй тыңдау, аздап музыка сауаты туралы деректермен шектелген болса, НЗМ шығарған оқулықтарда музыкалық-танымдық материалдар да молынан қамтылған. Олар теориялық материал ретінде емес, негізгі сегіз тақырыптарға бейімделіп берілген. Осылайша біздің әдіскерлер қашып келген музыкалық-теориялық материалдарды қолданудың тиімді тәсілдері қолданылған.

Бұл НЗМ дайындаған 1–2-сынып оқушыларына арналған оқулықтардың болмысы ғана. Ал өзге сыныптарға арналған «Музыка» оқулықтарының мазмұны бұлардан өзгешелеу. Оларды оқыған оқушылар қандай танымдық білім материалдарын қалай игеру керек деген әдістемелік мәселе туады. Соны 3-сынып оқулығы шеңберінде тарқатып көрелік [11].

Ең алдымен, 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығы мектеп оқушыларына қандай білім береді? – деген танымдық мәселе туындайды. Осы мақсатқа орай оқулықтың қандай тақырыптарды қамтығаны, құрылымдық жүйесі, музыкалық репертуары қарастырылады. 3-сыныпты бітірген оқушы музыка пәні бойынша қандай теориялық білім алып шығуы керек? – деген сұрақтар туындайды.

Бұл мәселелерді күн тәртібіне шығаруымыздың басты себебі мынада. Осы кезге дейін жалпы білім беретін орта мектептерді бітіріп, жоғары оқу орнындарының музыкалық білім мамандықтарына оқуға түсетін жастар музыкалық дайындығы жоқ талапкерлер ретінде бағаланып келеді. Жоғары оқу орындарының жанындағы қабылдау комиссиялары мектеп бітірген талапкерлерді музыкалық білімі жоқ деп санайды.

Жалпы білім беретін мектеп оқушылары алты жыл бойы «Музыка» пәнін оқиды. Осы мерзімде олар қандай танымдық материалдарды игеріп шығуы тиіс? Жоғары оқу орындары

бұл пәннің көлемінде ешқандай талап қоймайды. Мәселе оқытудың әдістері мен жолдары туралы емес, пәнді оқығанда игеруге тиіс танымдық материалда. Салыстырмалы негізде айтар болсақ, мектептегі «Биология», «География» пәндері шамамен осындай мерзім оқытылады. Бірақ ол пәндердің мазмұнына байланысты сұрақтар талапкерлердің жоғары оқу орындарына түсу кезіндегі тест сұрақтарына енгізіледі. Ал музыкалық білім тұсында мұндай талап неге жоқ? Сонда алты жыл бойы «Музыка» пәні не үшін оқытылған? Оның мектеп бағдарламасы көлеміндегі танымдық материалдары жоғары оқу орындарының музыкалық білім мамандығына түсетін талапкерлерге неге қолданылмайды?

Пән – білімнің жеке бір саласына тән танымдық материалдарды қамтып, олардың практикалық қолданысын қамтуға тиіс. Әр пәннің оқушы үйренуге тиіс теориялық әрі практикалық материалының болуы шарт. Сол негізде олар музыкалық білім материалдарын игеріп, өздерінің эстетикалық талғамы мен ой-өрісін жетілдіріп отырады. Осы белгілері жоқ болса, оны пәнге жатқызуға болмайды. Өкінішке орай бүгінгі оқулықтардан мұндай жүйені табу қиын. Егер алты жыл бойы мектептегі музыка пәнін оқыған оқушылар ешнәрсені игермейтін болса, «Музыка» оқулықтарының қажеті не? Оның арғы жағында көлеңке пәннің өзіне де түседі.

Мектептегі музыка сабағында оқушылар ән салып, күй тыңдайды. Бірақ музыка сабағының мазмұны ән салумен ғана шектелмеуге тиіс. Кез келген пәннің оқушылар игеруге тиіс танымдық материалы болуы шарт. Игерілуге тиіс танымдық-теориялық материалы жоқ пән – пән емес. Әдіскер мамандар пәнге талапты осылай қояды.

Біз қарастырғалы отырған 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығы «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан. Оқулық кейінгі жүйе бойынша жазылып, «Жанды табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Уақыт», «Сәулет өнері», «Өнер», «Атақты тұлғалар», «Су – тіршілік көзі», «Демалыс мәдениеті» және «Мерекелер» атты сегіз тараудан тұрады. Бұл тараулардың әрқайсысы 4–5 сабақтан құралып, жалпы көлемі 34 сабақты құрайды. Әр тарау соңында оқушылардың үйренгенін пысықтайтын «Білімді тексер» деген сұрақтар мен тапсырмалар бар.

Бұл барлық оқулықтарға тән жүйе. Оларда табиғат, өнер, туған жер сынды әр түрлі танымдық тақырыптар қамтылған. Сол тақырыптарға байланысты музыкалық шығармалар оқулыққа қосылған. Арасында музыкалық-теориялық мәліметтерді де беріп отырған.

Бірінші тараудың алғашқы сабағы «Табиғат және музыка» деп аталады. Авторлар бұл сабақта оқушыларға арнап жеті тапсырма дайындаған.

1. «Тыңдау және талдау» деп аталады. Мұнда табиғат пен оны қоршаған ортаның бейнесі, қоршаған ортадағы дыбыстар туралы қысқаша мәліметтер берілген. Кітаптың «тыңдау» деген тұсында ештеңе берілмей, оның есесіне шартты белгісінде «оқу» деген кітаптың суреті берілген. Тапсырманың атауы тыңдау және талдау болса да, оқулықта өзге материалдар қамтылған.

2. «Зерттеу және талдау» деген тарауда «табиғат әуені» деген ойын берілген. Оқулық авторлары табиғатты «жанды» және «жансыз» деп бөліп, оларды кілт сөздер арқылы көрсеткен. Одан әрі оқушылар сөзжұмбақты шешуі тиіс. Әрине, сөзжұмбақтың оқушылардың логикалық ойлау жүйесін дамытуға тигізетін ықпалы жоқ емес. Бірақ оның музыкалық білімге төтелей қатысы шамалы. Сонда оқушылар нені зерттеп, нені талдамақ? Бұл жағы бұлдыр.

3. «Зерттеу және ақпарат іздеу» деген тарауда тағы да ойын берілген. Оның атауы «Табиғат пен музыка» деп аталған. Оның шарты бойынша сынып оқушылары «жанды табиғат өкілдері», «жансыз табиғат өкілдері» және «музыканттар» болып үш топқа бөлініп, берілген сұрақтарға жауап іздейді, түрлі мысалдар келтіреді. Одан кейін суреттерге қарап табиғат құбылыстары мен музыкалық аспаптардың байланысын ажыратады. Ойынның

жалпы мақсаты – табиғат пен музыканың бір-бірімен байланысын түсіндіру. Сонда тақырыптағы зерттеу элементі қайда?

4. «Тыңдау және талдау» деген тарауда «Тұран» фольклорлық ансамблінің орындауында үзінді тыңдауға берілген. Одан соң оқушылар сұрақтарға жауап береді. Мысалы, оқушыға «шығарма орындалғанда көз алдына нені елестеттің?» деген сауал қойылады. Бастауыш сынып оқушыларына бұл сұрақтың ауыр тиері анық. Ал ансамбль құрамындағы аспаптармен жеке танысып, көзбен көріп, құлағымен естімей тұрып олар туралы ой сабақтау тіпті қиын. Сонда бұл тақырып аясында оқушылар нені талдамақ? Мұндай абстракциялық сұрақтар оқушыларға музыкалық білім бере ала ма?

Одан әрі оқушыларға «естіген аспаптарды суреттерден тауып ал» - деген сұрақ қойылған. Авторлардың ойын арқылы оқыту тәсілін қолданғаны көрініп тұр. Бірақ бұрын көрмеген аспаптарын оқушылар есіту арқылы ажырата алады ма? Мәселе осында.

Оқулық мазмұнынан кейбір ескірген мәліметтерді де кездестіруге болады. Мысалы, «Қорқыт алғаш қобыз аспабын жасады» деген үстірт ұғымды аксиома ретінде беріп [12], жас жеткіншектердің санасына теріс ақпарат енгізген. Музыкалық органологияға байланысты соңғы зерттеулер мен ізденістердің нәтижелері көрініс таппаған [13]. Тапсырмадан кейін музыкалық терминдерге анықтама берілген. «Регистр» мен «тембр» сөздеріне түсінік беріп, оларды жасыл түспен даралап қойған. Музыкалық сөздік материалдары үшінші сынып үшін өте ауыр. Авторлар музыкалық-теориялық білімді сөздіктер арқылы беруді көздеген. Бұл қаншалықты дұрыс? Әрбір терминнің мән-мағынасын жете түсінбей жатып, оларды механикалық жолмен жаттап алған білім бола ма?

Оқулықтағы «Әнді үйрену» шартты белгісі тұсында микрофон бейнеленген. А. Асылбектің сөзіне жазылған Ә. Бүшікованың әні – «Кемпірқосақ». Сабақтың тақырыбына сай табиғат құбылысы туралы балалар әні:

Жаңбыр жауып, басылды,
Күннің көзі ашылды.
Өзен, көлдің үстіне
Кемпірқосақ асылды, - деп басталады.

Оқулықта берілген алтыншы тапсырма – *суырыпсалма*. Мағынасы біздерге түсінікті болғанымен, бір ғана «суырыпсалма» деген сөз тақырыптың мазмұнын ашып тұрған жоқ. Бұл тапсырмада топтық жұмыс ретінде «Көңілді кемпірқосақ» ойыны берілген. Ойынның шарты бойынша оқушылар кітапта берілген 1-шумақ тақпаққа *до, ми, соль* ноталарын пайдаланып, қарапайым бір жол әуен құрастыруы керек, әрі мазмұнына қарай көркемдеуіш құралдарды (екпін, ырғақ, дыбыс биіктігі, форте, пиано сияқты динамикалық белгілерді) пайдалануы тиіс. Содан соң оны орындап, шулы аспаптармен сүйемелдеуі қажет.

Бұл тапсырма да оқушылардың жас ерекшеліктерінен асып жатқандай көрінді. Біріншіден, «ән құрастыру» мен «суырыпсалма» ұғымдары бір емес. Біріншісі – әуен шығару, екіншісі – импровизация, яғни бір әуенге жасалатын көркем өңдеу. Мұның ізі тапсырмадан байқалмайды. Екіншіден, 3-сынып оқушылары мұндай шығармашылық жұмыспен шұғылдануға қабілетті ме? Ол жағына эксперимент жасалмаған. Берілген тапсырма да анық емес. Оқушылардың дыбыс биіктігі, ырғақ, екпін деген тақырыптарды игермей тұрып берілген тапсырмаларды орындауы мүмкін бе?

Оқулықта жетінші тапсырма ретінде *бағалау* берілген. Яғни, 6-тапсырмадағы ойын шарты бойынша оқушылардың әнді орындауын бағалау және сабақты қорытындылау. Қазіргі мектептерде музыка пәні бойынша баға қойылмайды. Сондықтан бағалаудан бұрын білім деңгейін, танымдық-теориялық және практикалық білім дәрежесін анықтаған мақсатқа жақын болмақ.

Міне, 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығында қамтылған танымдық материалдардың дені осындай болып отырады. Авторлар оқушылардың жас ерекшеліктерін

ескеріп, сабақ барысында ойын тәсілдерін қолдануды мақсат еткен. Түрлі кроссвордтардың берілуі соны байқатады. Бірақ музыкалық ойындардың пропорциясы нақты музыкалық білім материалдарынан асып түсіп жатқандай әсер қалдырады. Егер оқушылар жыл бойы үйреген әндері немесе тыңдаған күйлерін талдап, олардың көркемдік болмысын сипаттай алмаса, ән салып, күй тыңдаудың оқушыларға берері не?

Осыған жуық жағдайды 4-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығынан да көреміз. Бұл да баяғы сегіз тақырыптың төңірегіне топтастырылған басылым [14]. 2019 жылы жарық көрсе де, республикамыздағы саяси оқиғалардың күрт өзгеруіне байланысты бірқатар мәліметтері ескіріп кеткен оқулық. Ол «Менің елім» деген айдармен ашылып, Гимнмен басталған. Одан әрі тағы да бірнеше ән-өлеңдер берілген. С. Еркiмбековтің «Дарқан дала» әні тұсында «орындау және талдау» деген тапсырма беріліпті. Алғашқы орындау тапсырмасына қатысты мәліметтер болса да, талдауға байланысты ешнәрсе айтылмаған. Орындау ережесінің талдау бола алмасы белгілі. Оқулықтың осындай тұстары аз емес, көбіне талдау үлгілері берілмеген. Мысалы, музыкадағы «канон» термині тұсында анықтама берілсе де, оның басты белгісі – жанрлық сипаты, қай дәуірге тән екендігі назардан тыс қалған. Әр нәрсені өз кезеңіне қойып бағалаған дұрыс болар еді.

Жаңартылған типтік бағдарлама бойынша жазылған 5-сынып оқулығымен де танысып шықтық [15]. Оның мазмұны өзгерген, тоқсан атаулары да басқаша құрылған:

1. Қазақ халқының музыкалық мұрасы.
2. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері мен заманауи музыкасы.
3. Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі.
4. Музыка тілі – достық тілі.

Оқулықтың мазмұны мен құрылымын құптауға болады. Бас жағында авторлар ұжымы бұрынғы сегіз тармақ жүйеден арылып, ұлттық музыкаға бет бұрыпты. Танымдық маңызы болған соң «Қазақ халық әнінің әуенділігі» деген тақырып бірнеше сабаққа созылған. Тақырып халық әндері туралы болғанымен мұнда халық және авторлық әндер аралас қамтылады. Оны «халық әндері», «авторлық әндер» деп берген дұрыс болар еді. «Дарқан дала» әні 4-сынып оқулығында берілген еді, мұнда тағы да қайталаныпты. Оқушыларға берілген тапсырмалар да бір-біріне ұқсас. Дегенмен бұл оқулықтың ұтымды тұстары да бар.

Соңғы жылдары мектеп оқулығының авторы болуға талаптанып жүргендердің саны артып келеді. Кейде авторлар ұжымына техникалық міндет, яғни компьютермен нота теру жұмысын атқарған мамандар да еніп жатады. Ғылымда зерттеліп, шешімін таппаған, болжам түрінде айтылып жүрген деректер енгізіліп, танымдық деңгейдегі шатасулар да көрініс береді. Оқулықтарда қамтылған бірқатар әндердің көркемдік деңгейі төмен. Мұның өзі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын төмендетуге ықпал етері анық.

Алғашқы кездегі 5–6-сыныптарға арналған оқулықтарға бір топ домбырашылар автор болғаны бар. Олар домбыра аспабын жақсы меңгерсе де, музыканы оқыту әдістемесін, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін, қабылдау мүмкіндіктерін жете игермеген мамандар. Сол себепті бұл оқулықтар Батыс және қазақ композиторлардың өмірбаянымен, шығармаларымен танысу курсына ұқсап кеткен. Жалпы жоғарыда аталған 1–6-сыныптарға арналған оқулықтардың қай-қайсысында да оқушыларға қандай мазмұндағы және көлемдегі музыкалық білім берілу керек деген мәселелерге анықтық енгізілген емес. Әдіскерлер оқушыларға теориялық материалды игерудің қиын екендігін айтып, музыка сабағының мазмұнын ән салып, күй тыңдаумен шектеп жатқанда, 5–6-сыныптарға арналған оқулықтар ешбір ғылыми-әдістемелік жүйесіз құрастырыла салды. Бастауыш сынып оқулықтарында ұлттық музыка үлгілері көбірек қамтылған соң, олар шетел музыка үлгілерін тыңдауға ерекше мән берді.

Аталған оқулықтарға тән ортақ кемшіліктердің бірі – үйренген немесе тыңдаған музыкалық шығармаларға жасалған талдаудың болмауы. Мысалы, қазақтың мыңға жуық күй

мұрасы болса, соларды әдістемелік тұрғыдан іріктеп, қай шығарманы қандай сыныптарда тыңдатуға болады? Олардың көркемдік болмысы мен құдіреті неде? – деген мәселелерге дүре тиген емес. Мұндай әдістемелік мәселелерді қамтымайтын оқулықтар оқушыларға қандай білім бермек? Ән салу мен күй тыңдау музыкалық білімнің өзі емес, жеке бөлшектері ғана. Сонда музыка пәнінің мазмұнын құрап тұрған танымдық материалы қайда?

Мысалы, орта мектептегі әр сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулықтарында Абайдың өлеңдері оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай беріледі. Әдіскерлер ақынның шығармаларын оқушылардың қабылдау мүмкіндіктеріне байланысты түрлі сыныптарға жіктеп тастаған. Ал музыка сабағында халық композиторлары – Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, т.б. күйлері тұсында мұндай әдістемелік жұмыстардың бірі де атқарылған емес. Осы себепті «Музыка» оқулығын жазған авторлардың міндеті құрастырушылық деңгейден көп аса қоймады.

Осы кемшіліктерді ескере келгенде, Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжановтардың 5-сыныпқа арналған оқулықтарының едәуір жетілдірілгенін көреміз. Мектептегі «Музыка» сабағының мақсаты – ән салу немесе күй тыңдау ғана емес. Ұзақ жылдар бойы әбден қалыптасып қалған осы жүйеге өзгеріс ендіріп, тыңдау, талқылау, талдау деген тармақтар қосыпты. Мұның өзі оқушыларға ой салып, өз бетінше ойланып, толғануына жол ашады.

Айталық, әдебиет сабағында оқушылар тек қана өлең жаттау немесе тыңдаумен айналыспайды ғой. Тереңге бармағанның өзінде сол өлеңнің авторы кім, өлшемі қандай, ассонанс, аллитерация сияқты көркемдік құралдары қайсы? - деген мәселелерге тоқталады. Осы бағыт орта мектептің бұрынғы «Музыка» оқулықтарында көмескі болатын. Бір ғана ән салу, күй тыңдау, кроссворд шешу – білімнің өзі емес, соған апаратын жол, материалды игерудің әдіс-тәсілдері ғана. Жаңа мазмұндағы оқулықтар бұл кемшіліктерді жоятын да болар. Әзірге алты жыл бойы оқыған оқушылардың музыкалық білімнің деңгейі қайсы? – деген мәселе күн тәртібінен түсе қойған жоқ. Осы сауалдың жауабын іздеп бастауыш сынып оқулықтарына да көз жүгіртіп шықтық. Басым көпшілігіндегі жағдай осындай, білімді берудің әдіс-тәсілдері бар да, алатын білімнің мөлшері бұлдыр. Мектепті аяқтаған талапкерлердің жоғары оқу орындарына «музыкалық біліміміз жоқ» деп келетін себебі де осында болуға тиіс. Демек «Музыка» пән ретінде өзінің қажеттілігін әлі де дәлелдей қойған жоқ.

Қорытынды

Көптен көкейде қордаланып жүрген мәселені ортаға салудағы мақсатымыз - мектеп оқулықтарының кемшіліктерін айту ғана емес. Орта мектептерге арналған «Музыка» оқулықтарының мазмұны туралы ғылыми мақалалар жазылып, мерзімді баспасөз беттерінде пікір алмасулар жүргізілмепті. Бұл төңіректегі шешімін таппаған күрделі мәселелер көп болса да, олар күн тәртібіне қойылмапты. Бүгінгі жаңарған Қазақстан жағдайында оған мән бермейтін болсақ, мектептегі музыка пәнінен айрылып қалуымыз да қиын емес.

Мектептегі музыка – жарты ғасырлық тарихы бар пән. Оның қажеттілігі айқын. Бірақ осы пәннің аясында игерілуге тиіс танымдық материалдардың көлемі мен мөлшері анықтауды қажет етеді. Бұрынғы оқулықтарда хореография элементтері де болушы еді. Оқушылардың өте қарапайым болса да би элементтерінен хабары болғаны дұрыс. Себебі болашақ музыка мұғалімінің бір нысаны – балабақша. Ал ондағы ертеңгіліктердің барлығы да бимен тығыз байланысты. Бүгінде би элементтері оқулықтардан түсіп қалған.

Орта мектеп оқушыларын түрлі кроссворд, ойындарды қолдану арқылы музыка пәніне қызықтыруға болар, бірақ оларға берілетін, оқушылар игеруге тиіс танымдық материалдарды да игеріп шығулары шарт. Айталық, әр сыныпта оқушылар қандай музыкалық шығармаларды тыңдап, олар туралы қандай тиянақты мәлімет алуы керек? Бұл әлі күнге шешімін таппаған мәселе. Жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, біздегі оқулық авторлары

мен әдіскерлеріміз халық немесе авторлық әндерді талдап, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сұрыптау бағытындағы әдістемелік жұмыстар атқарған емес. Қай тақырыпты нешінші сыныпта игеру керек? – деген мәселе қозғаусыз жатыр. Себебі оқулықтарға енгізіліп жүрген шығармалар әдістемелік өңдеуден өтпеген. Бір әннің түрлі сыныптарға арналған оқулықтарда жүруі соны байқатады.

Қазақ музыкасының бір саласын күй жанры құрайды. Мектеп оқулықтарында күй тыңдау кезеңі бар. Бірақ біздің әдіскерлеріміз осы кезге дейін күйлердің көркемдік келбетін талдап, оқушыларға тигізер ықпалын анықтаған емес. Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Тәттімбет сияқты төкпе және шертпе күй өкілдерінің шығармалары әдістемелік тұрғыдан талданып, қай шығарма қандай сынып оқушыларының танымына сай келеді деген мәселе де қозғалған емес. Тыңдалатын күйлер күрделігіне байланысты жеке-жеке сыныптарға жіктеліп, оқушыларға неге ұсынылмайды? Біздің көріп жүргеніміз мүлде басқа жағдай. Әр сыныпқа арналған оқулық авторлары қолдарына түскен ән немесе күйлерді енгізе береді.

Міне, республикамыздағы жалпы білім беретін мектептерде алты жыл бойы оқытылатын «Музыка» пәнінің бүгінгі жағдайы осындай. Оқушылар оқулықта қамтылған тақырыптар мен терминдерді де өз дәрежесінде игере алмай келеді. Пәннің өзегін ән салу мен күй тыңдау құрағандықтан, оқушылар тиянақты музыкалық білім ала алмайды. Бұл аз десек, мектеп оқулықтары оқушылардың музыкалық сауатын ашуды басты мақсат санамайды. Соның салдарынан жоғары оқу орындарының музыкалық білім мамандығын таңдаған талапкерлер өздерін «музыкалық дайындығы жоқ» талапкерлер санатына қосып, мамандық бойынша мектеп бағдарламасы көлемінде емтихан тапсырмайды. Сонда мектептегі 1–6-сыныптарда оқытылатын «Музыка» пәні бойынша оқушылардың алатын білімі мен білігі қайсы?

Осы мәселеге ой бөлетін кез келді. Жаңарған Қазақстан жағдайында оны түзетудің мүмкіндіктері мен жолдары жоқ емес. Соның ең төте жолы оқулық жазу ісіне кәсіби музыка мамандарын тартып, жаңа типтегі оқулықтарды жарыққа шығару.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байділдаев Ө. Музыка сабағы. 5-класс. – Алматы: Рауан, 1997. – 158 б.; Музыка. 7-класс. – Алматы: Өнер, 1987. – 144 б.
2. Физатов Б. Музыка. 2-класс. – Алматы: Өнер, 1984. – 88 б.
3. Момынов П. Ән-музыка оқулығы. 3-класс. – Алматы: Мектеп, 1967. – 194 б.
4. Құлманова Ш., Оразалиева М. Музыка. 1-сынып. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2002; 2-сынып. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2002; 3-сынып. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2002; 4-сынып. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2002.
5. Құлманова Ш., Оразалиева М., Сүлейменова Б. Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2004; Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Оразалиева М. Музыка. 4 класс. – Алматы: Атамұра, 1994. – 146 б.
6. Жайымов А., Ысқақов Б., Еңсепов Ж., Сәрсембинов Ж. Музыка. 5-сынып. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2005. – 114 б.; Музыка. 6-сынып. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2005. – 114 б.
7. Балтабаев М. «Елім-ай» бағдарламасы. – Алматы: Мектеп, 1993. – 36 б.
8. Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. Музыка. 1-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 88 б.; Музыка. 5-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 94 б.; Музыка. 6-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2006. – 96 б.
9. Кайдарова А., Есбатырова И., Даниярова А., Оспанова А. Музыка. Учебник для 1 класса общеобразовательной школы. – Астана: НИШ, 2021. – 128 с.
10. Оспанова А., Кайдарова А., Ажгереева К., Дрозд Н. Музыка. Учебник для 2-класса общеобразовательной школы. – Астана: НИШ, 2022. – 128 с.
11. Құлманова Ш., Оразалиева М., Сүлейменова Б. Музыка. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 128 б.

12. Kongyratbay T.A. et al. Study of the Heritage of Korkyt in the Turkic World // Asian Social Science. – 2015. – Т. 11. – №21. – P. 55–61.
13. Қоңыратбай Т. Қазақ халқының музыкалық аспаптарын зерттеудің өзекті мәселелері // Turkologia. – 2022. – №2. – Б. 121–140.
14. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 160 б.
15. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 112 б.

REFERENCES

1. Baidildaev O. Muzyka sabagy. 5-klass [Music lesson. 5th grade]. – Almaty: Rauan, 1997. – 158 b.; Muzyka. 7-klass. – Almaty: Oner, 1987. – 144 b. [in Kazakh]
2. Gizatov B. Muzyka. 2-klass [Music. 2nd grade]. – Almaty: Oner, 1984. – 88 b. [in Kazakh]
3. Momynov P. An-muzyka oqulygy. 3-klass [A textbook of song and music. 3rd grade]. – Almaty, 1967. – 194 b. [in Kazakh]
4. Kulmanova Sh., Orazalieva M. Muzyka. 1-synyp [Music. 1st grade]. 2-bas. – Almaty: Atamura, 2002; 2-synyp [2nd grade]. 2-bas. – Almaty: Atamura, 2002; 3-synyp [3rd grade]. 2-bas. – Almaty: Atamura, 2002; 4-synyp [4th grade]. 2-bas. – Almaty: Atamura, 2002. [in Kazakh]
5. Kulmanova Sh., Orazalieva M., Suleimenova B. Muzyka. Jalpy bilim беретin mekteptin 4-synyp oqulygy [Music. Textbook for the 4th grade of a comprehensive school]. – Almaty: Atamura, 2004; Kylmanova Sh., Suleimenova B., Orazalieva M. Muzyka. 4-klass [Music. 4th grade]. – Almaty: Atamura, 1994. – 146 b. [in Kazakh]
6. Jaiymov A., Ysqaqov B., Ensepov J., Sarsembinov J. Muzyka. 5-synyp [Music. 5th grade]. 2-bas. – Almaty: Atamura, 2005. – 114 b.; Muzyka. 6-synyp [Music. 6th grade]. 2-bas. – Almaty: Atamura, 2005. – 114 b. [in Kazakh]
7. Baltabaev M. «Elim-ai» bagdarlamasy [The program “Elim-ai”]. – Almaty: Mektep, 1993. – 36 b. [in Kazakh]
8. Raiymbergenov A., Raiymbergenova S., Baibosynova U. Muzyka. 1-synypqa arналган oqulyq [Music. Textbook for Grade 1]. – Almaty: Atamura, 2005. – 88 b.; Muzyka. 5-synypqa arналган oqulyq [Music. Textbook for Grade 5]. – Almaty: Atamura, 2005. – 94 b.; Muzyka. 6-synypqa arналган oqulyq [Music. Textbook for Grade 6]. – Almaty: Atamura, 2006. – 96 b. [in Kazakh]
9. Kaidarova A., Esbatyrova I., Daniarova A., Ospanova A. Muzyka. Uchebnik dlia 1-klassa obsheobrazovatelnoi shkoly [Music. Textbook for the 1st grade of a comprehensive school]. – Astana: NISh, 2021. – 128 s. [in Russian]
10. Ospanova A., Kaidarova A., Ajgereeva K., Drozd N. Muzyka. Uchebnik dlia 2-klassa obsheobrazovatelnoi shkoly [Music. Textbook for the 2nd grade of a comprehensive school]. – Astana: NISh, 2022. – 128 s. [in Russian]
11. Kulmanova Sh., Orazalieva M., Suleimenova B. Muzyka. Jalpy bilim беретin mekteptin 3-synyp oqulygy [Music. Textbook of the 3rd grade of a comprehensive school]. – Almaty: Atamura, 2003. – 128 b. [in Kazakh]
12. Kongyratbay T.A. et al. Study of the Heritage of Korkyt in the Turkic World // Asian Social Science. – 2015. – Т. 11. – №21. – P. 55–61.
13. Konyratbai T. Qazaq halqynyn muzykalyq aspaptaryn zertteudin ozekti maseleleri [Actual problems of studying musical instruments of the Kazakh people] // Turkologia. – 2022. – №2. – Б. 121–140. [in Kazakh]
14. Kulmanova Sh., Suleimenova B., Tokjanov T. Muzyka. Jalpy bilim беретin mekteptin 4-synybyna arналган oqulyq [Music. Textbook of the 4th grade of a comprehensive school]. – Almaty: Atamura, 2019. – 160 b. [in Kazakh]
15. Kulmanova Sh., Suleimenova B., Tokzhanov T. Muzyka. Jalpy bilim беретin mekteptin 5-synybyna arналган oqulyq [Music. Textbook of the 5th grade of a comprehensive school]. – Almaty: Atamura, 2017. – 112 b. [in Kazakh]

UDC 37.1174; IRSTI 29.01.45

<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.17>A. CHORUH¹, SH. RAMANKULOV²¹Doctor, Professor

Sakarya University

(Turkey, Sakarya), e-mail: coruh@sakarya.edu.tr

²PhD, Assistant Professor

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: sherzod.ramankulov@ayu.edu.kz

**STEM EDUCATION IN PHYSICS: DEVELOPMENT OF A LABORATORY STAND
FOCUSED ON THE IMPLEMENTATION OF MINI-PROJECTS**

Abstract. Currently, new technologies are widely used in the context of the development of the information society, secondary and higher education. The use of digital tools, STEM resources, 3D modeling programs and 3D printing equipment, laboratory stands made with their own hands has been widely used in the educational process. All these conditions are aimed at preparing future specialists to meet the requirements of the XXI century. Physics as a fundamental science is one of the fundamental disciplines in the field of STEM. Therefore, the use of STEM elements in teaching physics has a huge impact on the development of the activities of future specialists in the engineering and technical field. Especially STEM products and laboratory stands, developed by students in conjunction with the teacher's guidance, increase the effectiveness of the educational process. This will make it possible to create creative products and thereby develop the scientific and technical industry of the country. The purpose of this study is to implement physics education in universities on the basis of interdisciplinary connections through mini-projects and the development of educational and research stands and to determine the features of their implementation in the educational process. The research used methods of systematic analysis of articles published in highly rated journals, 3D modeling and printing methods, as well as constructive research methods. In addition, qualitative research methods were used in the pedagogical process. The results of the study showed that the development of laboratory stands for the implementation of mini-projects, thereby developing the creativity of students, is of great importance. It became known that students are actively involved in engineering, are interested in this area and increase their knowledge level when performing mini-projects. The results of the study will allow new areas of research to appear in the future, improve the methodology of teaching physics at universities, combine knowledge with science and industry.

Keywords: STEM education, teaching physics, student, mini-project, laboratory stand, creativity.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Choruh A., Ramankulov Sh. Stem Education in Physics: Development of a Laboratory Stand Focused on the Implementation of Mini-Projects // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 198–208. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.17>

***Cite us correctly:**

Choruh A., Ramankulov Sh. Stem Education in Physics: Development of a Laboratory Stand Focused on the Implementation of Mini-Projects // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – Б. 198–208. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.17>

А. Чорух¹, Ш. Раманкулов²¹доктор, профессор

Сакарья университеті

(Түркия, Сакарья қ.), e-mail: coruh@sakarya.edu.tr

²PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
қауымдастырылған профессоры м.а.

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: sherzod.ramankulov@ayu.edu.kz

Физикадан STEM білім беру:**мини жобаларды іске асыруға бағдарланған зертханалық стендін әзірлеу**

Аңдатпа. Қазіргі таңда ақпараттық қоғамды, орта және жоғары білім беруді дамыту контексіне сәйкес жаңа технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Білім беру үдерісіндегі цифрлық құралдардың, STEM білімге негізделген ресурстардың, 3D модельдеу бағдарламалары мен 3D басып шығару жабдықтарының, қолдан әзірленген зертханалық стендтердің қолданылуы кең өріс алды. Бұл жағдайлардың барлығы болашақ мамандардың ХХІ ғасырдағы талаптарды орындай алуына даярлауға бағытталған. Физика іргелі ғылым ретінде STEM саласының негізін құраушы пәндердің бірі болып табылады. Сондықтан да физиканы оқытуда STEM элементтерін қолдану болашақ мамандардың инженерлік-техникалық саладағы іс-әрекеттерін дамытуға зор ықпал жасайды. Әсіресе, білім алушылардың оқытушы басшылығымен бірге жасаған STEM өнімдері, зертханалық стендтері білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, креативті өнімдерді жасауға және сол арқылы еліміздің ғылыми-техникалық саласын дамытуға жол ашады. Бұл зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындарында физиканы пәнаралық байланыс негізінде оқытуды мини жобалар арқылы іске асыру және оқу-зерттеу стендтерін әзірлеп, оларды оқу үдерісіне ендірудің ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Зерттеу барысында жоғары рейтингті журналдарда жарияланған мақалаларға систематикалық талдау әдістері, 3D модельдеу және басып шығару әдісі, зерттеудегі конструктивтік әдісі қолданылды. Сонымен қатар, педагогикалық үдерістегі зерттеудің сапалық әдістері пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мини жобаларды орындауға, сол арқылы білім алушылардың креативтілігін дамытуға зертханалық стендтерді әзірлеудің маңызы зор екендігі байқалды. Білім алушылар инженерлік іс-әрекетке белсенді қатысатындығы, олардың бұл салаға қызығатындығы және мини жобаларды орындауда білім деңгейлерінің артатындығы белгілі болды. Зерттеу нәтижелері болашақта жаңа зерттеу салаларының пайда болуына, жоғары оқу орындарында физиканы оқытудың әдістемесін жетілдіруге, білімді ғылыммен және өнеркәсіппен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: STEM білім, физиканы оқыту, білім алушы, мини-жоба, зертханалық стенд, креативтілік.

А. Чорух¹, Ш. Раманкулов²¹доктор, профессор

Университет Сакарья

(Турция, г. Сакарья), e-mail: coruh@sakarya.edu.tr

²PhD, и.о. ассоциированного профессора

Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави

(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: sherzod.ramankulov@ayu.edu.kz

**STEM образование по физике: разработка лабораторного стенда,
ориентированного на реализацию мини-проектов**

Аннотация. В настоящее время в соответствии с контекстом развития информационного общества, среднего и высшего образования широко применяются новые технологии. Широкое распространение получило использование в образовательном процессе цифровых инструментов, STEM-ресурсов, программ 3D-моделирования и оборудования для 3D-печати, лабораторных стендов, изготовленных своими руками. Все эти условия направлены на подготовку будущих специалистов к выполнению требований XXI века. Физика как фундаментальная наука является одной из основополагающих дисциплин в области STEM. Поэтому применение элементов STEM в обучении физике оказывает огромное влияние на развитие деятельности будущих специалистов в инженерно-технической сфере. Особенно STEM-продукты, лабораторные стенды, разработанные обучающимися совместно с руководством преподавателя, повышают эффективность образовательного процесса. Это позволит создавать креативные продукты и тем самым развивать научно-техническую отрасль страны. Целью данного исследования является реализация обучения физике в вузах на основе межпредметных связей через мини-проекты и разработка учебно-исследовательских стендов и определение особенностей их внедрения в учебный процесс. В ходе исследования использовались методы систематического анализа статей, опубликованных в высокорейтинговых журналах, методы 3D-моделирования и печати, а также конструктивные методы исследования. Кроме того, использованы качественные методы исследования в педагогическом процессе. Результаты исследования показали, что разработка лабораторных стендов имеет большое значение для выполнения мини-проектов, развивающих креативность обучающихся. Стало известно, что обучающиеся активно участвуют в инженерной деятельности, интересуются этой областью и повышают уровень знаний при выполнении мини-проектов. Результаты исследования позволят в будущем появиться новым областям исследований, усовершенствовать методику преподавания физики в вузах, совместить знания с наукой и промышленностью.

Ключевые слова: STEM образование, преподавание физики, обучающийся, мини-проект, лабораторный стенд, креативность.

Introduction

In modern education, it is important to take into account the requirements of employers. Therefore, in the process of higher and secondary education, both in developed countries and outside the city, attention is paid to the creative, productive activities of students. The competency approach to higher education programs aims to prepare students for public and government needs. Especially in recent years, research on Advanced Technologies has increased to improve education in engineering and technical fields. Obviously, the development of Science and technology contributes to the development of the country's economy. Physics as a discipline makes a great contribution to this area [1].

As evidenced by the increased attention of the state order to the technical industries in the country, the number of annual grants. And this is the lack of grants, the lack of interest of school graduates in this area, and the low quality of Education cause concern for the future. The integration of STEM education plays an important role in eliminating such shortcomings.

The results of students' training in the framework of physical disciplines are reflected in the assimilation of specific elements of their socio-economic experience. The results of training are a mirror of applied orientation in physics both within the framework of education and in real life situations. The results of modern education are measured by the development of students' scientific worldview in the field of physics. The implementation of this need poses a great task for methodologists and teachers in physics. Therefore, higher education institutions, as research

organizations, need to use methods and technologies that allow solving urgent problems of modern education and develop them further [2].

Білім алышылардың бастапқы ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу жағдайын анықтау үшін эксперименттік және бақылау топтарында сауалнама жүргізілді.

Эксперимент жүргізу әдісін қолдану арқылы эксперименттік топтың білім алушыларына екі апталық теориялық курс жүргізілді және практикалық тапсырмалар берілді.

Аналитикалық әдісті қолдану арқылы эксперименттің бастапқы нәтижелеріне талдау жүргізілді: зерттеу барысында жиналған деректер өңделіп және талдау үшін статистикалық әдістер қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру теориялық негіздерді игеруден басталады, бірақ ол тек дәрістер және оқулықтармен шектелмейді. Білім алушыларға практикалық ғылыми жобаларға қатысуға, жергілікті жерлерде бақылаулар жүргізуге, орман кешенінің нақты мәселелерін зерттеуге мүмкіндік жасалуы қажет.

Құзырет және құзыреттілік ұғымдарының мағынасы мен мазмұнын анықтауға тоқталайық. Құзырет «адам талап етілетін нәрсені білуі және істей алуы керек құқықтар мен өкілеттіктер шеңбері» [1]. Яғни, субъектінің мақсат қою және оған жету үшін ішкі, сыртқы ресурстарды оңтайлы ұйымдастыруға дайындығы. Г.К. Селевконың пікірінше ішкі ресурстар дегеніміз – білім, икем, дағды, пәннен тыс дағдылар [2].

И.А. Зимняяның зерттеулерінде «құзырет» ұғымы «білімге негізделген, адамның интеллектуалды және жеке тұлғаға негізделген әлеуметтік – кәсіби өмірі» деп түсіндіріледі, ал «құзыреттілік әрқашан құзыреттің өзекті көрінісі болып табылады», яғни құзыреттер «кейбір ішкі, әлеуетті, жасырылған психологиялық жаңа пайда болған түрлер: білім, идеялар, іс-қимыл бағдарламалары (алгоритмдер), құндылықтар мен қатынастар жүйелері, содан кейін адамның құзыреттілігінде анықталады» [3].

Қазақстанда білім алушыларды ғылымға баулу, зерттеу арқылы оқыту тұжырымдамасы айтарлықтай жаңа емес. Бірқатар ЖОО-лар бірнеше жылдан бері «зерттеу арқылы оқыту» қағидатына негізделіп келеді және көптеген өңірлік ЖОО-лар оқытуда зерттеу әдістері мен технологияларын қолдану арқылы зерттеудің ғылыми әдістеріне сүйене отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларының мазмұнын құруда.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін құру алдында отандық ғалымдардың жұмыстарына талдау жасалынды. Солардың ішінде: А.П. Бакированың зерттеулерінде мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттесудің дамыған алгоритмі ұсынылған, жоғары мектеп жасындағы оқушыларды қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындаудың өзіндік көзқарасы көрсетілген. Мұғалім мен оқушының қалалық, облыстық және халықаралық ғылыми жобалық және зерттеу жұмыстарының конкурстарындағы оқушылардың нақты жетістіктері түріндегі бірлескен жұмысының нәтижесі келтірілген [4].

Білім алушылардың аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмыс шеңберінде жеке зерттеу жобаларын орындауы, олардың логикалық ойлауын дамытатын зерттеу

тапсырмаларын орындауға тарту, жүргізілетін іс-әрекеттерді талдау, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы жолдарын таңдау арқылы оқу бағдарламаларына зерттеу компонентін қамтитын research-based learning моделін енгізген ҚарМУ тәжірибесі қызықты. Сол модель UIB-де сәтті жүзеге асырылады (СҒЗЖ ROS арқылы).

ҚР ҒЖБМ бұйрығында ғылыми–бағдарланған оқыту технологиясы негізінде білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған Research Oriented Study (ROS) термині қабылданды. ROS мақсаты пәндер шеңберінде зерттеу тапсырмаларын (жобаларын) жүйелі жеке немесе топтық орындау негізінде білім алушылардың зерттеу құзыреттері мен дағдыларын қалыптастыру; ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға ынталандыру және білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Құзырет тек басқарушылық білім, біліктер мен дағдыларды ғана қарастырмауы керек. Білім алушының тиімділігін айқындайтын түйінді құзыреттер кәсіптік емес, жеке басының сипаттамалары, оның ішінде уәждемесіне, нанымына және дүниетанымына байланысты болуы мүмкін. Құзыреттер әмбебап болуы мүмкін, өйткені олар белгілі бір мамандыққа байланысты емес, бірақ жалпы адамзаттық өмірдің көптеген контекстерінде қолданылады.

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігі – бұл тұлғаның зерттеу қызметі барысында және оқу-танымдық, пәндік және кәсіби міндеттерді шешу процесінде қолда бар білімін, іскерлігін және тәжірибесін нәтижелі қолдану қабілеті мен дайындығы [5].

Болашақ маман тұлғасының шығармашылық әлеуетін қалыптастыру білім берудегі ең маңызды мақсаттардың өзгеруі кезінде мүмкін, ол деген – дайын білімді әр білім алушының жеке ерекшеліктері мен зияткерлік мүмкіндіктерін ескере отырып, тәуелсіз танымдық іс-әрекетке игеру [6].

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін белгілі бір пәндер бойынша зерттеу жұмыстарын енгізу үшін арнайы жағдайлар жасау қажет. ЖОО-ның зерттеу кеңістігіне біз білім беру процесіне қатысушыларды, білім алушылардың зерттеушілік іскерлігін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын, зерттеу жұмысын бағдарламалық-әдістемелік және технологиялық қамтамасыз етуді, білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға психологиялық-акмеологиялық қолдауды қосамыз.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің тұжырымдамасы педагогикада іргелі болып табылады және тұтастай алғанда білім беру процесін ұйымдастырудың нысаны ретінде түсіндіріледі, атап айтқанда интегративті құбылыс болып табылады, өйткені ол ғылыми зерттеудің логикасы мен зерттелетін мәселеге жеке көзқараспен байланысты өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне ие [7].

Зерттеу жұмысы білім алушыларды зияткерлік белсенділікке ынталандырады, шығармашылықтың қалыптасуына ықпал етеді, ол жаңа проблемаларды қою жағдайында түпнұсқа идеяларды қалыптастыру қабілетінен ғана емес, сонымен қатар олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды біліп, стереотиптік ойлау тәсілдерінен бас тартудан тұрады [8].

Орман шаруашылығының маманы өзінің кәсіби қызметінде сапалы, экономикалық тиімді және үнемді болатын отырғызу материалын қысқа мерзімде өсіре алатындай мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін таба алуы керек.

Орман шаруашылығын оқыту бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін қалыптастыру үшін біз ағаш өсімдіктерінің тұқымдарының өнуін анықтауды таңдадық. Бұл тәсіл көрнекі және үлгілі болып табылады. Ол өз кезегінде зерттелетін материалдың тез дамуына ықпал етеді. Білім алушылардың зерттеу қызметіне деген қызығушылығы артады, олар бұл мәселені шешуге бейтарап шешімдер ұсына алады. Бұл зерттеу жұмысы білім алушылардың зияткерлік белсенділігін арттырады, ол өз кезегінде ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі еңбек нарығында тез түсінетін, кең және терең ойлайтын, белсенді және өз мақсаттары үшін қажетті ғылыми ақпаратты таба алатын немесе оны жетілдіре алатын мамандар әрдайым сұранысқа ие. Болашақ маман қажетті ақпаратты тез табуы керек. Ол үшін ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білу және оны оңтайландыру және өңдеу дағдылары болуы керек.

Заманауи тілмен айтқанда университет аяқтап, жұмысқа орналасқан жас маманның бойында Soft skills дағдылардың болуы қажет. Soft skills (ағылшыннан аударғанда – икемді дағдылар) – бұл өмірлік мәселелерді шешуге және басқа адамдармен жұмыс істеуге көмектесетін кәсіби құзыреттіліктер.

Қандай мамандықты бітіргеніне қарамастан, маманға кем дегенде бірнеше Soft skills қажет болады. Сондықтан жұмыс берушілер әсіресе Soft skills дамыған түлектерді бағалайды.

Мұндай құзыреттіліктердің тізімдері соңғы жылдары көптеген зерттеулермен ұсынылды (Ананьева Т. [9], Шипилов В. [10], Ивонина А.И., Чуланова О.Л., Давлетшина Ю.М. [11]) және жаңа контексте жұмыс істеу үшін қажетті дағдылардың ұқсас тізімін қамтиды. Университет түлегінің soft skills мыналарды жатқызуға болады:

1. Қарым-қатынас дағдылары;
2. Шығармашылық дағдылары;
3. Аналитикалық ойлау дағдылары;
4. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары;
5. Икемділік дағдылары;
6. Шешім қабылдау дағдылары;
7. Өзін-өзі бақылау дағдылары;
8. Жоспарлау дағдылары;
9. Бейімделу дағдылары;
10. Ғылыми-зерттеу дағдылары;
11. Тұлғааралық дағдылары;
12. Топтық жұмыс дағдысы;
13. Ақпараттық ортада жұмыс істеу дағдылары.

Соның ішінде зерттеу дағдылары зерттеу қызметін құрайтын және жаңа білімге әкелетін зияткерлік және эмпирикалық әрекеттерді жүзеге асыру жөніндегі операцияларды синтездеуді қамтиды.

Біздің міндетіміз – білім алушыларда ғылыми-зерттеу құзыретін қалыптастыру. Өз кезегінде ғылыми-зерттеу құзыреті белсенді ғылыми-зерттеу жұмысы барысында қалыптасады.

Оқытушы мұны іс жүзінде қалай жүзеге асыруға болатындығын көрсетеді, білім алушылар өз кезегінде зерттеу процесінің мәнін түсінуі керек. Сонымен қатар, негізгі міндет – білім алушылар оқытушының барлық әрекеттерін қайталап, оларды жатқа білуі керек емес, процестің өзін түсініп, осы схема бойынша жаңа және шығармашылық нәрсе ойлап табу керек. Білім алушылар өз ойын білдіре білуі және кез-келген қалыптасқан жағдайдан шығу жолын таба білуі тиіс.

И.А. Зимняяның пікірі бойынша «зерттеу іскерліктері – бұл зерттеу қызметінің нәтижесі және өлшемі, яғни әртүрлі зерттеу міндеттерін шешу процесінде алынған дербес бақылаулар, эксперименттер жүргізу қабілеті» [8, 56-б.].

Зерттеу қызметі ретінде Н.Б. Шумакова келесі дағдыларды дамытуды түсінеді:

- танымдық;
- ақпараттық кеңістікте бағдарлау;
- өз білімін өз бетінше құрастыру;
- әр түрлі салалардағы білімді біріктіру;

– сын тұрғысынан ойлау [12, 17-б.].

Кез-келген қызмет түрі сияқты, зерттеу қызметінде де келесі міндеттер бар:

– дамыту (ойлау, талдау, салыстыру, қорытынды жасау, жүйелеу, ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану, көпшілік алдында сөйлеу);

– білім беру (жинақталған тәжірибені жандандыру; білімді жүйелеу; бағдарламадан тыс оқытылатын тақырыптар шеңберін кеңейту);

– тәрбие (өз өнімді қызметіне қызығушылықты қалыптастыру) [13].

Айқындаушы кезеңде біз білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыретінің бастапқы деңгейін анықтау бойынша жұмыс жүргіздік. Экспериментке барлығы 29 білім алушы (эксперименттік топ) қатысты, олардың зерттеу құзыретін қалыптастыру нәтижелері бақылау тобының білім алушыларымен (20 адам) салыстырылды.

Зерттеу критерийлері зерттеу қызметінің компоненттеріне негізделген:

Мотивациялық:

– жаңа білімді игеруге және оларды алу тәсілдеріне қызығушылық;

– өз қабілеттерін, белсенді танымдық қызметін жүзеге асыру қажеттілігі;

– құрдастарымен, педагогтармен, ғылыми қызметкерлермен қарым-қатынас жасауға қызығушылық;

– табысқа жетуге деген қызығушылық;

Когнитивтік:

– зерттелетін шындық объектісін білу;

– ғылыми таным, оның функциялары мен зерттеу жүргізу тәсілдерін білу;

– ақпаратты іздеу, өңдеу және практикалық қолданудың ықтимал сенімді тәсілдерін білу;

– зерттеу мәселесін шешудің шығармашылық баламаларын білу;

Процессуалдық:

– ақпаратты өңдеу дағдылары;

– логикалық дағдылар;

– зерттеу мәселесін креативті шеше білу;

– қойылатын талаптарға сәйкес зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу білігі;

Рефлексивті:

– зерттеу қызметінің субъектісі ретінде өзін бағалау;

– зерттеу жұмысының мақсаттары, міндеттері және болжамды нәтижелері туралы хабардар болу;

– оқу зерттеулерін орындау барысында өз қабілеттерін бағалау;

– жүргізілген зерттеу жұмысы үшін жауапкершілікті сезіну [14].

Л.М. Репета зерттеу құзыреттілігін дамытудың жалпы деңгейін бағалау үшін оның дамуының төрт деңгейін анықтады: сыни, базалық, озық, шығармашылық [15].

Сыни деңгей (С) – жаңа ақпаратты одан әрі қызметте қолдану мақсатында қабылдау қабілетінің болмауы; өз бетінше танымға әлсіз психологиялық дайындығы, еліктеу (имитациялық немесе репродуктивтік) типті қызмет байқалады.

Базалық деңгей (Б) – барлық білім алушылар үшін міндетті болып табылады. Базалық деңгейге дейін зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру критерийі ретінде мыналар қабылданды: жаңа ақпаратты қабылдауға дайындық, қолда бар ақпарат нұсқасынан таңдау жасай білу; оқытушы ұсынған қызметтің дайын мақсатын пайдалану; оқытушымен бірлесіп қызметті жоспарлау; оқытушы ұсынған ақпаратты ғана пайдалану; гипотеза ұсына алмау; ұсынылған жоспар, үлгі бойынша зерттеуді орындау; есеп түрінде жұмыс нәтижелерін ұсыну, рефлексияны жүзеге асыра алмау.

Ілгері деңгей (І) – зерттеу құзыреттілігінің қалыптасуы: оқытушының немесе басқа білім алушылардың көмегімен мақсатты тұжырымдай білу, қажетті ақпаратты табу, оны

талдау; басқа білім алушылармен бірлесіп қызметті жоспарлау, оқытушы ұсынған әртүрлі көздерден алынған білімді өз бетінше қолдану; гипотезаны ұсына және негіздей білу, оқытушымен бірлесіп әзірленген жоспарға сәйкес зерттеуді орындау оқытушымен бірлесіп әзірленген компьютерлік презентациямен баяндама түрінде қызмет нәтижелерін ұсыну; оқытушының көмегімен рефлексия жасай білу.

Шығармашылық деңгей (III) – ақпаратты өз бетінше іздеу, оны түсіндіру және жаңа пәндік мазмұнға көшіру; мақсатты тұжырымдау; зерттеу қызметін өз бетінше немесе басқа білім алушылармен жоспарлау; бағдарлама шеңберінен шығатын әртүрлі көздерден алынған білімді қолдану; гипотезаны өз бетінше ұсына білу; экспериментті өз бетінше жоспарлау; жұмыс нәтижелерін баяндама түрінде ұсыну сондай-ақ нәтижелерді бағалау; компьютерлік презентацияны өз бетінше әзірлеу; рефлексияны өз бетінше жүзеге асыру.

Эксперименттік тексеру жүргізу үшін ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің әрбір компонентінің өлшемдерін белгілеу қажет. Э.Ф. Насырова мен В.В. Розлован критерийлерді ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің құрылымдық-мазмұндық компоненттерін сәйкес гностикалық, мотивациялық-мақсатты және белсенді деп анықтаған [16]. Біз өз зерттеуімізде осы критерийлерге сүйендік.

Белгіленген критерийлер мен көрсеткіштерді ескере отырып, білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытудың үш деңгейін бөліп көрсетуге болады: базалық – оқытушы бастамашылық ететін зерттеу қызметінің деңгейі, зерттеу-оқытушының жетекшілігімен зерттеу қызметінің деңгейі, ғылыми-зерттеу – дербес зерттеу қызметінің деңгейі.

Білім алушының ғылыми-зерттеу құзыреттілігін игерудің базалық деңгейі келесі дағдылардың болуымен сипатталады:

- анықтамалық әдебиеттермен жұмыс;
- деректерді талдау;
- зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- өз іс-әрекеттерін бағалау;
- табылған материалдың құрылымын қараңыз;
- материалды жүйелеу;
- салыстыру, салыстыру;
- алынған нәтижені талдау.

Білім алушының ғылыми-зерттеу құзыреттілігін игерудің зерттеу деңгейі келесідей дағдылардың болуымен сипатталады:

- гипотезаны тұжырымдау;
- салыстыру;
- іздеу экспериментін жүргізу;
- әдістерді таңдауды теориялық тұрғыдан негіздеу;
- өз іс-әрекеттерін бағалау;
- кәсіби әдебиеттерді зерттеу;
- мәселені шешу үшін компьютерлік құралдарды қолдану;
- алынған нәтижені таныстыру;
- атқарылған жұмыстарды талдау;
- алынған нәтижелерді түсіндіру.

Білім алушының ғылыми-зерттеу құзыреттілігін игерудің ғылыми-зерттеу деңгейі келесідей дағдылардың болуымен сипатталады:

- мәселені көру және тұжырымдау;
- жағдайды талдау;
- әдістерді таңдауды теориялық тұрғыдан негіздеу;
- мәселені шешу жолдарын табу;

- гипотезаны нақтылау;
- іс-әрекеттің аяқталуын бағалау;
- қолданбалы ғылымда қолданылатын зерттеу әдістерін қолдану;
- алынған нәтижелерге анализ жасау;
- логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және іс-әрекет процесін нақты көрсету;
- қойылған мақсаттарға, міндеттерге және оларды орындау нәтижелеріне сәйкес жалпылама тұжырымдар шығару;
- зерттеу нәтижелерін олардың сенімділігі мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан бағалау;
- алынған нәтижелерді түсіндіру [17, 18].

Эксперименттік жұмыс барысында бөлінген критерийлер мен көрсеткіштер білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін өлшеуге мүмкіндік береді. Гностикалық критерий когнитивті компонентке сәйкес келетін білім алушыларды оқытудың теориялық жағын көрсетеді. Мотивациялық-мақсатты критерий білім алушыларды оқу процесінде оқыту мотивтерін ескереді, бұл мотивациялық компонентке сәйкес келеді. Белсенділік критерийі праксиологиялық компонентке сәйкес келетін білім алушыларды оқытудың практикалық жағын көрсетеді [19, 20].

Әдеби деректерге талдау жасай келе білім алушылардың зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамаларын 1-кестеде көрсеттік.


1-кесте – Білім алушының ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамалары

Деңгей	Критерий	Сипаттамасы
Бастапқы	Гностикалық	Білім алушының теориялық білімі аз және бірлеспеген. Білім алушы материалды толық көлемде игермеген
	Мақсатты-ынталандыру	Білім алушының сыртқы ынталандыру мотивтері басым болатын ғылыми-зерттеу қызметіне қысқа мерзімді қызығушылығы
	Белсенділік	Білім алушының ғылыми-зерттеу дағдыларын ішінара игеруімен сипатталады
Зерттеу	Гностикалық	Білім алушының теориялық білімі саналы, жалпыланған
	Мақсатты-ынталандыру	Ғылыми-зерттеу саласындағы жеке көзқарастар мен құндылық бағдарлары тұрақты, өзіндік зерттеу дағдыларын дамыту қажеттілігін саналы түрде түсіну
	Белсенділік	Білім алушының зерттеу дағдыларының жүйесі құрылды, негізінен белгіленген ғылыми-зерттеу мақсаттары мен міндеттерін орындау кезінде тиісті әрекеттерді жүзеге асыру қамтамасыз етіледі
Ғылыми-зерттеу	Гностикалық	Білім алушының теориялық білімі зейінділікпен, жалпылаумен, кеңдігімен ерекшеленеді
	Мақсатты-ынталандыру	Жоғары ішкі қажеттілік, хабардарлық, зерттеу қызметін жүзеге асыруға деген айқын ұмтылыс
	Белсенділік	Ғылыми-зерттеу дағдылары тұрақты түрде қалыптасады, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін анықтауды, эксперимент нәтижелерін өңдеуді және талдауды және оларды ғылыми түрде ұсынуды қамтиды

Когнитивтік, процессуалдық, рефлексивті, ынталандыру компоненттердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытудың бастапқы деңгейі сауалнама арқылы анықталды.

Сауалнама негізінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға деген ынта, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқысы келетіні және қызығушылық


танытатыны туралы қорытынды жасалды (бақылау тобында 75% және эксперименттік топта 69%). Мұны 1-суретте келтірілген мәліметтер дәлелдейді.



1-сурет – Ғылыми-зерттеу қызметінің ынталандыру компонентінің даму деңгейі

Сауалнамаға сәйкес, екі топтың да жаңа білімді игеруге және оларды алу тәсілдеріне қызығушылығы бар. Олардың көпшілігі өздерінің қабілеттерін ғылыми-зерттеу қызметінде іске асырғысы келеді, бұл жетістікке жетуге және болашақта жұмысқа орналасуға көмектеседі. Білім алушылардың жаңа танымға деген қызығушылығы және табысқа жету ниеті бізге ғылыми-зерттеу құзыретін қалыптастыру процесінде көмектеседі. Ең бастысы – дұрыс тәсіл табу және білім алушыларды тарту, қызықтыру.

Жауаптарды талдай отырып, білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы бар екенін көреміз. Көптеген білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарының қалай орындалатынын және зерттеуді неден бастау керектігін білмейді. Оқушылардың танымдық даму деңгейі өте нашар. 2-сурет бойынша біз білім алушылардың зерттеу функциялары мен әдістерін білмейтінін көреміз.



2-сурет – Ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің когнитивті компонентінің даму деңгейі

Сауалнама нәтижелері бойынша білім алушылар зерттеу мәселесінің шығармашылық балама шешімдерін таба алмайды деп айта аламыз.


Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, білім алушылар ғылыми жұмыстарды жазу үшін көбінесе интернет-ресурстарды пайдаланады, негізінен Wikipedia сайты. Бұл олардың ақпаратты іздеудің, өңдеудің және практикалық қолданудың ықтимал сенімді тәсілдерін білмейтіндігін көрсетеді.

Мұндай нәтижелердің себебі мыналар болуы мүмкін:

- практикалық және дәрістік сабақтардың басым болуы;
- белгіленген бағдарлама бойынша сабақтар өткізу;
- білім алушылардың көпшілігі практикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілмейтін ауылдардан келеді;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізі жоқ;
- өз мамандығына қызығушылық жоқ.

3-суретте көрсетілген нәтижелер білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің процессуалдық компонентін дамыту деңгейі сыни деңгейде екенін көрсетеді. Білім алушыларға зерттеу гипотезасын ұсыну және мәселені шешудің стандартты емес тәсілдерін қолдану қиын. Тәжірибе барысында білім алушылардың келесі кемшіліктері анықталды:


- олар қолда бар ақпаратты өңдей алмайды және ең маңызды және қажет нәрсені бөліп көрсете алмайды;
- олардың көпшілігі логикалық қарапайым мәселені шеше алмайды;
- зерттеу мәселесін шешуге креативті тұрғыдан келе алмайды;
- олар дәрістің мәнін өз сөздерімен жеткізе алмайды, олар мәтінді оқып, оқығанын жатқа айтады;
- қойылған талаптарға сәйкес зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдей алмайды.



3-сурет – Ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің процессуалды компонентінің даму деңгейі

Процессуалды компонентінің сыни деңгейінің басым болуының себебі, мектепте олар оқытылған материалды үйрену және қайталау сияқты схеманы қолданып үйреніп алған. Қазақстандағы білім жаңартылған білім беруге көшкеніне қарамастан, ескі стереотиптер әлі де қолданылады: мұғалімнің айтқаны заң, мұғалім ешқашан қателеспейді, кітаптағы барлық нәрсені сөзбе-сөз айту керек және т.б. Сондықтан біз 4-суретте көрсетілгендей төмен нәтижені бақылай аламыз.

4-суретте көрсетілгендей, эксперименттік оқытуға дейін білім алушылардың зерттеу құзыреттілігінің рефлексивті компонентінің даму деңгейі сыни және базалық деңгейлер шығармашылық және озық деңгейлерден басым болады. Білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға дайын емес және ғылыми-зерттеу жұмысын оқу қызметінің ажырамас бөлігі деп санамайды деп айтуға болады. Мұның себебі – зерттеу іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзін-өзі бағаламау, зерттеу жұмысының мақсаттары, міндеттері мен болжамды нәтижелерін білмеу, оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу процесінде қабілеттерін дұрыс бағаламау, жүргізілген зерттеу жұмыстары үшін жауапкершілік туралы түсінік жоқ.



4-сурет – Ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің рефлексивті компонентінің даму деңгейі

Жоғарыда алынған мәліметтер білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру өте өзекті екендігін көрсетеді. Білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытады, бірақ оны жүзеге асыру дағдылары жоқ.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған эксперименттік жұмыстары құрылды және ұйымдастырылды. Ол эксперименттік жұмыстың бірінші кезеңінде эксперименттік топтың білім алушыларына теориялық курс берілді. Курстың мазмұны зерттеу жұмыстарын жоспарлау (ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдерінің жалпы сипаттамасы, зерттеу мәселесін тұжырымдау, зерттеу объектісі мен нысанын анықтау, зерттеудің мақсатын анықтау және міндеттерін қою, зерттеу жоспары), ғылыми ақпарат: іздеу, жинақтау және өңдеу (деректі ақпарат көздері, құжаттарды талдау, ғылыми ақпаратты іздеу және жинақтау, ақпараттық ресурстардың электрондық нысандары, ғылыми ақпаратты өңдеу), мақалаларды дайындау және жазу тақырыптарын қамтыды. Теориялық материалмен қатар білім алушыларға практикалық тапсырмалар орындауға берілді.

KZ (13) A4 (11) 26005 және KZ (13) A4 (11) 26006 «Өсімдік өнімділігінің фиторегуляторларын алу тәсілдері» инновациялық патенті негізінде эксперименттік топ білім алушыларына биологиялық өсу реттегіштерін дайындаудың технологиясы көрсетілді. Түйежапырақтың жер үсті бөліктерінен алынған фитореттегіш келесі технология бойынша дайындалды [21, 22]. Үлкен түйежапырақтың жер үсті бөліктерін жинау Шығыс Қазақстан облысының Жоғарғы Уба ауылында жүргізілді. Жапырақтары мен сабақтары ағын сумен жуылды, гомогенизаторда 2–3 мм-ден аспайтын бөлшектердің мөлшеріне дейін ұнтақталды, 0–4°C температурада 10 күн бойы тоңазытқышқа қойылды. Содан кейін ұнтақталған бөлшектерге 1:10 қатынасында тазартылған су қосылды, 1 сағат қайнатылды және дәке сүзгісі арқылы сүзілді. Содан кейін 3000 айн/мин – 15 мин центрифугаланды. Центрифугат кара түсті опалесцентті сұйықтық болды (өсу фитореттегіші). Жұмыс концентрациясын

анықтау препараттың аналық ерітіндісін сұйылту арқылы жүргізілді (2-кесте). Фитореттегіштердің бұзылуының алдын алу үшін препаратты сақтау және препараттың жарамдылық мерзімін ұзарту үшін қажетті формалин концентрациясының 0,5%-ы пайдаланылды.

2-кесте – Жұмыс ерітіндісіндегі фитореттегіш концентрациясы

№	Препараттардың атауы	Фитореттегіш концентрациясы, %				
		1	0,1	0,01	0,001	0,0001
1	Фитореттегіш (мл)	1	0,01	0,001	0,0001	0,00001
2	Тазартылған су (мл)	99	9	9	9	9
3	Формалин (мл)	0,5	0,05	0,005	0,0005	0,00005

Өсу реттегіштерін дайындаудың технологиясын игергеннен кейін, білім алушылар өз таңдауларына байланысты ағаш түрлерін таңдап, 1 ай көлемінде таңдалған ағаш тұқымының өнгіштігін бақылады. Білім алушылардың эксперимент жүргізу сызбасы келесідей болды:

- әр студент әрқайсысында 10 данадан 1 эксперименттік және 1 бақылауға арналған тұқымды технологияға сай таңдап алды;

- экспериментке арналған тұқымдарды петри ыдысқа өздері дайындаған өсу реттегішіне салып ал, бақылаудағы тұқымдарды таза суға салып өнгіштігін 1 ай бақылады;

- тұқымдарды күнделікті тексеріп отырды. Шіріп кеткен тұқымдарды алып тастап, құрғап кетпес үшін суғарып, өнген тұқымдардың санын арнайы кесеге жазып отырды.

- 1 ай аяқталған соң, нәтижелерге статистикалық өңдеу жасап, жасалған жұмыс бойынша, 1 бөлімде алған теориялық бөлімге сай есеп жазып, қорғады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың 1-ші кезеңі аяқталған соң, бастапқы деңгейді анықтауға арналған сауалнамалар қайтадан алдынды.

Зерттеудің нәтижесінде ынталандыру компонентінің шығармашылық деңгейі экспериментке дейін және эксперименттен кейін 15%-ға төмендеді, экспериментке дейінгі ынталандыру компонентінің дәрежесі 75%, ал эксперименттен кейін ынталандыру компонентінің дәрежесі – 60% болды. Бұл жаңа білімді игеруге және ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға қызығушылықтары бар дегенді білдіреді.


Эксперименттен кейін білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының қалай орындалатыны туралы және зерттеуді неден бастау керектігі туралы түсініктері қалыптаса бастады. Оны эксперименттен кейінгі когнитивтік компоненттің (КК) шығармашылық және ілгері деңгейлерінің жоғарлауынан көреміз. Экспериментке дейін когнитивтік компоненттің шығармашылық деңгейі 10% болса, эксперименттен кейін 16%-ды көрсетті; когнитивтік компоненттің ілгері деңгейі экспериментке дейін 10% болса, эксперименттен кейін 26%-ға жетті.

Эксперименттен кейін білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің процессуалдық компонентін дамыту деңгейінің сыни деңгейі 1% төмендеді. Ілгері деңгей 7% жоғарлады. Бұл нәтижелер білім алушылардың зерттеу гипотезасын ұсына алуы және қойылған талаптарға сәйкес зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдей алуларынан байқалды.

Эксперименттік оқытудан кейін білім алушылардың зерттеу құзыреттілігінің рефлексивті компонентте сыни деңгейдің 4% төмендегенін, шығармашылық және ілгері деңгейлердің көтерілгенін байқадық. Ол оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу процесінде қабілеттерін дұрыс бағалай бастауларымен, жүргізген зерттеу жұмыстары үшін жауапкершіліктерін түсіне бастағанымен байланысты.

Сонымен қатар, жылдың аяғында эксперименттік топ білім алушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысуы жоғарылағаны байқалды. Ол үшін эксперименттік және

бақылау топтарының білім алушылардың 2021–2022 және 2022–2023 оқу жылдарында ғылыми мақалалар жазу және баспаға беру, Start Up жобаларға қатысулары салыстырылды.



6-сурет – Эксперименттік жұмыстардан кейінгі білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысулары

6-суретте көрсетілгендей, 2022–2023 оқу жылының соңында эксперименттік топ білім алушыларының мақалалар жазуы, яғни ғылыми жұмыстармен айналысу дәрежесі 40,5 пайызға жоғарлаған. Осы нәтижеге сүйене отырып, таңдалынған эксперименттік жұмыс мазмұны тиімді деп есептеліп, 2024 жылдың 6В08301 «Орман ресурстары, аңшылықтану және ара шаруашылығы» білім беру бағдарламасына «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау» пәні енгізілді.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін 1-кезеңмен салыстырғанда тиімдірек қалыптастыру мақсатында, эксперименттік жұмыстың мазмұнына қосымша өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, эксперименттік оқытудың 2-кезеңі жүргізілуде.

Қорытынды

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру білікті кадрларды даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл теория мен практиканы интеграциялауды, аналитикалық ойлауды дамытуды және ғылыми жобаларды әзірлеу мен іске асыру қабілетін қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған эксперименттік жұмыстың нәтижесінде айтарлықтай оң өзгерістерге қол жеткізілді. Жұмыстың бірінші кезеңі ғылыми зерттеудің барлық негізгі аспектілерін қамтитын теориялық курсты ұсынуды, сондай-ақ практикалық тапсырмаларды беруді қамтыды. Эксперименттік топтың студенттері болашақта оқу-зерттеу қызметінде қолданылатын биологиялық өсу реттегіштерін жасау технологиясын сәтті игерді.

Нәтижелерді талдау жаңа білім мен ғылыми-зерттеу қызметін игеруге қызығушылық таныта отырып, білім алушылардың шығармашылық деңгейі жоғарылағанын көрсетті. Эксперименттен кейін когнитивті компоненттің шығармашылық және жетілдірілген деңгейлерінің жоғарылауы байқалды, бұл білім алушылар арасында ғылыми-зерттеу жұмысы туралы идеялардың қалыптасуын көрсетеді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу дәрежесінің артуы маңызды нәтиже болды, бұл жобаларға қатысуды және ғылыми мақалалар жазуды талдаумен расталды. Мақала жазу деңгейі айтарлықтай өсті, бұл таңдалған әдістеме мен эксперименттік жұмыстың мазмұнының сәттілігін көрсетеді.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруды одан әрі жетілдіру мақсатында қосымша өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ эксперименттік оқытудың екінші кезеңін өткізу ұсынылады. Алынған нәтижелер эксперименттік жұмыстың тиімділігін растайды және білім беру бағдарламасына жаңа пәнді енгізуді негіздейді.

Осылайша, білім алушылардың зерттеу жұмысы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың маңызды факторы болып табылады. Білім алушылар жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының күрделенуі және орындалған жұмыстардың сапасына қойылатын талаптардың артуы білім алушылардың интеллектуалды өзін-өзі дамуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Коляда С.В. Коммуникативная компетенция руководителя // Бизнес-Ключ. – 2007. – №10. – С. 136–137. [Электронный ресурс] URL: http://www.bkworld.ru/archive/y2007/n10-2007/n-10-2007_241.html. (дата обращения: 17.04.2022).
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – №5. – С. 35–41.
4. Бакирова А.П. Формирование научно-исследовательских компетенций через проектную деятельность // «Алтынсаринские чтения-2023» на тему «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков» I книга. – 2023. – С. 432–437.
5. Гончарук Н.П., Сагдеева Г.С. Формирование научно-исследовательской компетенции будущих специалистов // Вестник Казанского технологического университета. – 2013. – №3. – С. 315–320.
6. Шкатова А.В. Формирование научно-исследовательской компетентности как элемент преемственности среднего общего и высшего профессионального образования // Молодой ученый. – 2019. – №29 (267). – С. 147–149.
7. Гончарук Н.П. Развитие интеллектуальной компетентности и профессиональной мобильности научно-педагогических кадров в условиях информационного общества. – Казань: Изд-во МОиН РТ, 2011. – 224 с.
8. Зимняя И.А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблеме образования? (теоретико-методологический аспект) // Высшее образование сегодня. – 2006. – №4. – С. 20–27.
9. Ананьева Т. Десять компетенций, которые будут востребованы в 2020 году [Электронный ресурс]. URL: <http://www.tananyeva.com/single-post/> (дата обращения 11.02.2017).
10. Шипилов В. Перечень навыков soft-skills и способы их развития. [Электронный ресурс]. URL: http://www.cfin.ru/management/people/dev_val/softskills.shtml (дата обращения: 11.12.2016).
11. Ивонина А.И., Чуланова О.Л., Давлетшина Ю.М. Современные направления теоретических и методических разработок в области управления: роль soft-skills и hard skills в профессиональном и карьерном развитии сотрудников // Интернет-журнал «НАУКОВЕДЕНИЕ» Том 9, №1 (2017) [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-napravleniya-teoreticheskikh-i-metodicheskikh-razrabotok-v-oblasti-upravleniya-rol-soft-skills-i-hard-skills-v-professionalnom/viewer>
12. Шумакова Н.Б. Развитие творческой активности школьников. – М.: Педагогика, 1991. – 271 с.
13. Ефричева О.Ю., Мельник И.В., Михайлюкова В.С. Исследовательская компетенция: ее сущность и содержание // Актуальные исследования. – 2021. – №14 (41). – С. 59–62.
14. Федотова Н.А. Развитие исследовательской компетентности старшеклассников в условиях профильного обучения: автореф. ... канд. пед. наук. – Улан-Удэ, 2010. – 181 с.
15. Репета Л.М. Формирование информационно-исследовательской компетенции учащихся общеобразовательных учреждений: дис. ... канд. пед. наук. – Челябинск, 2013. – 249 с.
16. Насырова Э.Ф., Розлован В.В. Критерии оценки уровней сформированности исследовательской компетенции студентов – будущих преподавателей // Вестник ТГПУ. – 2018. – №6 (195). – С. 176–181.

17. Шушерина О.А., Черепанова С.А. Формирование исследовательской компетенции бакалавров направлений подготовки «Технология производства» // Вестн. КрасГАУ. – 2013. – №11. – С. 335–340.
18. Варлакова Ю.Р. Теория и методика развития креативности будущих педагогов в вузе. – Ульяновск: Зебра, 2016. – 153 с.
19. Колбаса М.А. Формирование профессиональной культуры будущих учителей технологии при обучении компьютерной графике: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 2013. – 23 с.
20. Насырова Э.Ф. Модульное обучение студентов университета в системе кредитно-зачетных единиц // Вестник ТГПУ. – 2011. – №6 (108). – С. 18–20.
21. Инновационный патент KZ (13) A4 (11) 26005.
22. Инновационный патент KZ (13) A4 (11) 26006.

REFERENCES

1. Koliada S.V. Kommunikativnaia kompetenciia rukovoditelia [The communicative competence of the head] // Biznes-Kliuch. – 2007. – №10. – S. 136–137. [Electronic resource]. URL: http://www.bkworld.ru/archive/y2007/n10-2007/n-10-2007_241.html. (date of access 17.04.2022) [in Russian]
2. Selevko G.K. Sovremennye obrazovatelnye tehnologii [Modern educational technologies]. – М.: Narodnoe obrazovanie, 1998. – 256 s. [in Russian]
3. Zimniaia I.A. Kliuchevye kompetencii – novaia paradigma rezultata obrazovaniia [Key competencies – a new paradigm of educational outcomes] // Vysshee obrazovanie segodnia. – 2003. – №5. – S. 35–41. [in Russian]
4. Bakirova A.P. Formirovanie nauchno-issledovatel'skikh kompetencii cherez proektnuiu deiatel'nost' [Formation of research competencies through project activities] // «Altynsarinskii chteniia-2023» na temu «Innovacii, znaniia, opyt – vektory obrazovatel'nykh trekov» I kniga. – 2023. – S. 432–437. [in Russian]
5. Goncharuk N.P., Sagdeeva G.S. Formirovanie nauchno-issledovatel'skoi kompetencii budushih specialistov // Vestnik Kazanskogo tehnologicheskogo universiteta. – 2013. – №3. – S. 315–320. [in Russian]
6. Shkatova A.V. Formirovanie nauchno-issledovatel'skoi kompetentnosti kak element preemstvennosti srednego obshego i vysshego professional'nogo obrazovaniia [Formation of research competence as an element of continuity of secondary general and higher professional education] // Molodoi uchenyi. – 2019. – № 29 (267). – S. 147–149. [in Russian]
7. Goncharuk N.P. Razvitie intellektualnoi kompetentnosti i professionalnoi mobilnosti nauchno-pedagogicheskikh kadrov v usloviiah informacionnogo obshestva [Development of intellectual competence and professional mobility of scientific and pedagogical staff in the information society]. – Kazan: Izd-vo MOiN RT, 2011. – 224 s. [in Russian]
8. Zimniaia I.A. Kompetentnostnyi podhod. Kakovo ego mesto v sisteme sovremennykh podhodov k probleme obrazovaniia? (teoretiko-metodologicheskii aspekt) [A competency-based approach. What is its place in the system of modern approaches to the problem of education? (theoretical and methodological aspect)] // Vysshee obrazovanie segodnia. – 2006. – №4. – С. 20–27. [in Russian]
9. Ananeva T. Desiat kompetencii, kotorye budut vostrebovany v 2020 godu [Ten competencies that will be in demand in 2020] [Electronic resource]. URL: <http://www.tananyeva.com/single-post/> (date of access 11.02.2017) [in Russian]
10. Shipilov V. Perechen navykov soft-skills i sposoby ih razvitiia [List of soft-skills and ways to develop them]. [Electronic resource]. URL: http://www.cfin.ru/management/people/dev_val/softskills.shtml (date of access 11.12.2016) [in Russian]
11. Ivonina A.I., Chulanova O.L., Davletshina Iu.M. Sovremennye napravleniia teoreticheskikh i metodicheskikh razrabotok v oblasti upravleniia: rol soft-skills i hard skills v professional'nom i karernom razvitiu sotrudnikov [Modern directions of theoretical and methodological developments in the field of management: the role of soft-skills and hard skills in the professional and career development of employees] // Internet-jurnal «NAUKOVEDENIE» Tom 9, №1 (2017) [Electronic resource]. URL:

- <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-napravleniya-teoreticheskikh-i-metodicheskikh-razrabotok-v-oblasti-upravleniya-rol-soft-skills-i-hard-skills-v-professionalnom/viewer> [in Russian]
12. Shumakova N.B. Razvitie tvorcheskoi aktivnosti shkolnikov [Development of creative activity of schoolchildren]. – M.: Pedagogika, 1991. – 271 s. [in Russian]
 13. Efricheva O.Iu., Melnik I.V., Mihailiukova V.S. Issledovatel'skaia kompetenciia: ee sushnost i sodержanie [Research competence: its essence and content] // Aktualnye issledovaniia. – 2021. – №14 (41). – S. 59–62. [in Russian]
 14. Fedotova N.A. Razvitie issledovatel'skoi kompetentnosti starsheklassnikov v usloviiah profilnogo obucheniia [Development of research competence of high school students in the context of specialized education]: avtoref. ... kand. ped. nauk. – Ulan-Ude, 2010. – 181c. [in Russian]
 15. Repeta L.M. Formirovanie informacionno-issledovatel'skoi kompetencii uchashihsia obsheobrazovatel'nykh uchrejdeni [Formation of information and research competence of students of educational institutions]: diss. ... kand. ped. nauk. – M.: Cheliabinsk, 2013. – 249 s. [in Russian]
 16. Nasyrova E.F., Rozlovan V.V. Kriterii ocenki urovnei sformirovannosti issledovatel'skoi kompetencii studentov – budushih prepodavatelei [Criteria for assessing the levels of formation of research competence of students – future teachers] // Vestnik TGPU. – 2018. – №6 (195). – S. 176–181. [in Russian]
 17. Shusherina O.A., Cherepanova S.A. Formirovanie issledovatel'skoi kompetencii bakalavrov napravleni podgotovki «Tehnologia proizvodstva» [Formation of the research competence of bachelors in the fields of training “Production Technology”] // Vestn. KrasGAU. – 2013. – №11. – S. 335–340. [in Russian]
 18. Varlakova Iu.R. Teoria i metodika razvitiia kreativnosti budushih pedagogov v vuze [Theory and methodology of the development of creativity of future teachers at the university]. – Ulianovsk: Zebra, 2016. – 153 s. [in Russian]
 19. Kolbasa M.A. Formirovanie professionalnoi kultury budushih uchitelei tehnologii pri obuchenii kompiuternoi grafike [Formation of the professional culture of future technology teachers in teaching computer graphics]: avtoref. diss. ... kand. ped. nauk. – M., 2013. – 23 s. [in Russian]
 20. Nasyrova E.F. Modulnoe obuchenie studentov universiteta v sisteme kreditno-zachetnykh edinic [Modular training of university students in the credit and credit units system] // Vestn. TGPU. – 2011. – №6 (108). – S. 18–20. [in Russian]
 21. Innovacionnyi patent KZ [Innovative Patent KZ] (13) A4 (11) 26005.
 22. Innovacionnyi patent KZ [Innovative Patent KZ] (13) A4 (11) 26006.

ӘОЖ 371.315.5; МҒТАР 14.25.09
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.29>М.Ө. МЫҢБАЕВА¹, Ш.М. МАЙГЕЛЬДИЕВА², Г.Б. ИСАЕВА³¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: mynbaeva.marta@korkyt.kz²педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: sharban56@mail.ru³педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: Guka_issaeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА STEAM БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІН ДАМУДА «БІЛІМ КЕРУЕНІ» ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада STEAM білім берудің экономикалық өсуінің маңызды факторы деп санайтын ғалымдардың ұстанымы қарастырылады. Зерттеудің сапалық және сандық әдістерінің үйлесімі негізінде Қазақстанда STEAM-білім беруді дамыту бойынша Chevron компаниясының демеушілігімен «Білім керуені» білім беру ұйымының ролі, маңызы мен бастамалары зерттелді, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің бұл тәсілге деген көзқарастары зерттелді. Мұнда STEAM саласындағы пән мұғалімдерінің білім деңгейі мен құзыреттілігін арттыруға және «Білім керуені» құрылған сәттен бастап STEAM-білім беруді дамытуға жәрдемдесуге бағытталған түрлі бастамалар мен іс-шаралар талданды. STEAM пәндері бойынша оқытушылардың білім деңгейін арттыруға бағытталған оқу курсы өткізілді, ал курс соңында сауалнама мен сұхбат арқылы оқытушылардың пікірлері жиналып, жүйеленді. «Қазақстанда 2021–2025 жылдарға арналған STEAM-білім беруді дамыту және енгізу жөніндегі Жол картасына» сәйкес «Білім керуені» білім беру ұйымы STEAM бағдарламасын әзірлеу, сондай-ақ білім беру процесіне енгізу жөніндегі шараларды, стратегияларды бастамашылық етті. Қазіргі уақытта ұйым мұғалімдерді STEAM-білім беру әдістерін оқытуға және білім алушылардың STEAM-технологияларға қызығушылығын дамытуға бағытталған курстар, конкурстар мен фестивальдерді белсенді өткізеді. Бұл зерттеу STEAM мұғалімдерін университетте кәсіби даярлау қажет екенін анықтады.

Кілт сөздер: STEAM білім, STEAM оқиғалар, «Білім керуені», Қазақстан, мектеп мұғалімдері, 3D модельдеу, аддитивті технологиялар.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мыңбаева М.Ө., Майгельдиева Ш.М., Исаева Г.Б. Қазақстанда STEAM білім беру әдістемесін дамытуда «Білім керуені» ұйымының тәжірибесі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 361–376. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.29>

***Cite us correctly:**

Mynbaeva M.O., Maigeldieva Sh.M., Isaeva G.B. Qazaqstanda STEAM bilim беру adistemegin damytuda «Bilim kerueni» uymynyn tajiribesi [The Practice of “Caravan of Knowledge” Organization in Developing STEAM Education Method in Kazakhstan] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 361–376. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.29>

M.O. Mynbayeva^{1,3}, SH.M. Maigeldiyeva², G.B. Issayeva³

¹*PhD Doctoral Student of Korkyt Ata Kyzylorda University*

(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: mynbayeva.marta@korkyt.kz

²*d.p.s., professor of Korkyt Ata Kyzylorda University*

(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: sharban56@mail.ru

³*c.p.s., associate professor of Abay Kazakh National Pedagogical University*

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: Guka_issaeva@mail.ru

The Practice of “Caravan of Knowledge” Organization in Developing STEAM Education Method in Kazakhstan

Abstract. This article examines the position of scientists considering STEAM education an essential factor in economic growth. Based on a combination of qualitative and quantitative research methods, the role, significance, and initiatives of the educational organization “Caravan of Knowledge,” sponsored by Chevron for the development of STEAM education in Kazakhstan, were explored, and school teachers’ attitudes to this approach were also studied. Various initiatives and activities aimed at increasing the level of knowledge and competence of subject teachers in the field of STEAM and promoting the development of STEAM education since the creation of the “Caravan of Knowledge” were analyzed. A training course was conducted to increase teachers' knowledge level in STEAM disciplines. At the end of the course, teachers’ opinions were collected and systematized through questionnaires and interviews. By the “Road map for the development and implementation of STEAM education in Kazakhstan for 2021-2025,” the educational organization “Caravan of Knowledge” initiated measures and strategies for developing and implementing STEAM in the educational process. Currently, the organization is actively conducting courses, competitions, and festivals to train teachers in STEAM teaching methods and develop students’ interest in STEAM technologies. This study identified that professional training for STEAM teachers at the university is necessary.

Keywords: STEAM education, STEAM events, “Caravan of knowledge”, Kazakhstan, school teachers, 3D modeling, additive technologies.

M.O. Мынбаева¹, Ш.М. Майгельдиева², Г.Б. Исаева³

¹*PhD докторант Кызылординского университета имени Коркыт Ата*

(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: mynbayeva.marta@korkyt.kz

²*доктор педагогических наук, профессор*

Кызылординский университет имени Коркыт Ата

(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: sharban56@mail.ru

³*кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

(Казахстан, г. Алматы), e-mail: Guka_issaeva@mail.ru

Опыт организации «Караван знаний» в развитии методики образования STEAM в Казахстане

Аннотация. В данной статье рассматривается позиция ученых, которые считают STEAM образование важным фактором экономического роста. На основе сочетания качественных и количественных методов исследования были исследованы роль, значение и инициативы образовательной организации «Караван знаний», спонсируемой компанией Chevron по развитию STEAM-образования в Казахстане, а также изучены подходы учителей школ к данному подходу. Были проанализированы различные инициативы и мероприятия, направленные на повышение уровня знаний и компетентности учителей-предметников в

области STEAM и содействие развитию STEAM-образования с момента создания «Каравана знаний». Был проведен учебный курс, направленный на повышение уровня знаний преподавателей по дисциплинам STEAM, а по окончании курса посредством анкетирования и интервью были собраны и систематизированы мнения преподавателей. В соответствии с «Дорожной картой по развитию и внедрению STEAM-образования в Казахстане на 2021–2025 годы» образовательная организация «Караван знаний» инициировала меры, стратегии по разработке, а также внедрению STEAM в образовательный процесс. В настоящее время организация активно проводит курсы, конкурсы и фестивали, направленные на обучение учителей STEAM-методам обучения и развитие интереса обучающихся к STEAM-технологиям. Исследование показало, что профессиональная подготовка преподавателей STEAM в университете необходима.

Ключевые слова: STEAM образование, STEAM события, «Караван знаний», Казахстан, учителя школ, 3D моделирование, аддитивные технологии.

Кіріспе

дистанционного обучения в школе, способных общаться с коллегами, учениками и родителями, вести занятия, создавать обратную связь в дистанционной среде с использованием цифровых инструментов, приложений и платформ. В статье рассмотрен вопрос овладения навыками чтения, письма, аудирования, речи с помощью современных инновационных технологий на основе изучения теории и методов практического овладения двумя иностранными языками образовательной программы в рамках государственного общеобязательного стандарта высшего образования Республики Казахстан по специальности 6В01718-иностраннный язык: два иностранных языка. Кроме того, в целях раскрытия возможностей формирования профессиональных компетенций будущего учителя иностранного языка в условиях дистанционного обучения была предложена программа авторского курса «Организация и методика дистанционного обучения иностранному языку».

Ключевые слова: возможности, профессиональные компетенции, будущий учитель иностранного языка, дистанционное обучение, цифровые инструменты.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты аясында әзірленген білім беру бағдарламасының басты ерекшелігі – оның ХХІ ғасырдағы болашақ білікті мамандардың құзыреттерін қалыптастыруға бағытталғандығында. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 27 маусымдағы №28916 бұйрығына сәйкес бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «құзырет – оқу процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті» делінген және жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәнінен тұрады (1-сурет).



1-сурет - Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны

Жоғарыда аталып өткен жалпы білім беретін пәндер төмендегідей бағыттарды қамтиды:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарлану негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған;

2) болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру негізінде оның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттер жүйесін қалыптастырады;

3) қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіптік қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады;

4) өз өмірі мен қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;

5) өмір бойы өзін-өзі дамыту және білім беру дағдыларын қалыптастырады;

6) қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады [1].

Жоғарыда аталып өткен бағыттар болашақ мұғалімді кәсіби даярлауда игеруі тиіс кәсіби құзыреттерімен үндестікте қарастырылған деп топшыласақ болады. Мысалы, бірінші, екінші, төртінші бағыттар біздің зерттеуімізге сәйкес болашақ шетел тілдері мұғалімінің кәсіби құзыреттерінің құрамындағы кейбір элементтерін, яғни ақпараттық-коммуникалық технологияларды қолдана білу дағдысы арқылы ақпараттық сауаттылықтың қалыптасуын, шетел тілін меңгеру арқылы тұлғааралық кәсіби қарым-қатынастың дамуын және т.б. қамтиды. Бірақ осы құрылымдық элементтер қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға жеткіліксіз, өйткені қашықтықтан оқыту жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда; кәсіби маңызды пәндік, педагогикалық мазмұндағы ақпараттарды ұсына білуде; ақпаратты талдау, жинақтау қабілетін, сондай-ақ ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін меңгеруде студенттерде қашықтықтан білім беру модельдері мен технологияларын меңгеру және сауатты пайдалану дағдылары болуы тиіс, олар жоғарыда кәсіби құзыреттің компоненттерінде қарастырылған.

Осылайша, қашықтықтан білім беру контексінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қоғамдық қайта құру кезеңінде өте маңызды. Цифрлық құралдарды, қосымшаларды және платформаларды тиімді қолдана алатын, әріптестерімен, оқушылармен және ата-аналармен онлайн байланыса алатын, сондай-ақ дәстүрлі және онлайн форматтарда оқытуды жоспарлау және жүргізу дағдыларына ие мұғалімдерді даярлау өте маңызды. Педагогикалық білім беру бағдарламаларын бейімдеу және цифрлық педагогикалық тәжірибелерге басымдық беру арқылы университет болашақ мұғалімдерге өзгермелі білім беру ландшафтында табысқа жету үшін қажетті дағдыларды үйрете алады.

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қашықтықтан оқыту әр білім алушы үшін жеке білім беру траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Құрылған ақпараттық ортаның көмегімен студенттер өздерінің жеке білім беру қажеттіліктерін олар үшін ең қолайлы түрде қанағаттандыра отырып, өздерінің бірегей оқу жолдарын құра алады [2].

Қашықтықтан оқытуды сәтті енгізу, ең алдымен, оқытушының кәсіби дағдыларына, оның сандық құзыреттілігі мен ақпараттық технологияларды қолдану қабілетіне байланысты [3]. Оқытушылар қашықтықтан оқытуды тиімді ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білім мен дағдыларға ие болуы тиіс. Бұған цифрлық құралдарды пайдалану, онлайн платформаларды басқару, студенттер үшін тартымды және интерактивті оқу ортасын құру тәжірибесі кіреді.

Зерттеу әдістері

Ғылыми, теориялық, оқу-әдістемелік жұмыстар, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдар жүргізген білім беру бағдарламалары мен зерттеулері талданды. Болашақ шет тілі оқытушыларына қажетті кәсіби құзыреттіліктер туралы құнды түсінік берілді. Зерттеу материалдарын мұқият жинау, зерттеу, салыстыру және нақтылау арқылы теориялық деректерді талдау және зерттеу әдістері қолданылды. Мақаланы әзірлеу кезінде педагогикалық зерттеулерді жүргізудің практикалық және теориялық әдістері басшылыққа алынды.

Қашықтықтан білім беру модельдері мен технологияларын меңгеру және сауатты пайдалануға, шет тілінде білім беру мен тәрбиелеудің әдіснамалық тәсілдерін, теориялық негіздерін білуге мүмкіндіктер көрсетілген.

Талдау мен нәтижелер

Шет тілін оқыту бағытына қатысты ғылыми әдебиеттер мен теориялық негіздерді мұқият зерделеу кәсіби құзыреттіліктің негізгі аспектілерін анықтауға негіз береді. Болашақ шет тілі мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламалары мамандыққа қажетті

негізгі білімді, дағдылар мен көзқарастарды көрсететін құнды ресурстар ретінде қызмет етеді.

Алайда, өткен бөлімдерде атап өткеніміздей, болашақ шетел тілдері мұғалімінің кәсіби құзыреттері – болашақ мұғалімнің бойында цифрлық, ақпараттық, лингвистикалық, педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Осы тұста «Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың мүмкіндіктері қандай?» деген сұрақтың қойылуы заңды. Осы сұрақтың жауабын анықтау мақсатында зерттеу тақырыбымыз жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесі болғандықтан ОҚМПУ мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «6B01718-Шетел тілі: екі шет тілі мұғалімін даярлау (ағылшын және түрік тілдері)» білім беру бағдарламасын талдауды жөн көрдік.

2021 жылы әзірленіп, оқу процесіне енгізілген бакалаврға арналған «6B01718-Шетел тілі: екі шет тілі мұғалімін даярлау (ағылшын және түрік тілдері)» білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте – Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

	ОҚМПУ		Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Мақсаты	Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай шетел тілі: екі шетел тілі пәнінің мұғалімін даярлау.	Мақсаты	Жалпы білім беретін және арнаулы орта оқу орындары үшін мамандарды сапалы даярлау.
Міндеті	<p>Білім беру бағдарламасының міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру; <input type="checkbox"/> білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру; <input type="checkbox"/> білім алушыларды кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру; <input type="checkbox"/> білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру; <input type="checkbox"/> тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету. 	Бағыттары	<p>Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру маманның жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тіл, әдебиет, ағылшын және қытай тілдері мен әдебиетін оқыту әдістемесі негізінде кәсіби мәселелерді академиялық тұрғыда шешу; - қоршаған ортаны дүниетанымдық, адамгершілік және азаматтық ұстанымдар негізінде бағалау; - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың саналуан түрлерін қолдану; - ағылшын, қытай, қазақ, түрік, орыс, тілдерінде табысты академиялық, кәсіби және әлеуметтік коммуникация бағдарламаларын құру; - жеке білім траекториясын құру.

Шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлауда еңбек нарығына сай тұлғаның бойында жаңартылған білім мазмұнына сәйкес кәсіби құзыреттерді қалыптастыру; ақпараттық-коммуникациялық және иновациялық технологияларды қолдана отырып, ақпараттарды өңдеу, іздеу, бағалау, дәйектендіру; тілдік сауаттылықты дамыту қарастырылған. Бұл бағдарламада бітірушінің моделінде өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие мәдени құзыреттілік ретінде қаралған. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасы

бойынша күтілетін нәтижесінде (ОН5) шетел тілі пәнін оқытуда АКТ-ны пайдалану арқылы білім алушының жеке мүддесіне сай оқу үдерісін ұйымдастыру және (ОН6) инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес қолдану мақсаты қарастырылған.

Ендігі кезекте, қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін пәндер мазмұнына тоқталамыз. Бұл кестеде қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін пәндер атауы мен мазмұнына, кәсіби құзыреттің құрылымдық компоненттерімен байланысты лингвистикалық, шет тілдік коммуникативтік, цифрлық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік құзыреттеріне сипаттама береміз (2-кесте).

2-кесте – Білім беру бағдарламасының мазмұнын талдау

Модуль	Пәндер атауы	Пәндер мазмұны	Кәсіби құзыреттері
1	2	3	4
Жалпы мәдени дайындық	«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»	Пәннің мақсаты жеке кәсіби салаларында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау, басқару және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистерді пайдалануды үйретеді, цифрлық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру тәсілдерін талдау қабілетін қалыптастырады.	Цифрлық құзырет
	«Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар»	Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні студенттердің кәсіби және жеке тұлғалық құзыреттіліктерін меңгертуді үйретеді, яғни заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіби іс-әрекеттердің әр түрлі облыстарында, ғылыми-практикалық жұмыста, өз білімін жетілдіруде және басқа да мақсаттарда қолдануға мүмкіндік береді.	Цифрлық құзырет
Педагогикалық-психологиялық	«Білім алушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы»	Білім алушылардың физиологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады.	Педагогикалық-психологиялық құзырет
	«Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі»	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процестің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады.	Педагогикалық-психологиялық құзырет

1	2	3	4
Әдістеме және талдау	«Шеттiлiк бiлiм беру әдiстемесiндегi инновация»	Болашақ мамандарды даярлауда инновацияларды қолдану нәтижелерi, шығармашылық iзденiс арқылы әдiстемедегi жаңалықтарды зерттеу әдiстерi талданады; қысқа мерзiмдi оқу жоспарларын әзiрлеу арқылы АКТ қолдану арқылы, бiлiм алушының жеке мүдделерiне сәйкес инновацияны ұйымдастыру сипатталады.	Әдiстемелiк
	«Ағылшын тiлiн оқыту әдiстемесi»	XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы шетел тiлiн оқытудың дәстүрлi және классикалық әдiс-тәсiлдерiмен таныстыру. Шетел тiлiн оқыту әдiс-тәсiлдерiнiң, дағдыларының диверсификациясын айқындау. Ағылшын тiлiн оқытудағы әдiстердiң қолданысына тоқталу.	Әдiстемелiк
	«Шетел тiлiн бастауыш мектепте үйрету әдiстемесi»	Бастауыш сыныптарда ағылшын тiлiн оқыту әдiстерi қарастырылады. Оқу және сөйлеу дағдыларын меңгеруге және метапәндiк тәсiлге негiзделген шетел тiлдерiнiң бiлiмi мен бiлiгiн көрсету қабiлетi талданады.	Әдiстемелiк

Кестеде көрiп отырғанымыздай, студенттердiң модульдер бойынша жеке пәндерден алған бiлiмдерi барынша күрделене келе, кәсiби құзыреттiң құрылымдық компоненттерiмен байланысты лингвистикалық, шет тiлдiк коммуникативтiк, цифрлық, психологиялық-педагогикалық құзыреттерi қалыптасып, күтiлетiн нәтижеге жету жолы бiрге қарастырылады. Жалпы алғанда, қашықтықтан оқыту жағдайында лингвистикалық, шет тiлдiк коммуникативтiк, психологиялық-педагогикалық, әдiстемелiк, цифрлық құзыреттердi қалыптастыруға мүмкiндiк бередi.

Ендеше, бiлiм беру бағдарламасында көрсетiлген модульдерге, қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тiлдерi мұғалiмнiң кәсiби құзыреттерiн қалыптастыруға ықпал ететiн пәндерге және күтiлетiн нәтижеге тоқталамыз. Мәселен, бiлiм беру бағдарламасындағы модульдер, яғни «Жалпы мәдени дайындық», «Педагогикалық, психологиялық дайындық», «Негiзгi шетел тiлiнiң тәжiрибелiк курсы», «Iс жүзiндегi ағылшын тiлi», «Әдiстеме және талдау» деп берiледi. Ендi осы модульдердегi берiлетiн қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тiлдерi мұғалiмнiң кәсiби құзыреттерiн қалыптастыруға ықпал ететiн пәндердiң мүмкiндiктерiн ашуға болады. Оны бiз кесте түрiнде ұсынамыз. Мәдени дайындық модульде көрсетiлген «Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар», «Ағылшын тiлiн оқытудағы ақпараттық технологиялар» атты пәндердiң өзара байланысын талдап, оқытудың күтiлетiн нәтижесi мен қалыптасатын кәсiби құзыреттерiн 3-кестеден көреміз.

Болашақ шетел тiлдерi мұғалiмдерi қашықтықтан оқыту нәтижесiнде АКТ саласын меңгерiп, оған педагогикалық тұрғыдан бейiмделуi, болашақ мұғалiм кәсiбiне қажеттi тәсiлдер мен технологияларды, нормаларды үйренедi. Бұл өз кезегiнде ЖОО-да қашықтықтан оқыту жағдайында шетел тiлi мұғалiмнiң кәсiби құзыреттiлiгiн қалыптастыру барысында студенттердiң мәселенi шешуде қалыптан тыс тәсiлдердi пайдалануын, оқытудың жаңа әдiстерiн, формаларын, тәсiлдерiн жасап, оларды қашықтықтан оқыту жағдайында

үйлесімді қолдана алуын, бар тәжірибені қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді қолдана білуін, АКТ және басқа да технологияларды жетік меңгеруді жаңа мақсаттарға сай жетілдіріп, тиімділігін арттырып, модернизациялай алуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, шет тілін қашықтықтан оқыту аспектісінде кәсіби құзыреттілікті меңгеруге деген ынтасын, қызығушылығын танытуға және цифрлық құзыретті дамытуға ұмтылысын арттыруға мүмкіндік береді.

3-кесте – Қашықтықтан оқыту жағдайында қалыптасатын кәсіби құзыреттер

Модуль атауы	Пәндер атауы	Кәсіби құзыреттері	Күтілетін нәтиже
Жалпы мәдени дайындық	«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»	Цифрлық құзырет	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін анықтап, компьютерлік бағдарламаларды қолданудың техникалық білімі мен дағдыларын, әдістері мен құралдарын қолданады; виртуализация технологияларын, мобильді технологияны қолдана отырып, бұлттағы веб-қызметтерді тұжырымдайды.
	«Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар»	Цифрлық құзырет	Қашықтықтан оқыту үдерісінде жеке кәсіби салаларында ақпараттық технологиялардың түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және ұтқыр сервистерді қолдануға қабілетті.
<i>Күнделікті кәсіби қызметінде АКТ-на қажетті білім, білік, дағдыларды өз еркімен игере алады.</i>			

Д.Д. Жантасованың пікірінше, қашықтықтан оқыту жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында шет тілі мұғалімінің қызметі келесі әрекеттерді жүзеге асыруды қамтиды:

1. Компьютерлік телекоммуникация негізінде оқытушымен байланыс орнату және диалог құру;
 2. Шет тілін оқыту процесіне әсер ететін білім алушының анықталған жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір білім алушы үшін шет тілінің мазмұнын игерудің жеке бағытын: мотивтер, қызығушылықтар, бейімділіктер, ағымдағы үлгерім деңгейі, білім мен дағдылардағы өзекті қиындықтар мен олқылықтарды анықтау;
 3. Анықталған жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қашықтықтан оқыту курсының материалын зерттеу бойынша білім алушының қызметін ұйымдастыру;
 4. Білім алушының практикалық тапсырмаларды орындау нәтижелерін және жіберген қателіктерін талдау негізінде оның қызметін түзету;
 5. Білім мен дағдылардағы олқылықтарды жою бойынша шараларды анықтау;
 6. Шет тілі бойынша қашықтықтан оқытудың коммуникативтік бағытын жүзеге асыру мақсатында компьютерлік телекоммуникацияны қолдану негізінде оқытудың барлық субъектілерінің тілдік қарым-қатынасын ұйымдастыру;
 7. Білім алушылардың орындаған үй тапсырмаларын тексеру, үй тапсырмасының үлес салмағын анықтау, белгі қою, егер қажет болса, білім алушының үй тапсырмасын түзету жөніндегі қызметін ұйымдастыру;
 8. Педагогке білім алушылардың дербес жеке және топтық іс-әрекетін ұйымдастыру мен үйлестіруге, тапсырмаларды тексеруге, білім мен дағдыларды игеру нәтижелері мен динамикасын бақылауға ерекше назар аудару керек [4].
- Зерттеушілер Ф. Саметова, Ж. Киынова, Г. Орынханова цифрлық білім беру ресурстарын сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болатын мүмкіндіктерін көрсетті (2-сурет) [5].



2-сурет – Ф. Саметова және т.б. бойынша цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға болатын мүмкіндіктері

Сонымен қатар, дайындалған цифрлық білім беру ресурстарын сабақтан тыс уақытта да қолдануға болады:

- білім алушылардың өзіндік үй жұмысын ұйымдастыру үшін;
- білім алушылардың белгілі бір қабілеттерін дамыту үшін (зейін, есте сақтау, ойлау және т.б.).

Сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолдану сабақтың көрнекілігі мен интерактивтілігін күшейтеді, оқушыларды оқу пәнін оқуға ынталандырады. Сабақтарды мультимедиялық сүйемелдеудің арқасында инновацияларды пайдаланбай, жұмыс істегеніне қарағанда, оқу уақыты орта есеппен 25%-ға дейін үнемделеді.

Келесі талдау тұлғаның психологиялық-педагогикалық тұрғыда дамуына әсер ететін пәндер туралы болмақ. Ендеше, педагогикалық, психологиялық дайындық модуліне жататын «Білім алушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы», «Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі» пәндерін нәтижесінде қалыптасатын құзыреттерді біз, студенттердің жас психофизиологиялық ерекшеліктері мен жеке оқу мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың оқу-танымдық қызметін басқару қабілетінде байқаймыз. Білім алушылардың жас ерекшелігі тұрғысынан даму заңдылықтарын, психофизиологиялық ерекшеліктерін, педагогика ғылымының өзекті мәселелерін оқып үйрену болашақ шетел тілдері мұғалімнің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруда әдістемелік нұсқауларды, теориялық ережелерді педагогикалық жұмыстарға айналдыра білу іскерліктері пайда болады (кесте 4).

Біздің болжауымызда іріктелген пәндер бойынша болашақ шетел тілі мұғалімдері білім алушылардың жас психофизиологиялық ерекшеліктері мен жеке оқу мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың *оқу-танымдық қызметін басқару қабілеті; шет тілін қашықтықтан білім беру модельдері мен технологияларын сауатты меңгеру; қашықтықтан оқыту жағдайында өзіндік жұмысты, педагогикалық шығармашылық қабілетін қалыптастыратын білім траекториясын құрып, педагогикалық-психологиялық құзыретті қамтамасыз ететін күш жинайды.* Бұл өз кезегінде болашақ шетел тілі мұғалімінің психологиялық-педагогикалық дайындығы мен студенттердің қашықтықтан білім берудің мәні мен ерекшеліктерін түсінуі, қашықтықтан білім беру аспектісіндегі білім мен білік оларды синхронды практикалық сабақтар кезінде, асинхронды өзіндік оқу-танымдық жұмыстарды, оқытушының басшылығымен өзіндік жұмыстарды орындау кезінде ішінара қолдануға мүмкіндік береді.

4-кесте – Қашықтықтан оқыту жағдайында қалыптасатын кәсіби құзыреттер

Модуль атауы	Пәндер атауы	Кәсіби құзыреттері	Күтілетін нәтиже
Педагогикалық, психологиялық дайындық	«Білім алушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы»	Педагогикалық-психологиялық құзырет	Балалардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін түсінеді; физиология, психология ғылымдарының зерттеу әдістерін игереді; өзгерістерді физиологиялық-психологиялық тұрғыдан бағалайды.
	«Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі»	Педагогикалық-психологиялық құзырет	Оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді, білім алушылардың жас шамасы бойынша дамуындағы психофизиологиялық ерекшеліктерді есепке ала отырып, білім алушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін және педагогика мен психологияның теориялық негіздерін қолдана біледі.
<i>Күнделікті кәсіби қызметінде білім алушылардың жас шамасы бойынша дамуындағы психофизиологиялық ерекшеліктерді есепке ала отырып, олардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін және педагогика мен психологияның теориялық негіздерін қолдана біледі.</i>			

Ендігі кезекте «Негізгі шетел тілінің тәжірибелік курсы» мен «Іс жүзіндегі ағылшын тілі» деп аталатын модульдерге енетін пәндерге талдау жүргізейік (5-кесте).

Бұл модульдерде қарастыратын пәндер шет тілінде сөйлеу әрекетінің төрт түрін жүзеге асыру үшін лексикалық және грамматикалық бірліктерді, тіл фонологиясын білуге және меңгеруге, практикалық және кәсіби білімді өзектендіру қабілетін жетілдіруге, тілдік жүйемен жұмыс істеуге, сөйлемдердің мағынасын анықтауға, сөйлем деңгейінен тыс жұмыс істеуге қажетті білім мен дағдыларды игеруге бағытталады. Сонымен қатар, кәсіби (педагогикалық) жағдайларға коммуникативтік стратегияларды қолдана отырып, монолог пен диалог құра білу, қашықтықтан оқыту жағдайында оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу негізінде сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін қалыптастыру және дамыту қабілетін игеруді қамтамасыз етеді.

Келесі талдауда біз, әдістеме және талдау модуліне кіретін «Шет тілдік білім беру әдістемесіндегі инновация», «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі», «Шетел тілін ерте жастан үйрету әдістемесі» пәндеріне тоқталамыз.

Бұл іріктілген пәндер қашықтықтан оқытуды жоспарлау және ұйымдастыру мәселелерін қарастырады. Яғни, шет тілдік білім беру әдістемесіндегі инновацияны, шет тілін оқыту әдістемелерін оқып үйрену жағдайындағы кәсіби құзыреттің дұрыс қалыптасуы қашықтықтан білім беру жағдайында инновациялық педагогикалық және ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгеруге, шетелдік білім беру әдістемесінің дамуын, әдіснамалық әзірлемелерін дайындау бойынша тапсырмаларды орындауға, әлеуметтік-тарихи шарт заңдылықтарын жүйелеуге, мәдени контексте тілді оқыту процесін дамыту жолдарын біріктіруге, академиялық қарым-қатынас саласында қойылған міндеттерді шешу тәсілдерін салыстыруға, тұлғаның коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени дамуын қалыптастыруға, қашықтықтан оқыту жағдайында оқу процесін және сыныптан тыс жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру білігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ендеше, лингвистикалық, шет тілдік коммуникативтік, әдістемелік құзыреттерді тудыруы мүмкін.

5-кесте – Қашықтықтан оқыту жағдайында қалыптасатын кәсіби құзыреттер

Модуль	Пәндер атауы	Кәсіби құзыреттері	Күтілетін нәтиже
Негізгі шетел тілінің тәжірибелік курсы	Ағылшын тілінде тыңдау және сөйлеу	Лингвистикалық құзырет	оқытылған тақырыптар шеңберінде жоспар құрады, мәтінді жазады, редакциялайды және түзетеді; коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінділер алады.
	Кәсіби бағдарланған шетел тілі	Лингвистикалық құзырет	оқытудың мәдениетаралық және ғылыми-кәсіби бағытта болуы, студенттерде арнайы кәсіби тілдік шеңберіндегі іскерліктерін қалыптастырады; студенттер шетел тілінде тілдік қарым-қатынастағы барлық іскерліктерін пәннің жалпы кәсіби аясында ары қарай дамытып, тілді кәсіби қарым-қатынас мақсатында қолдануға үйренеді.
Іс жүзіндегі ағылшын тілі	Академиялық шетел тілі	Шет тілдік коммуникативтік құзырет	ғылыми стильдің жанрлық түрлерін анықтайды және суреттейді; академиялық ортада қатынасты дамыту үшін қолданылатын ауызша және жазбаша шет тілдік академиялық қатынас өзгешелігімен танысады. кәсіби қызмет аумағында заман талабына сай, жаңа ақпараттар жинайды және өңдейді; сөйлеу қызметінің төрт түрі: оқылым, жазылым, сөйлеу, тыңдалым бойынша академиялық қатынас шеберліктері мен дағдыларын дамытады; оқу тапсырмаларын орындау үшін құрбы-құрдастарымен (жұпта, топта) бірлесіп жұмыс жасайды;
	Кәсіптік қарым-қатынас мәдениеті бойынша практикум, Мәдениетаралық коммуникация	Шет тілдік коммуникативтік құзырет	
<i>Күнделікті кәсіби қызметінде шет тілінде сөйлеу әрекетінің төрт түрін жүзеге асыру үшін лексикалық және грамматикалық бірліктерді, тіл фонологиясын білуді және меңгеруді, сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін қалыптастыру және дамыту қабілетін игереді.</i>			

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың мүмкіндіктерін зерттей келе, қашықтықтан оқыту жағдайында шет тілі мұғалімінің функциялары өзгеріске ұшырайтынын байқаймыз. Мұғалімнің шет тіліндегі ақпаратты түсіндіруге, таратуға байланысты рөлі айтарлықтай төмендейді. Яғни, қашықтықтан оқыту кезінде мұғалім:

- бағдар беру, оқу іс-әрекетінің бағыттарын анықтау, оқушыны бағдарламада қарастырылған тапсырмаларды да, бастамашыл шығармашылық жұмыстарды да орындауға ынталандыру тұрғысынан ұйымдастырушы бола алады;

- тілдік (грамматикалық, лексикалық және фонетикалық) материалды, АКТ құралдарын (компьютерлік телекоммуникациялар, оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдар және т.б.) дұрыс пайдалануға көмек көрсету тұрғысынан консультант;

- ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту, оның ішінде дискутивті дағдыларды пысықтау мақсатында диалогтарды бірлесіп құрастыру, түрлі тақырыптарды талқылау кезінде серіктес; мәліметтерді дәлелдеу, фактілерді логикалық бағалау;

- ақпаратты іріктеуге, түсіндіруге және ұсынуға сыни қарауға ықпал ететін білім алушының іздеу және зерттеу қызметін сүйемелдейтін үйлестіруші;

- білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелерін талдаумен, білім алушылардың оқу процесін жетілдіру және оқу қызметін өзін-өзі түзету бойынша шешімдер қабылдаумен айналысатын менеджер бола алады [6].

Олай болса, білім беру бағдарламаларының мақсат-міндеттерін қарастыру негізінде кәсіби құзыреттер құрылымындағы көрсеткіштерге сәйкес білім беру бағдарламасына еңген оқу пәндерінің мазмұнын талдай келе қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану, ақпараттық білім ортасында білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, шет тілінде ғылымның тиісті саласында ғылыми ақпаратпен жұмыс істей білу, оны педагогикалық өңдеуге және оқу материалын құрастыруда пайдалану, цифрлық құралдары мен ресурстарын пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыра білу және т.б. секілді әрекеттерді жүзеге асыруға негізделген тапсырмалардың толыққанды қарастырылмағанын және жүйелі берілмегенін анықтадық. Бұл мәселе бізге арнайы қашықтықтан оқыту жағдайында кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін модельді әзірлеуді міндеттейді. Ендеше, қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсіби құзыретін қалыптастырудың мүмкіндіктерін арттыру мақсатында модель ұсынамыз (3-сурет).

Тұтастай алғанда, бұл мүмкіндіктерді мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына қосу болашақ шет тілі мұғалімдерінің күрделі мәселелерді шешуге және олардың кәсіби өсуіне ықпал ете отырып, қашықтықтан оқыту ортасына тиімді қатысуға жақсы дайындалуын қамтамасыз ете алады.

Осы мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін білім беру процесіне арнайы курстарды енгізу қажет, мысалы, «шет тілін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі» авторлық курсы. Бұл курстың негізгі мақсаты студенттердің білім беру процесін ұйымдастырудың әдіснамалық аспектілері бойынша кәсіби білімі мен дағдыларын дамыту болып табылады.

Осы талаптарды ескере отырып, қашықтықтан оқыту контексінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін модель жасау қажеттілігі туындайды. Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту үшін біз «6B01730 – Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасына енгізілген оқу пәндерін талдауға негізделген келесі мүмкіндіктерді ұсынамыз:


Біріншіден, болашақ мұғалімдер үшін Moodle, Canvas, веб-форумдар және Skype, Zoom, Google Meet және Microsoft Teams сияқты байланыс құралдары сияқты сандық платформаларды, веб-технологияларды және электрондық оқыту ресурстарын меңгеру және тиімді пайдалану өте маңызды. Сыныпта төңкерілген стратегияларды енгізу [7; 8] сонымен қатар оқушыларға үйде бейне сабақтарға қол жеткізуге және тақырыптар бойынша негізгі білім алуға мүмкіндік беру арқылы оқу нәтижелерін жақсарта алады.

Екіншіден, жалпы білім беретін мектептердегі кәсіби қызмет талаптарына сәйкес білім беру процесін жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру мүмкіндігі бар. Бұл қашықтықтан білім берудің модельдері мен технологияларын меңгеруді, сондай-ақ шет тілін оқытудың әдіснамалық тәсілдері мен теориялық негіздерін терең түсінуді қамтиды.

Үшіншіден, лексикалық және грамматикалық бірліктерді зерттеуге, сөйлеу әрекетін дамытуға, фонологияға, тілдік жүйелерге, мағыналарды түсіндіруге, тілді нақты контексте дұрыс қолдануға және тиімді өзара әрекеттесу мен коммуникативті дағдыларды дамыту үшін нақты әдістерді қолдануға назар аудару керек.

Төртіншіден, шет тілінде қарым-қатынастың арнайы жалпы кәсіби, академиялық және іскерлік деңгейлерін меңгеру өте маңызды. Бұған қашықтықтан оқыту процесінде сөйлеу әрекетін дамыту, ойлау мәдениетін тәрбиелеу, ақпаратты талдау және жинау, әлеуметтік-мәдени және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын игеру кіреді.

Бесіншіден, болашақ мұғалімдерге қашықтықтан оқытуға тән өздерінің әдістемелік жүйелерін, әдістерін, модельдері мен тәсілдерін құруға және пайдалануға мүмкіндік беру маңызды. Бұл қашықтықтан оқыту жағдайларына бейімделген дидактикалық және оқу материалдарын әзірлеуді қамтиды.



3-сурет – Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсіби құзыретін қалыптастырудың мүмкіндіктері

Соңында, қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған біліктілікті арттыру курстарын, арнайы курстар мен ғылыми-әдістемелік семинарларды енгізген жөн. Бұл бастамалар Білім беру бағдарламаларына немесе мұғалімдерге арналған қосымша оқыту бағдарламаларына енгізілуі мүмкін [9].

«Шет тілін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және әдістері» элективті курсының тиімділігі бірнеше негізгі шарттарға байланысты:

- студенттердің негізгі лингвистикалық және шет тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін жандандыру;

- базалық және факультативтік педагогикалық пәндермен, сондай-ақ арнайы және әдістемелік курстармен пәнаралық байланыс;

- сабақтарда және сыныптан тыс іс-шараларда қашықтықтан оқыту технологияларын зерделеу және практикалық игеру үшін оқушыларды білім беру қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлеріне тарту;

- қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың мектеп практикасымен байланысы;

- ЖОО оқытушыларының қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық жұмысқа дайындығы.

Осы факультативтік модуль шеңберіндегі дәрістер болашақ шет тілдері оқытушыларын қашықтықтан оқыту мәселелерін шешуге дайындаудың маңызды аспектілеріне тереңірек үңіле отырып, берік негіз қалайды. Бұл сабақтар педагогикалық және мамандандырылған лингвистикалық курстардан алынған білімнің үздіксіздігіне баса назар аудара отырып, қашықтықтан оқытуға байланысты білім мен дағдыларды игеруден асып түседі. Мұндай кешенді тәсіл педагогикалық және лингвистикалық қабілеттерді үйлестіруге, жалпы педагогикалық принциптерді түсіндіруге, студенттердің шығармашылық танымдық қабілеттерін дамытуға және біртұтас педагогикалық талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Семинар, дәріс кезінде алынған теориялық эрудицияны нығайту үшін тигель ретінде қызмет етеді. Мұнда тілді қашықтықтан оқытуға қатысты нақты құралдар мен әдістемелер мұқият қарастырылады. Сонымен қатар, семинарлар қашықтықтан оқытудың көптеген аспектілеріне, оның әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеуге және білім беру ландшафтында психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған [10].

Бұл курс психологиялық және педагогикалық пәндермен өзара әрекеттесуді қолдайды. Және қашықтықтан оқытуға деген оптимистік көзқарасқа ықпал ететін және студенттерге оны ұйымдастыра білуге мүмкіндік беретін кеңейту ретінде қызмет етеді. Бұл мәселенің шарықтау шегі бастапқы және соңғы академиялық жылдарды қамтитын күрделі процесте өтеді. Сонымен қатар педагогикалық пәндер бойынша оқу бағдарламасы аясында көрінеді, педагогикалық практика кезеңінде нығайтылады және сыныптан тыс салада өркендейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қашықтықтан білім беруде болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жүйелі және өзара байланысты көзқараспен қарау өте маңызды. Таңдау курстарын өз бетінше таңдай алу және жеке даму жолдарын әзірлеуге белсенді қатысу үшін студент білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері туралы жақсы хабардар болуы керек.

Жүйелі және өзара байланысты тәсілді қамтамасыз ете отырып, білім беру бағдарламасы студенттерге қашықтықтан білім беруде қажетті кәсіби құзыреттіліктер туралы жан-жақты түсінік бере алады. Бұл студенттерге оқу процесін олардың нақты қызығушылықтарына, мақсаттарына және кәсіби ұмтылыстарына сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді.

Студенттерге күтілетін нәтижелер туралы білім беру және оларды таңдау курстарына қатысты шешім қабылдау процесіне тарту жеке меншік пен автономды болу сезімін дамытуға ықпал етеді. Бұл білім алушыларды өздерінің кәсіби дамуы үшін жауапкершілікті алуына және олардың жеке қажеттіліктері мен мансаптық ұмтылыстарына сәйкес келетін іс-шараларға белсенді қатысуға шақырады.

Осылайша, қашықтықтан білім беруде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға жеке-бағдарланған көзқарас болашақ шет тілдерінің мұғалімдеріне өздерінің оқу процесінің белсенді қатысушылары болуға және сәйкесінше өздерінің білім беру траекторияларын жобалауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың дербестігін көтермелеу және жеке оқытуды ынталандыру арқылы білім беру бағдарламасы Болашақ шет тілі мұғалімдерін қашықтықтан білім беру ортасында өркендеу үшін қажетті дағдылармен, құзыреттіліктермен тиімді қаруландыра алады.

Осылайша, білім алушыларға бағытталған жүйелі тәсіл оқушыларға күтілетін нәтижелер туралы ақпарат берумен қатар, қашықтықтан білім беру саласындағы болашақ шет тілдері мұғалімдеріне саналы таңдау жасауға және өздерінің кәсіби даму траекторияларын қалыптастыруға белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 27 маусымдағы №28916 бұйрығына сәйкес бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (қаралған күні 10.03.2023)
2. Насибуллов Р.Р. Развитие дистанционной формы обучения будущих учителей (конец XX – начало XXI вв.): Монография / Под общ. ред. А.Н. Хузиахметова. – Казань: Татарское Республиканское издательство «Хэтер», 2013. – 176 с.
3. Caena F., Redecker C. Aligning teacher competence frameworks to 21st century challenges: The case for the European Digital Competence Framework for Educators (DigcompeDu) // *European Journal of Education*. – 2019. – №54(3). – P. 356–369. [Electronic resource]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/ejed.12345> (date of access 26.05.2023)
4. Джантасова Д.Д. Формирование готовности будущих учителей иностранного языка к работе в системе дистанционного обучения: дис. ... канд. пед. наук. – Караганды: КарГУ им. Академика Е.А. Букетова, 2010. – 199 с.
5. Саметова Ф., Кыинова Ж., Орынханова Г. Цифровые образовательные ресурсы как обеспечение нового качества образования // *Вестник КазНУ (серия: педагогические науки)*. – 2022. – №2(71). – С. 126–134.
6. Джантасова Д.Д. К проблеме подготовки будущих учителей иностранных языков к работе в системе дистанционного обучения. [Электронный ресурс]. URL: <file:///E:/Downloads/k-probleme-podgotovki.pdf> (дата обращения 15.03.2023)
7. Han S. Flipped classroom: Challenges and benefits of using social media in English language teaching and learning // *Frontiers in Psychology*. – 2022. – №13. – P. 996294. doi: 10.3389/fpsyg.2022.996294
8. Jiao W. An Empirical Study on Computer Flip Classroom Teaching in College English Teaching // *Journal of Physics: Conference Series*. – IOP Publishing, 2021. – T. 1915. – №3. – C. 032020.
9. Teelken C. Compliance or pragmatism: How do academics deal with managerialism in higher education? A comparative study in three countries // *Studies in higher education*. – 2012. – T. 37. – №3. – P. 271–290.
10. Kovalenko M., Rusnak A., Lomonosov D. Ways of ensuring the compliance of the activities of higher education institutions with modern challenges // *Baltic Journal of Economic Studies*. – 2021. – T. 7. – №5. – P. 104–113.

REFERENCES

1. QR Gylym jane jogary bilim ministrinin 2022 jylgy 27 mausymdagy №28916 buirygyna saikes bekitilgen jogary bilim berudin memlekettik jalpyga mindetti standarty [State mandatory standard of

- Higher Education, approved in accordance with the order of the minister of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan dated June 27, 2022 No. 28916]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (date of access 10.03.2023) [in Kazakh]
2. Nasibullov R.R. Razvitie distancionnoi formy obuchenia budushih uchitelei (konec XX – nachalo XXI vv.) [Development of distance learning for future teachers (late 20th – early 21st centuries)]: Monografia / Pod obsh. red. A.N. Huziahmetova. – Kazan: Tatarskoe Respublikanskoe izdatelstvo «Heter», 2013. – 176 s. [in Russian]
 3. Caena F., Redecker C. Aligning teacher competence frameworks to 21st century challenges: The case for the European Digital Competence Framework for Educators (DigcompeDu) // European Journal of Education. – 2019. – №54(3). – P. 356–369. [Electronic resource]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/ejed.12345> (date of access 26.05.2023)
 4. Djantasova D.D. Formirovanie gotovnosti budushih uchitelei inostrannogo iazyka k rabote v sisteme distancionnogo obuchenia [Formation of the readiness of future foreign language teachers to work in the system of distance learning]: dis. ... kand. ped. nauk. – Karagandy: KarGU im. Akademika E.A. Buketova, 2010. – 199 s. [in Russian]
 5. Sametova F., Kiynova J., Orynhanova G. Cifrovye obrazovatelnye resursy kak obespechenie novogo kachestva obrazovaniya [Digital educational resources as a way to ensure a new quality of education] // Vestnik KazNU (seria: pedagogicheskie nauki). – 2022. – №2(71). – S. 126–134. [in Russian]
 6. Djantasova D.D. K probleme podgotovki budushih uchitelei inostrannyh iazykov k rabote v sisteme distancionnogo obucheniya [On the problem of future foreign language teacher training for work in the distance learning system]. [Electronic resource]. URL: <file:///E:/Downloads/k-probleme-podgotovki.pdf> (date of access 15.03.2023) [in Russian]
 7. Han S. Flipped classroom: Challenges and benefits of using social media in English language teaching and learning // Frontiers in Psychology. – 2022. – №13. – P. 996294. doi: 10.3389/fpsyg.2022.996294
 8. Jiao W. An Empirical Study on Computer Flip Classroom Teaching in College English Teaching // Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2021. – T. 1915. – №3. – S. 032020.
 9. Teelken C. Compliance or pragmatism: How do academics deal with managerialism in higher education? A comparative study in three countries // Studies in higher education. – 2012. – T. 37. – №3. – P. 271–290.
 10. Kovalenko M., Rusnak A., Lomonosov D. Ways of ensuring the compliance of the activities of higher education institutions with modern challenges // Baltic Journal of Economic Studies. – 2021. – T. 7. – №5. – P. 104–113.

ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ

ӘОЖ 39(4/9); МҒТАР 03.61.91

<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.31>Г. ПРИМКУЛОВА¹, Н. КАТТАБЕКОВА², Н. ӘБДІРАШИТ³¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцентҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gaukar.primkulova@ayu.edu.kz²тарих ғылымдарының кандидаты,Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті м.а.
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің магистранты
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: nursezimabdirashit@mail.ruҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ СУНАҚТАРДЫҢ
ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНУЫ

Аңдатпа. Этнос тарихының шығу-тегі туралы мәселелерін қарастыруда кейбір этникалық, этнографиялық және басқа топтарды зерттеу ерекше маңызға ие. Атап айтқанда, бұл топтар этностың бір бөлігінің аумақтық бөлінуінің, қандай да бір басқа халықтың немесе оның бір бөлігінің ассимиляция процесінің аяқталмауының, бұрын болған рулық бөлінудің қалдықтарының, сондай-ақ халықтың белгілі бір бөлігінде ерекше этноәлеуметтік немесе этноконфессиялық мәртебенің (субэтникалық топ) болуының салдары болып табылады. Бұл мақалада дәстүрлі қазақ қоғамының ішінде тайпалық және жүздік жүйеге кірмейтін субэтникалық топ ретінде сунақтардың этногенезі мен негізгі орналасу аймақтары қарастырылады. Этнографиялық зерттеулерде осындай этнос түрлерінің әр түрлі рулардан, тайпалардан және тіпті халықтардан құралғаны, бірақ тілі, мәдениеті, шаруашылық-мәдени түрі бойынша қазақ этносына өте жақын болғаны көрсетіледі. Олардың этникалық құрамында түркі, иран, моңғол және басқа да этникалық компоненттер болғаны да анық.

Сунақтар – субэтникалық топ өкілдері ретінде қазіргі Қазақстанның оңтүстік бөлігінде тіркелген. Бұл халықтың кеңістікте нақты шоғырланған аумағы Сырдарияның орта ағысы болды. Сонымен қатар, сунақтар Қазақстанның оңтүстігін мекендеген басқа рулық құрылым өкілдері сияқты көшпелі өмір салтын ұстанбады.

Кілт сөздер: сунақтар, тайпа, этникалық топтар, жүздер, субэтнос, ассимиляция.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Примкулова Г., Каттабекова Н., Әбдірашит Н. Қазақстан аумағындағы сунақтардың этникалық тарихы және қоныстануы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 393–405. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.31>

***Cite us correctly:**

Primkulova G., Kattabekova N., Abdirashit N. Qazaqstan aumagyndagy sunaqtardyn etnikalyq tarihy jane qonystanuy [Ethnic History and Settlement of the Sunacks on the Territory of Kazakhstan] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 393–405. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.31>

G. Primkulova¹, N. Kattabekova², N. Abdirashit³

¹*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gaukar.primkulova@ayu.edu.kz*

²*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan) e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz*

³*Master Student of O. Zhanibekov South Kazakhstan State Pedagogical University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: nursezimabdirashit@mail.ru*

Ethnic History and Settlement of the Sunacks on the Territory of Kazakhstan

Abstract. Of particular importance when considering questions of the origin of the history of an ethnic group is the study of some ethnic, ethnographic, and other groups. In particular, these groups are a consequence of the territorial division of part of the ethnic group, the incompleteness of the process of assimilation of some other population or part of it, the remnants of a previously existing tribal division, as well as the presence of a special ethnosocial or ethnoconfessional status (subethnic group) of a certain part of the population. This article examines the ethnogenesis and main regions where the Sunaks are located as a subethnic group that is not included in the tribal and clan system of traditional Kazakh society. Ethnographic studies show that such ethnic groups consisted of different clans, tribes, and even peoples, but in language, culture, economic, and cultural type they were very close to the Kazakh ethnic group.

The Sunaks, as representatives of a subethnic group, inhabit the territory of modern southern Kazakhstan. The settlement area of the Sunaks was a clearly concentrated space - the middle stream of the Syr Darya. In addition, the Sunaks did not lead a nomadic lifestyle, like representatives of other tribal formations that inhabited the southern part of Kazakhstan.

Keywords: Sunaks, tribe, ethnic groups, zhuz, subethnic group, assimilation.

Г. Примкулова¹, Н. Каттабекова², Н. Абдирашит³

¹*кандидат исторических наук, доцент
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: gaukar.primkulova@ayu.edu.kz*

²*кандидат исторических наук,
и.о. доцента Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz*

³*магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
имени О. Жанибекова (Казахстан, г. Шымкент), e-mail: nursezimabdirashit@mail.ru*

Этническая история и расселение сунаков на территории Казахстана

Аннотация. Особое значение при рассмотрении вопросов происхождения истории этноса имеет изучение некоторых этнических, этнографических и других групп. В частности, эти группы являются следствием территориального деления части этноса, неполноты процесса ассимиляции какого-либо другого населения или его части, остатков ранее существовавшего родового деления, а также наличия особого этносоциального или этноконфессионального статуса (субэтнической группы) у определенной части населения. В данной статье рассматривается этногенез и основные регионы размещения сунаков как субэтнической группы, не входящих в племенную и родовую систему традиционного казахского общества. Этнографические исследования показывают, что такие этносы состояли из разных родов, племен и даже народов, но по языку, культуре, хозяйственно-

культурному типу были очень близки к казахскому этносу. Очевидно, что в их этническом составе были тюркские, иранские, монгольские и другие этнические компоненты.

Сунаки как представители субэтнической группы населяют территорию современного южного Казахстана. Территория расселения сунаков было четко сконцентрированным пространством – средний поток Сырдарьи. К тому же, сунаки не вели кочевой образ жизни, как представители других родовых образований, населявших южную часть Казахстана.

Ключевые слова: сунаки, племя, этнические группы, жузы, субэтнос, ассимиляция.

Кіріспе

Қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымдық бірліктері – ру, жүз, патронимия – мұның бәрі қазақтардың этникалық бірегейлігі маңыздылығын растайтын этнографиялық және тарихи дереккөздер. Қазақтардың рулық бөлінуі осы құбылыстың табиғаты мен генезисіне қарамастан, өзгермейтін тарихи факт болып табылады [1, 15-б.].

Халықтардың этногенезі мен этникалық тарихын зерттеу деректері бойынша, рулық құрылым этностың қалыптаспауының дәлелі емес [2]. Басқаша айтқанда, көшпелі түркі халықтарында рулық құрылымның қалыптасуы географиялық ортаға, табиғи-климаттық және шаруашылықтың, экономикалық қызметтің ерекшеліктеріне байланысты болады.

Қазақ халқы этнологиялық ғылым тұрғысынан күрделі этникалық құрамы бар, бірақ сонымен бірге мәдени, тарихи, тілдік және басқа да аспектілерде біртұтас этнос болып табылатын қазіргі түркі тілдес халықтардың бірі ретінде айтарлықтай қызығушылық тудырады [3].

Қазақ халқының құрамында – жүз, ру ерекше топтары бөлінді, олар әдебиетте «таптар», «субэтникалық топтар», «рулар» және т.б. терминдермен аталып, қазақ халқының этникалық тұтастығын бұзбады. Мәселен, 1867 жылы Дала өлкесінің әкімшілік құрылымы мәселелері туралы біріккен комиссияның құжаттарының бірінде былай делінген: «Жергілікті жағдайлар мен халықтың тұрмыс-тіршілігінің қажеттілігін зерделеу комиссияны қырғыздардың (қазақтар) шығу тегі, сенім, тіл және өмір салты туралы мәліметтер бір халықты құрайтындығына сендірді, сондықтан, оларды тұтас басқару қажет» [4, 261-б.].

Ш. Уәлиханов қазақ құрылымын зерттеу мәселесі бойынша бірқатар ғылыми тұжырымдар жасап өтті. Қазақ қоғамындағы ноғай, қырғыз, қожалардың орны туралы, олардың жағдайына талдау жасап көрсетеді: «Қожалар ақ сүйекке жатпайды, бірақ олар тұлға ретінде сұлтандармен тең дәрежеде құрметтеледі, рухани, шарифат үкімдерін қатаң орындаушылардың және пайғамбардың ұрпақтары. Бұл қожалар Түркістан немесе Әзірет қаласында тұрады және қырғыздар арасында тараған» [5, 198-б.]. Ш. Уәлиханов қожалардың (сейіттердің) Шығыс Түркістандағы артықшылық жағдайын көрсетеді. Атап айтқанда, оларға өлім жазасы, дене жазасы қолданылмайды және олар барлық баждар мен салықтардан босатылған. Сейіттер әкімшіліктің басында, олар маңызды, тіпті дипломатиялық лауазымдарға бекітілген.

Қазақ халқының этникалық құрамы туралы мәселе революцияға дейінгі бірқатар ресейлік және кеңестік зерттеулердің объектісіне айналды. Сонымен қатар, бұл тақырып отандық этнология мен тарихтың дербес бағыты ретінде жүйелі түрде шамалап қамтылған. Бұл проблеманы толық зерделеу үшін: қазіргі тарихи және этнологиялық ғылымдардағы субэтникалық топтардың теориялық және методологиялық аспектілерін зерттеу; революцияға дейінгі ресейлік, кеңестік және қазіргі заманғы авторлардың еңбектерінде инокультуралық және шет тілді қазақтардың инкорпорацияланған және жүзге кірмейтін топтарын зерттеу ерекшеліктерін анықтау; белгілі хронологиялық уақыт кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша жүзге кірмейтін топтардың қоныстануының негізгі ерекшеліктерін

сипаттау; қазақ халқының құрамындағы жүзге кірмейтін топтардың дамуының тарихи кезеңдерін жүйелі талдаулар жүргізу қажет.

Әр тарихи кезеңде қазақ халқының этникалық құрамында егеменді және этникалық тектес топтардан да басқалары тіркелген, олардың қатарына орыстар, сарттар, сунақтар мен қалмақтар жатады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың тақырыбын зерттеу барысында талдау, синтез, салыстыру, диахрондық әдіс сияқты ғылыми әдістер қолданылды. Сондай-ақ, этникалық топ өзінің дәстүрлі мәдениетінде ерекшеліктердің болуымен сипатталады, ал субэтникалық топ мәдениет пен тілдегі ерекшеліктерден басқа, осы топ өкілдерінің белгілі бір топтық өзіндік санасының болуымен сипатталады. «Тайпалық» топтар деп белгіленген қазақ халқының этникалық топтары мәдениеті пен тілінде ерекшеліктерге ие емес. Қарастырылып отырған қазақ халқының құрамындағы этникалық топтарды белгілеу үшін ғылымда «инкорпорацияланған топтар» және «жүзге кірмейтін топтар» деген тіркес қолданылып келеді. Инкорпорацияланған топ белгілі бір кезеңде қандай да бір қазақ тұқымының құрамына кірген топ ретінде түсініледі, ал жоғары оқу орнынан тыс топ жүздер мен рулардан тыс қазақтардың ерекше тұқымын құраған егеменді (шет тілді) текті топ ретінде айқындалады [1, 5-б.].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Дала өлкесінде жүргізілген экспедициялар материалдарында қазіргі Қазақстанның солтүстік, шығыс, орталық, оңтүстік-шығыс, оңтүстік және батыс аумақтарының жекелеген уездері мен облыстарының қазақ халқының этникалық құрамы туралы мәліметтер бар. Бұл дереккөздің маңыздылығы оларда қазақтың «руларының» атаулары нақты көрсетілген, олардың ішінде немесе жекелеген дербес рулар ретінде қырғыздар, түркімендер, татарлар, қалмақтар, қарақалпақтар және басқа да рулар тіркелген, олар осы уақытқа дейін қазақ этносының ажырамас бөлігі болып табылады.

Этникалық топтардың құрамын ғылыми тұрғыда зерделеу мәселесі бірнеше параметрлермен қарастырылады. Н.Т. Сауранбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілер» атты зерттеуінде «қазақ ұлтының біртұтас тілін қалыптастыру процесі, ең алдымен, рулық-тайпалық диалектілердің ерекшеліктерін жою және жоғалтумен қатар жүрді... қазақ тілінің қазіргі диалектілік айырмашылықтарын біз XV ғасырдан кейін, яғни біртұтас қазақ ұлтының даму кезеңінде пайда болған құбылыс ретінде қарастырамыз. Олардың белгілері бойынша олар рулық тілдермен де, диалектілермен де сәйкес келмейді, сондай-ақ баяғыда қазақтардың рулық-тайпалық бөліністерімен өз мағынасын жоғалтқан.

Қазақ тілінің қазіргі диалектілік айырмашылықтары Қазақстанның кең аумағының әртүрлі аудандарындағы қазақ халқының жекелеген бөліктерінің қоғамдық-экономикалық және мәдени өмірінің ерекшеліктеріне байланысты» деп тұжырымдайды [6]. Қазақстандық ғылымда лингвомәдени критерий негізінде қазіргі қазақ этносының шеңберінде субэтностарды бөлу жеткілікті жаңа бағыт болып табылады. Қазақ тілі салыстырмалы түрде біртекті. Ұзақ уақыт бойы оның диалектизмі туралы пікір басым болды. «...Қырғыздар алып жатқан орасан зор кеңістікке қарамастан - олардың тілі, тіпті бір-бірінен ең алыс жерлерде де, толығымен дерлік бірдей», - деп жазды П. Мелиоранский (1897). Қазақ халқының әртүрлі топтарының тіліндегі ерекшеліктер рулық деңгейде бөліну көрінісі емес, аумақтық сипатқа ғана ие.

Талдау мен нәтижелер

Филология ғылымының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің мәліметі бойынша қазақ халқының құрамында жүздік бөлікке кірмейтін 19 ру-тайпалар бар. Сунақтар сол жүздік бөлікке кірмейтін, сунақтың таңбасы жоқ деп кейбіреулер айтып жүргендей емес,

өзінің таңбасы, ұраны бар ру-тайпалардың бірі [7]. Ал, сол жүзге жатпайтын Сунақтар деген кім деген сауалға жауап беріп көрейік.

VII ғасырдың бірінші жартысында Араб түбегінде соңғы және Алланың ең сүйікті Пайғамбары Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басшылығымен адамзат тарихында алғаш рет Ислам діні дүниеге келіп, Ислам мемлекеті құрылды. Мұхаммад Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ислам дінін халықтар арасында кең тарату мақсатында үгіт-насихат жұмыстарымен қатар, «Дін үшін қасиетті соғыс» ұранын жариялады. Бұл ұранға үн қосу әрбір мұсылманның басты міндетіне айналды. Яғни, әрбір мұсылман өзін-өзі құрбан етуге дайын болу, өзімен өзі күресіп, өзін жеңіп шығу керек болды. Сонымен қатар, бұл міндетті орындау үшін ислам дінін соғыссыз бейбіт жолмен тарату мақсатында дінді қабылдататын елдерге алдын ала үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін миссионерлер (ислам дінінің артықшылығын уағыздап, дінді бейбіт жолмен таратушылар) жіберу жөнінде шешім қабылданды.

Миссионерлер алдында араб түбегінен тыс жерлерге үй-жайын, туған-туысқандарын, елін өмір бақи осы дін үшін құрбан етіп, исламның шарифат жолдарын, қасиетті құранды, суннаны мүлтіксіз жете біліп, исламның жолдарын, талаптарын өз басы мейлінше таза ұстау, ислам дінін тарату үшін үгіт-насихат жүргізетін елдердің тілін үйреніп, әдет-ғұрпын, салтын, мәдениетін білу сияқты, тағы басқа да көптеген міндеттер тұрды.

Осы міндеттерді мойындап, мүмкін болғанша Ислам дінін соғыссыз, бейбіт жолмен, түсіндіріп, насихаттап, халықтың сеніміне ену жолымен мұсылмандыққа тарату мақсатында Араб түбегінен тыс, оның ішінде түркілер жеріне – Орта Азия мен қазіргі Оңтүстік Қазақстанға да миссионерлер жіберілген.

Ол туралы Сейіт-Омар Саттарұлы «Түркілер арасына «Ислам аша» келгендердің алғашқы легін Оңтүстік Қазақстан жеріне 651–655 жылдар көлемінде басқарып келген эзиздердің ішінде бірінші халиф Әбу Бәкір ас-Сыддық әулетінен Халид ибн Валид атты сахаба болған... Түркістан жеріне алғаш қадам басқандардың алғы шебінде болғандықтан «Ислам аша» келіп Түркістан топырағында, араб нәсілділерінің түпкілікті тұрғын болған қауымынан 150 жылдай бұрын келген деп есептеуге тура келеді» деп жазады [8]. Оңтүстік Қазақстан жеріне жібек жолы керуеншілеріне ілесіп, Ислам дінін жергілікті халықты насихаттап, тарату мақсатында құранды құшақтап келген әдепкі миссионерлер Сейіт- Омар Саттарұлы жазғанындай Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ең сенімді серігі, шәкірті, әрі ең жақын досы, ол қайтыс болғаннан кейін бірінші халиф болған Әбу Бәкір ас-Сыддықтың сунна жолын ұстаушы ұрпақтары болған.

Сунна – Мұхаммад пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үлгі-өнегесі мен өсиетіне сай мұсылман дініндегі адамдар орындауға тиісті амалдар. Яғни, сунна Алла жолына берілген адамдардың орындауға тиісті іс әрекетінің ережесі. Шарифатта Құранмен қатар суннаны қолдану қажеттілігі Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көзі тірісінде қолданылған. Әдепкі келген миссионерлер Әбу Бәкір ас-Сыддықтың ұрпақтары Сунна ағымындағы болғандықтан да өздерінің діни ұстанымын «Құдай – бір, Пайғамбар – хақ, Сунна – ақ», яғни Сунна жолы ең дұрыс жол деп, Сунна-ақ деген ұранмен келіп, ислам дінін уағыздаған. Ол заманда арабтардың мәдениеті мен әдебиеті рухани жан дүниелерінің байлығы жағынан жергілікті халықтан көш ілгері болатын. Келген миссионерлер өз қаржыларына мешіт, медресе салып, жергілікті халықты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеген, жастарды медреседе тек ислам дінінің қағидаларын ғана оқытпай, сонымен қатар математика, медицина, география, т.б. ғылым салаларын да оқытып, сауатын ашумен айналысқан.

Сунақ этимологиясы. Сунақ сөзіне ұқсас «Суннах» атауы мұсылмандықтың алғашқы таралу жылдарында атала бастаған. Ислам діні әдепкі басталған тұста Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандардың мұсылман еместерден сыртқы

бейнесінің де айырмашылығы болғанын қалаған. Әлемге әйгілі мұсылман теолог ғалымы Маулана Саийид Абуль Ала Маудиди «Суннах» деп мұсылман еместердің арасында тұратын мұсылмандар өздерінің кимімен мұсылман екендігін білдіретінін атайды. Яғни, «Суннах» сөзінің Араб халқында Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тұсында қалыптасқан. Бұл сөз Араб, Қазақ, Орта Азия халықтары арасында ғана кең тарамай, Кіші Азия, Пәкістан, Ауғанстан мен Кашмир жерлерінде де белгілі болған.

«Суннах» сөзінің кең таралуына байланыстырып, кейбір басылымдарда «Сунақ» деген осы «Суннах» деген сөзден шыққан деп жүрсе, енді біреулер «Сунақ» атауы Әбу Бәкір ас-Сыддық Медине қаласының жанында «Сунх» деген жерде тұрған, сол жердің атына сәйкестендіріп, «Сунақ» атауы шыққан деп айтып жүргендері шындыққа жанаспайды. Оның дәлелі: Біріншіден, егер мұсылмандарды мұсылман еместерден киіміне қарап ажыратып «Сунақ» дейтін болса, Араб түбегінен басқа жақта тұратын мұсылмандарды, немесе сунақтар сияқты қазақ жеріне араб жерінен келген қожаларды неге «Сунақ» деген? Екіншіден, Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тараған Қазақстандағы қожаларды, немесе Еділ бойындағы, Кавказдағы ұрпақтарын неге «Сунақ» деген? Олай болмағаны «Сунақ» атауы «Суннах» деген де, «Сунх» деген де сөздерден шықпаған. Әдепкі миссионерлер Сунна-ақ деген ұранмен келген.

Сунна-ақ, арабша «Әһлі Сунна», яғни, «сунналық адамдар» деген сөз. Сунна-ақ ұранымен келген миссионерлер ислам дінін уағыздаумен айналысқандықтан жергілікті халық оларды әдепкі кезде ұрандарына сәйкес «сунна-ақтар» деп атаған. «Сунна ақтар» деген сөз келе-келе ұлт тілінің үндестік заңына сәйкес қысқарып, «Сунақ» сөзіне айналып, дін таратуға келген миссионерлерді бұрынғыдай Сунна-ақтар демей, Сунақтар дейтін болған. Яғни, Сунақ атауы Сунна сөзінен шыққан. Ол туралы «Сунна мен Сунақ сөздерінің мағынасы бір екендігін әлемге әйгілі мұсылмандардың теолог ғалымы Мауләна Саийид Абуль Ала Маудидидің 1929 жылы Азам Гархтың «Ма ариф» журналында жазғанынан да көре аламыз [9].

Қазақ жеріне қожалардан 150 жылдай бұрын келіп, алғашқы Ислам дінін таратушы Сунниттерді жергілікті халықтар оларды ұрандарына сай Сунна-ақтар десе, ол келе-келе Сунақтар атауына айналған. Сунақ атауы – қазақ жеріне Ислам дінін таратуға бірінші келген миссионерлер сунниттер деген ұғымды береді. Яғни, жергілікті халық арасында «Сунақ» атауы «Қожа» атауынан бір жарым ғасырдай бұрын пайда болған. Сунақтар Алланың және Құранның хақтығын, Сунна жолын тілмен мойындаумен емес жүрекпен қабылдап иман келтіру адамды мұсылман санауға жеткілікті деп, жергілікті халықтың салт-дәстіріне, әдет-ғұрпына, шаруашылықтарын бұрынғыша жүргізулеріне қарсылық жасамаған. Ислам дінін уағыздап, оның бар артықшылығына халықтың көзін жеткізумен, халықтың сауатын ашу арқылы ислам дінін жергілікті халықтың санасына құйып, оларды ислам дінін қабылдауға шақырған. Бірақ дінді қабылдауды мәжбүрлемеген, әркім өзінің қалауымен қабылдаған.

Реті келгенде айта кеткен артық болмас, арабтар ондаған мың әскермен келіп, қазақ жеріндегі жергілікті халықты ислам дінін қабылдаттырып, оларды билеп-төстегеннен кейін ғана онда да келген арабтардың барлығы емес, тек Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ең жақын көмекшілері, ізбасарлары Абу Бәкір ас-Сыддық, Омар, Оспан, Әзіреті Әлінің ұрпақтары ғана әдепкіде «Қожа» деген қауым (топ) болып, кейін ру болып қалыптасқан. Сунақтар Абу Бәкір ас-Сыддықтың ұрпақтары болғандықтан олар да «Қожа» қауымына жатқан. Бірақ сунақтар «Қожа» атауын сақтау тәртібін сақтамағандықтан XV ғасырдың аяқ кезінен бастап өз еркімен «Қожа» атауынан бас тартып, өзінің миссионер кезіндегі «Сунақ» атауын сақтап қалған.

Сунақтардың Мұхаммад (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардан кейінгі бірінші Халиф Абу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтынын Араб әрпімен парсы тілінде жазылған шежіресі Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін құжаттарды сақтайтын Сирек қор бөлімінде сақтаулы. Осы шежірені парсы

тілінен қазақ тіліне аударған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультеті «Жазба Жәдігер және Рухани Мұра» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымының кандидаты араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген маман доцент Зұбайда Шадкам айым былай деп жазады: «Сирек қор бөліміндегі Сығнақи шежіресінің түп нұсқасы біз үшін құнды деректердің бірі. Шежіре парсы тілінде. Ұзындығы 2,5 метр, ені 27 см. 130 жол. Орта Азия қағазына жазылған. Шежіре шеттері жыртылған тозған. Ең соңында 6 мөр және шежірені толықтыратын мәліметтер жазылған. Шежіре мәтінінде 1215 және 1250 жылдары һижри күнтізбемен кездеседі. Ал шежіренің соңында 1277 жылы жазылып тұр. Шежіренің жыртылған жерлері жабыстырылып, жамалғанда жолдары араласып кеткен. Кейбір жерлерде сиясы өшкендіктен сөздер нақты оқылмайды. Мәтіннің басында «осы қасиетті шежіре түпнұсқадан көшірілді» деп жазылған.

Ал дін таратушы алғашқы миссионерлер Әбу Бәкір ас-Сыддықтың ұрпағы қазақ жеріне VII ғасырдың әдепкі жартысында, яғни араб әскерлерінен 150 жылға жақын бұрын келген. Ислам өзінің ықпалы жүрген барлық жерге тек қана күшпен енбеген, араб әскерлерін басқарған Пайғамбар мен оның ізбасарлары сахабалардың қолында алдымен құдай сөзі сенімді идеология – Құран болды. Бисмиллә... Бисмилләһир Рахманир Рахим! Яғни, мейірімді де қайырымды Алланың атымен деген тіркес талайлардың басын игізіп, санасын оятты. Сөз жоқ, сол заманда арабтар мәдениеті мен әдебиеті рухани жан дүниелерінің байлығы жағынан өздері күшпен де, діни ықпалмен (үгітпен) де илкітіріп алған халықтарынан көш ілгері тұрған болатын.

Қаншама күшті, сан жағынан көп болса да мәдениеті төмен дәрежелі халық өзінен мәдениеті, түсінігі, рухани жан дүниелерінің байлығы, өмірге көзқарасы жоғары халықты ешқашан ұстап тұра алмайды. Кешегі құдіретті КСРО-ның ыдырауының бір себебінің өзі де осында жатыр. Міне, Исламды сенім етіп ұстаған Сейхундарияның жағалауына келген арабтармен бірге Құрандарын көтеріп алғашқы төрт халифтің біреуі Әбу Бәкірдің ұрпақтары да жетті» дейді. Одан әрі Өмірзақ мырза: «Бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби араб тілін үйреніп, сунна жолын қуушы Әбу Бәкірдің ұрпақтары алғаш рет ашқан Отырар кітапханасынан сусындап үлкен білім алып, сол замандағы ғылымның барлық саласына осы кітапхана арқылы жас шағында ақ хабардар болған еді.

Һисамиддин (Сунақ ата) Отырардың кітапханасын басқарған соңғы ғұлама. Ол өлген соң 20 жылдан кейін Қайырханның тұсында Отырар қаласы жермен жексен болып, дүние жүзіндегі ең бай осындағы кітапхана өртеніп кетті. Заманында Александрия кітапханасымен қатар деп есептелетін осы бір ғажайып білім ордасының байлығына таңғалмауға болмайды. Александрия кітапханасы да, Отырар кітапханасы да бір сенімдегі діндес, ділдес, ұрандас мемлекеттердікі араб мәдениетінің, өркениетінің жемісі еді. Отырарда батыс пен шығыстың рухани байланысының тоғысуы заңды құбылыс. Олай болуына себепші әр әңгімесінің басында Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар! - арабшасы, Аллаһ ең ұлы, Аллаһ құдіретті деп айтатын Әбу Бәкір халифтің ұрпақтары батыс пен шығысқа, терістік пен түстікке аттанған керуен басшыларына барған елдерінен кітаптар әкеліп отыруды тапсырған» - дейді. Расында автордың айтуынша, әсіресе кітапхананың аса баюы әрі сунна ілімінің түркі тайпаларында күшеюі Һисамиддиннің тұсына дәл келсе керек.

Тағы да Өмірзақ Жолымбетов: Көзі тірісінде сунна жолын насихаттаушы, сунна мәңбабын қуушылардың атасы атанған Сунақ-ата (Һисамиддин-Мәлік) Сыр бойына білім шамшырағын жаққан ұлы ғұламалардың бірі. Ол кісі сонымен қатар көптеген кітаптарды көне түрік тілінен аударып, артына даналық ойлар, ұлағатты сөздер қалдырған адам болуға тиіс. Бала кезімізде Сунақ ата бабамыз үй депті, бүй депті деген сөздерді естуші едік. Сол естігендеріміз осы кітаптардың үзінділері болуға тиіс. Осы үзінділердің ел арасында әлі күнге дейін болуы ықтимал.

Көреген әулиенің «Нихая» атты екі томдық кітабы болғандығын Түркістан өлкесінің тарихын зерттеген орыс ғалымдарының еңбектерінен кездестірдік. Бұл кітап Санкт-Петербург, Мәскеу, Түркия, Египет, Еуропа елдерінің кітапханаларынан табылып қалуы мүмкін (әзірге Түрік елінен, Ташкенттен табылды). Кешегі коммунистік сенімге иланып тегі Төре, Қожа, Сунақ болған инабатты қазақ азаматтары қудаланған жылдары бұл сөздердің көбісі ұмытылды немесе басқа билер мен шешендердің аузына апарып телінді. Артына: Жақсыға шарапатым тиер, Шарапатым тиген көгеріп өсіп-өнер. Жаманға кесапатым тиер, Кесапатым тиген кесір болар, Кесір болмаса есір болар-деген ұлағатты сөз қалдырған адамның рухани дүниесінің биіктігіне, қасиеттілігіне күмәндануға бола ма?

Тарих пен уақыт дауылына талай ғасырлар бойы төтеп беріп, бүгінгі ұрпаққа жеткен кемеңгер адамның Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы кесенесін, оның намысшыл ұрпақтары қайта тұрғызып, болашаққа табыстады. Өздерінің бүгінгі күні қазақтанған қазақ халқының ұлы болғанын мақтан тұтатын сунақтармен бірге осы ескерткішті қалпына келтіруге жергілікті Қоңырат, Қыпшақ, Қаңлы, Дулат, Әлім тағы басқа да бабаларымыздың ұрпақтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып атсалысты. Көнеден қалған кемеңгердің алдында бас ию деген сөздің мәнісі осы», - дейді қазақ радиосынан берілген «Біздің радио-шежіре» бағдарламасынан Сунақ-ата (Һисамиддин) атты хабарында белгілі журналист-жазушы Өмірзақ Жолымбетов мырза.

Һисамиддин-Сунақ-атаның баласы Сүлеймен Мәулене лақап аты Әбу Сүлеймен - Әли Қожа ата ел аузындағы мәліметтерге қарағанда ақын болған, өкінішке орай оның шығармалары сақталынбаған. Ол 11 медресе ұстап, жастарға білім берумен шұғылданған, әулие адам болған. Қабірі Түркістанда, қабірінің басына үлкен кесене салынған шырақшысы бар ол кісіге зиярат етіп, осы кезге дейін адамдар барып тұрады. Шежіре дерегі бойынша оның үш ұлы болған. Әбіл Әзиз Мавлави, Ахмет Қожаата Қаршки, Мавлоно Зияддин қожа Сунақ-атаның немересі ғұлама ғалым болған. Сунақ-атаның бесінші ұрпағы Дарбіш Әлі Шайх Сығнақи сауатты, білімді, озық ойлы елге қадірлі адам болған.

Дарбіш Әлі Шайх Сығнақидың тұсында ұлы қолбасшы Әмір Темір Түркістанда Қожа Ахмет Яссауиге арнап 1396-1398 жылдары үлкен күмбезді ескерткіш салған. Бірақ құрылысшыларды Самарқандағы Бибі ханым мешітін (1399–1404) салуға жіберуіне байланысты кіре берісінің сырт қабырғаларын көк таспен көмкеру жұмыстары бітпей қалған. Сол салынған ғимаратты күтіп ұстаушысы – шырақшысы сунақтар болған. Әмір Темір салынған ғимаратты күтіп ұстауды қамтамасыз ету мақсатында ғимараттың меншігіне және оны күтіп ұстаушы сунақтардың меншігіне тұрақты пайдалануға жер, су көздерін, басқа да мүліктерді бөліп, бекітіп берген.

Ол туралы Шаһизында Қарақожаұлы: «Даңқы шыққан ғимараттарды құрушы және мемлекеттерді мойынсындырушы, Алла Тағаладан қолдау тапқан ұлы әмір, яғни Әмір Темір көреген. Алла Тағала оның мүлкін және жанын түрлі зияннан сақтасын, діни үгіт-насихат сұлтаны, әділет жақтаушысы, келешек тірегі және білімділер данасы мырза Қожа Ахмет Яссауи рахматуллахи алайхидың қабірінің үстіне зәулім және сәулетті бір күмбез (ғимарат) салдырды. Содан соң аты аталған ұлы Әмір вақфпен (басқа да ғимараттардың тірлігін қамтамасыз ету үшін арнайы жер, су көздері және басқа мүліктер) бөлгізді және біреулер жоғарыда арнайы бөлінген жер, су көздеріне және басқа мүліктерге жаман ниетпен зұлымдық қылса, ондай жағдайда ол қиямет күнінде бұл жаман ісі үшін шерменде болады, - деп ескерту жасады.

Кейін аты аталған мырза Дарбіш Әли Шайх Сығнақиды Қожа Ахмет Яссауидің құддиси Сирраху мешітінің хатшылығына лайық көріп, оны хатшылық лауазымына бекітті. Және осыдан кейінде бұл жұмыс оның Салих әулеттері тарапынан қабыл алынып, әрқашан оның қолында болсын - деп жарлық етті. ...Қарабұлақтан келетін Қаратас және Санирдо бұлақ және... Көктас бұлағынан келетін Меш және Қызылқия және бұлардан басқа тағы да

Бұлдырық, Асаршық Жылмақак арықтары Сунақтар ұйымдастығына қарасты және бұларды алмастыру не өзгерту мүмкін емес. Әлдеқалай, егер бұлар алмастырылса немесе өзгертсе ол Алла Тағаланың, періштелердің және адамдардың лағынетіне душар болып, өмірлік азап шегіп және қарғысқа ұшырасын» - деп жазған [10].

Бұған қоса Әбул-Ғазы Убайдулла ханның төмендегідей түрік тілінде жазылған жарлығы: «...сайыдтерге, ұлы діндар ғалымдарға, қайратты ғалым ерлерге, мәртебелі әмірлерге, қадірлі қазыларға, шайхтар мен даналарға, сонымен қатар текті арабтарға, барлық үлкен-кіші кадхударлар мен қожа санатындағы ра ийатларына мәлім болсын: біз бұрынғы билеушілер мен адал ынтасымен берілген ерлердің қасиетті мақтауға лайық сүйеніп - мырза - рахмат Алла ғәлейһ - Хазрет- и Аллама Әбу-л-Хасан-Зийа ад-Дин-Шайх Сахиб-и «Нихайа» Сығнақи мырзаның уақыфына Хисаршық бұлағын беру туралы бізге Жунайид-шайх шайых әл-исламның баталы жарлығын көрсеткені себепті Алама - ий Сығнақи ұрпақтар - шайқтарының жамағатына-олар ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға дұға оқушылар болғандықтан, біздің хандық жебеуіміз бен біздің хандық мейірімімізді лайықтап төмендегідей әмір еттік: «Хамд Алла - олар алдағы уақытта біздің басқаруымызда тыныштыққа шақырушылар болып қалсын, аталған уақыфты пайдалануда оларға ешкім жанаспсын, кедергі келтірмесін.

Сондай-ақ оларды қаржылық-салық тізімдерден шығарылған тархандардың қатарындағы тархан деп санасын; сондай-ақ олар барлық жағдайда басқа тархандармен тең саналсын және харж-қаражаттан, мал-и жихаттан алық-салықтан, мердігенден, қоналға мен жамалғадан босатылсын. Осы нышанды көріп оларға ежелгі дәстүр бойынша тойлар мен бата қылу салттарында асқа қатысқандар арасында бұлжымас дәстүр бойынша бөлінетін мал етінен сыбағасы берілсін және олардан жыл сайын жаңа нышанның паруаншасы талап етілмесін». Бұл жарлық 1634 жылдың шілде айының 26-сында жазылған (ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты) [11].

Әбул-Ғазы Убайдулла ханның бұл жарлығы сунақтардың да қожалармен қатар жергілікті халықтар арасында ислам дінін уағыздаумен айналысатынын дәлелдейді. Сунақ-ата (Һисамиддин) Қожа Ахмет Яссауидің тірі кезінде оның имамы болса оның ұрпақтары кешегі дінсіз Кеңес Одағы орнағанға дейін бірнеше ғасыр бойы мұсылман әлеміне белгілі ескеркішінің шырақшысы болып келді. Реті келгенде айта кетейік «Қожа Ахмет 1157 жылдар шамасында алпыс үш жасқа толғаннан кейін «пайғамбар жасына жеттім бұдан артық өмір сүруім күпірлік» деген оймен осы күнгі өзінің мүрдесі үстіне тұрғызылған ғимараттан оңтүстік батысқа қарай жүз метрдей жерде Аллаға құлшылық ететін бір кісілік жер асты жертөле мешітін салдырады. Оны «Хлует» деп атаған сол «хлуетте ғұмыр кешкен 10 жыл ішінде Қожа Ахмет өзінің атақты «Хикмет» («Даналық сөздері») деп аталатын даналық сөздерін жазған.

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен, Тәліптерге (шәкірттерге) баян етсем қалмас арман. Төрт мың төрт жүз хикмет айт хақ пәрменімен, Пәрмен болса өлгенше жырласам мен, - деп даналық сөздерінің төрт мың төрт жүз жол екенін ескерткен. Бірақ, өкінішке орай, шайырдың «даналық сөздерінің» түп нұсқасы сақталынбаған. Ал бізге жеткен варианттары XV және XVII ғасырларда көшірілген нұсқалары ғана» [9].

Сунақтардың шығу тегі туралы бұрын да жарық көрген тарихи мәліметтер болатын, соларға қоса жоғарыда тағы да біраз мәліметтер жазылды. Осындай тарихи мәліметтер тұрғанда сунақтардың шежіресінен мағлұматы аздар немесе жоқтар «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, Сунақтар туралы негізсіз, дәлелсіз, ешқандай құжатқа сүйенбей жаңсақ мәлімет таратушылар тиылмай келеді. Олар сунақтарды бірде Орта жүзден, бірде Кіші жүзден таратып, «Сунақ атауы Сығанақ қаласының атына байланысы шыққан, сунақта рутайпалық белгілері-таңбалары болмаған» деген тәрізді сөздерді ауызша ғана айтып қоймай баспа сөзде де жазып, таратып жүр. Мұндай негізсіз деректердің айтылуы мен жазылуы ел

арасында белгілі бір дәрежеде түсінбестік, өкпе-наз, ел бірлігіне сызат түсіретінін ұмытпаған жөн болар. Баспасөзде жазылғандардың барлығын теріп, тізіп жатпай-ақ екі-үшеуіне ғана тоқталсақ жетер.

2006 жылы шыққан «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы» сунақтар туралы Мәскеудің ықпалымен 1977 жылы шыққан Қазақ Совет энциклопедиясында зерттелмей жазылған мақаланы көшіріп «...Шежіре деректерінде сунақты Орта және Кіші жүздің байырғы тайпаларымен, кейбіреулері қожалармен байланыстырады. Сунақ атауы Сығанақ қаласының атына байланысты шыққан. Сунақтарда ру-тайпалардағыдай таңба болмаған» деп жазыпты. Ел, жер, ұлт, мемлекет туралы нақты анықтама беретін басылымның бұнысы өкінішті-ақ.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясының бас директоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, профессор Бауыржан Өміржанұлы Жақып мырзаға Тұрсынбек Басбайұлы Төлепберген қажы тегі Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Сунақтар туралы тексерілмеген, шындыққа жанаспайтын мәліметтер жарияланғанын дәлелдеп 23.09.2013 жылы хат жазған [12].

«Қазақстан энциклопедиясының» бас директоры Б.Ө. Жақып мырза осы хатқа алты жарым айдан кейін Тұрсынбек Басбайұлы Төлепберген қажы тегіне 07.04.2014 жылы №24 жазған хатында «Біз сіздің «Сунақтар» жайында жарық көрген еңбектеріңізге, жиған ғылыми деректеріңізге шын ризашылығымызды білдіреміз. Бұл деректер алдағы уақытта, қаржыландыру мәселесі шешілгеннен кейін, «Қазақ энциклопедия» баспасында дайындалатын «Ислам» энциклопедиясы т.б. салалық энциклопедиялар мен тарихи кітаптарға арқау болатынын, әрі сізді бұл басылымдарға автор ретінде шақыратынымызды растаймыз» деп жауап берген... [12]. Өкінішке орай, қаржы мәселесінің шешілуін күте алмай Тұрсынбек ол дүниелік болып кетті.

Ал, Сунақты Орта және Кіші жүздің байырғы тайпаларымен, кейбіреулері қожалармен байланыстыратындар мен Сунақ атауы Сығанақ қаласының атына байланысты шыққан дегендерге айтарымыз: Сунақтардың Орта жүзге де, Кіші жүзге де жатпайтынының дәлелдері, сунақтардың шығу тегі, Сунақ атауының Сығанақ қаласының атына ешқандай қатысы жоқтығы, Сунақ атауы сунна сөзінен шыққаны, Сунақтарды Қожамен байланыстыратыны сунақтар Абу Бәкір ас-Сыддықтан тарағандықтан қожа қауымына жатқан, бірақ қожа деген атты сақтап қалу тәртібін сақтамағандықтан XV ғасырдың екінші жартысында қожа қауымынан өз еркімен бас тартып, қожалар қазақ жеріне келмей тұрғандағы Сунақ деген атын сақтап қалғаны туралы жоғарыда жазылды, оларды қайталап жазудың қажеті болмас.

Сунақтарда басқа ру-тайпалардағыдай таңба болмаған дегендерге академик Ісмет Кеңесбаевтың мына айтқанын келтірсек жетер. «Сунақтар жүздік бөлікке кірмейтін өзінің таңбасы, ұраны бар ру-тайпалардың бірі» [13]. Осыған қоса Н.И. Гродековтың «Киргизы и Кракиргизы Сыр-Даринской области» деген Ташкентте 1889 жылы шыққан кітабының бірінші томында сунақтардың таңбасы болғанын жазғанын айта кеткен артық болмас.

Зейнолла Сәнік пен Жанат Зейноллақызы «Қазақ этнографиясы» деген кітабында Сунақтар туралы мәліметтерді қайдан алғанына сілтеме жасамай тарихи шындық бұрмаланып, «Сунақтар – найман тайпасына жататын дүрмен-барлас руының бір тармағы. Кезінде барлас руы Ұлытау, Қызыларай тауларының бөктерін мекендеген екен. Өйткені, сол өңірде Барлас, Дүрмен деген жерлер бар...

XIV ғасырдың бас кезінде шайбани ұрпақтарынан дүрмен-барластың Әбілғазы имам бастаған бір бөлігі Сығанақ қаласына келеді. Әбілғазы бастаған дүрмен-барластар сол Сығанаққа қоныстанады. Ол жерге Әбілғазы имам өз қаражатына мешіт-медресе салдырады. Ол әрі емші, балгер болатын. Өзі ашқан медресеге жергілікті тайпалардан балалар қабылдап, емшілік ілімнен тәрбие береді.

Жергілікті соғдылар оны «Сунақ әулие» деп атап кетеді. Сунақ соғды тілінде «қарапайым» дегенді білдіреді. Сол Әбілғазы имамның ұрпақтары мен барластар бертін келе «Сунақ тайпасы» атала бастады» - деп жазыпты [14]. Зейнолла Сәндік пен Жанат Зейноллақызының жазғандарына жауап:

1. Әбілғазы Шайбани ұрпағы болса ол Шыңғыс хан ұрпағы деген сөз, ал Шыңғыс хан найман емес, сонда Әбілғазы қалай найман болады?

2. Жоғарыда жазғанымыздай сунақтар қазақ даласына оның ішінде Сығанаққа дін тарату мақсатында VII ғасырда келген миссионерлер, жергілікті халық сол ғасырда-ақ оларды Сунақ деп атағаны. Олар келгеннен кейін мешіт, медресе салып жергілікті халық арасында ислам дінін насихаттап, медреседе жергілікті халықтың балаларын оқытқаны тарихтан белгілі. Зейнолла Сәндік пен Жанат Зейноллақызының тарихты ысырып қойып, Сығанаққа Әбілғазы бастаған топ мешіт, медресе салды, Сунақтарды Сығанаққа XIV ғасырда барған Барлас Наймандар дегеніне қалай түсінуге болады?

Һисамиддин (Сунақ-ата) XII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға, Қожа Ахмет Яссауидің замандасы әрі оның мешітінің имамы болған, Отырар қаласындағы әлемге әйгілі кітапханасын басқарған, Сығанақ - Сунақ қаласындағы медреседе сабақ берген. Һисамиддинді (Сунақ-Атаны) қандай құжатқа сүйеніп Әбілғазыға ауыстырған?

3. Екі мемлекеттің көне сирек кездесетін құжаттар сақтайтын кітапханасынан табылған шежірелерде сунақтың шығу тегі жазылған оны жоққа шығарудың реті келмес. Бір сөзбен айтқанда Зейнолла мырза мен Жанат ханымның жазғандары шындыққа жанаспайды. Бердібай Ділдабеков «Ұржық (Қарашор) божбан ұрпақтары» кітабында «Сунақ түбі – соғдалар (сарттар)» деп жазған [15].

Бердібай Ділдабековтың жазғанының шындыққа жанаспайтынын біз дәлелдеп жатпай-ақ жоғарыда жазылғандарды оқыған кісі өзі-ақ түсінеді. Біздің дана халқымыз «Шындықты қанша қаралағанмен оған күйе жұқпайды» деген ғой.

Сунақтардың шығу тегі Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтыны жоғарыда тарихи құжаттарға сүйеніп жазылды, оны қайталап жазудың қажеті болмас. Сунақтардың бұрынғы орналасқан жері Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы, Түркістан облысының Түркістан, Кентау қалалары мен сол қалаларының аумағында, Қарағанды облысының Жезқазған өңірінде және Қостанай облысының Жарқайың ауданында болатын. Қазірде негізінен сол аймақтарда тұрады.

Уақыт өткен сайын қоғамның даму үрдісіне сай сунақтар қазіргі кезде азды-көпті болса да Қазақстанның барлық облыстарында, Алматы, Астана және Шымкент қалаларында тұрады. Кешегі коммунистер басқарған аумалы-төкпелі заманда Ресейге, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Түркіменстанға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға ауып кеткендері де аз болмаған. Заман түзеле бастағаннан кейін бірқатары елге оралғанымен сол жақты жерсініп қалғандары да аз емес. Әсіресе, Өзбекстанда, Ташкент қаласы мен Ташкент облысында біраз сунақтар тұрады. Бұлардан тыс Тәжікстанда, Түркіменстанда, Қырғызстанда Өзбекстандағыдай көп болмағанымен сунақтар тұрады.

Қорытынды

Этнографиялық топ өзінің дәстүрлі мәдениетінде ерекшеліктердің болуымен сипатталады, субэтникалық топ мәдениет пен тілдегі ерекшеліктерден басқа, осы топ өкілдерінің белгілі бір топтық өзіндік санасының болуымен сипатталады.

Халықтың этникалық құрылымының қалыптасуы мен оның этникалық дамуы тоқтамайды. Әр тарихи кезеңдерде этнос басқа этникалық қауымдастықтармен этносаралық интеграция, этникалық ассимиляция және консолидация процестеріне ене алады. Басқа этностармен және этникалық қауымдастықтармен өзара әрекеттесу процесінде бір бөліктің немесе толығымен көршілес этникалық топтардың тілдік ассимиляциясы, бір этностың бір

бөлігінің екінші этностың құрамына енуі, халықтардың өзара мәдени ықпалы, этнографиялық немесе субэтникалық топтардың әртүрлі этностардың құрамына енуі мүмкін.

Қазақ халқының құрамында – жүз, ру ерекше топтары бөлініп, олар әдебиетте «этникалық топтар», «субэтникалық топтар», «рулар» және т.б. терминдермен аталып, қазақ халқының этникалық тұтастығын бұзбады.

Дәстүрлі қазақ қоғамының ішінде тайпалық және жүздік жүйеге кірмейтін халықтардың әртүрлі топтарына қожа, төре, төлеңгіт, сунақ және бақсайыс рулары жатады. Қазақ халқының этникалық құрамын зерттеуде Қазақстан әр бір аймағында орналасқан тайпалық және жүздік жүйеге кірмейтін халықтардың этникалық тарихы мен орнын көрсету - қазіргі отандық этнография мен тарихтың маңызды мәселелерінің бірі болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абиль Е.А., Исин А.И., Калшабаева Б.К. и др. Инкорпорированные и внеузовые группы в составе казахов (XVIII–начало XX вв.): Коллективная монография. – Алматы: Изд-во ИП «Базарбаев», 2020. – 415 с.
2. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1989. – 496 с.
3. Семенова В.П. Россия: полное географическое описание нашего Отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей. Т. 18. Киргизский край. – СПб.: Изд-во А.Ф. Девриена, 1903. – 488 с.
4. Выписка из объяснительной записки комиссии к проекту Положения об управлении в казахских степях (1867 г.). // Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. – Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1980. – 279 с.
5. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. Дневник поездки на Иссык-куль. – Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1984. – 357 с.
6. Сауранбаев Н.Т. Диалекты в современном казахском языке // Вопросы языкознания. – 1955. – №5. – С. 43–51.
7. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Foliant, 2017. – 728 б.
8. Саттарұлы С.О. Қожалар шежіресі. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 672 б.
9. Сопыбеков А., Сарқұлов А. Һисамиддин Сығанаки (Сунақ Ата) тұғырлы тұлға. – Алматы, 2012. – 45 б.
10. Қаракқожаұлы Ш. Сунақ-Ата (Һисамиддин). – Астана, 2003. – 69 б.
11. Қазақстан тарихы туралы деректер. V том. XV–XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 135 б.
12. Басбайұлы Т. Сунақтар шежіресі. 5-том. – Алматы, 2015. – 682 б.
13. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
14. Зейнолла С., Зейноллақызы Ж. Қазақ этнографиясы. – Алматы: Ан Арыс, 2016. – 530 б.
15. Ділдабеков Б. Ұржық (Қарашор) божбан ұрпақтары. – Шымкент, 2013. – 53 б.

REFERENCES

1. Abil E.A., Isin A.I., Kalshabaeva B.K. i dr. Inkorporirovannye i vneuzovye gruppy v sostave kazahov (XVIII–nachalo XX vv.) [Incorporated and non-university groups of Kazakhs (XVIII–early XX centuries)]: Kollektivnaia monografiia. – Almaty: Izd-vo IP «Bazarbaev», 2020. – 415 s. [in Russian]
2. Gumiliev L.N. Etnogenez i biosfera Zemli [Ethnogenesis and the biosphere of the Earth]. – L.: Izd-vo LGU, 1989. – 496 s. [in Russian]
3. Semenova V.P. Rossiia: polnoe geograficheskoe opisanie nashego Otechestva. Nastolnaia i dorojnaia kniga dlia russkikh liudei. T. 18. Kirgizski krai [Russia: a complete geographical description of our Fatherland. A desktop and travel book for Russian people. Vol. 18. Kyrgyz territory]. – SPb.: Izd-vo A.F. Devriena, 1903. – 488 s. [in Russian]
4. Vypiska iz obiasnitelnoi zapiski komissii k proektu Polojenia ob upravlenii v kazahskih stepiah (1867 g.). [An extract from the explanatory note of the commission to the draft Regulation on management in

- the Kazakh steppes (1867)] // Materialy po istorii politicheskogo stroia Kazahstana. T. 1. – Alma-Ata: Izdatelstvo AN Kazahskoi SSSR, 1980. – 279 s. [in Russian]
5. Valihanov Ch.Ch. Sobranie sochineni v piati tomah. T. 1. Dnevnik poezdki na Issyk-kul [Collected works in five volumes. Vol. 1. Diary of a trip to Issyk-Kul]. – Alma-Ata: Glavnaia redakcia kazahskoi sovetskoi enciklopedii, 1984. – 357 s. [in Russian]
 6. Sauranbaev N.T. Dialekty v sovremennom kazahskom iazyke [Dialects in the modern Kazakh language] // Voprosy azykoznania. – 1955. – №5. – S. 43–51. [in Russian]
 7. Seidimbek A. Qazaqtyn auyzsha tarihy [Oral history of Kazakh]. – Astana: Foliant, 2017. – 728 b. [in Kazakh]
 8. Sattaruly S.O. Qojalar shejiresi [Hodga's Genealogy]. – Almaty: Jeti jargy, 2016. – 672 b. [in Kazakh]
 9. Sopybekov A., Sarqulov A. Hisamiddin Syganaqi (Sunaq Ata) tugyrly tulga [Hisomiddin Syganak (Sunak Ata) is an outstanding personality]. – Almaty, 2012. – 45 b. [in Kazakh]
 10. Qaraqojauly Sh. Sunaq-Ata (hisamiddin) [Sunak-Ata (Hisamiddin)]. – Astana, 2003. – 69 b. [in Kazakh]
 11. Qazaqstan tarihy turaly derekter. V tom. XV–XIX gasyrlar shygarmalarynan uzindiler [Facts about the history of Kazakhstan. Volume V. Excerpts from the works of the XV–XIX centuries]. – Almaty: Daik-Prass, 2006. – 135 b. [in Kazakh]
 12. Basbaiuly T. Sunaqtar shejiresi [Sunak's Genealogy]. 5-tom. – Almaty, 2015. – 682 b. [in Kazakh]
 13. Kenesbaev I. Qazaq tilinin fraziologialyq sozdigi [Phrasological Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1977. – 711 b. [in Kazakh]
 14. Zeinolla S., Zeinollaqyzy J. Qazaq etnografiasy [Kazakh ethnography]. – Almaty: An Arys, 2016. – 530 b. [in Kazakh]
 15. Dildabekov B. Urjyq (Qarashor) bojban urpaqtary [Urjik (Karashor) bozhban descendants]. – Shymkent, 2013. – 53 b. [in Kazakh]

UDK 21.31.41; IRSTI 02.71

<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.32>A.Yu. BALTABAYEVA¹, Z.Z. ZHANDARBEK², S.V. ALIMOVA³¹Doç. Dr. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
(Kazakistan, Türkistan), e-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz²Doç. Dr. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
(Kazakistan, Türkistan), e-mail: zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz³Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi Öğrencisi
(Türkiye, Ankara), e-mail: alimova.sabina01@hbv.edu.tr

KAZAK HALKININ GELENEKSEL DİNİ VE DİNİ BAKIŞ AÇISININ OLUŞUMUNDA EBU HANİFE'NİN ROLÜ

Özet. Bu makale, Kazak halkının geleneksel dini ve dini anlayışının oluşumundaki Ebu Hanife'nin rolü hakkında kapsamlı bir şekilde ele almaya çalışılmıştır. Makalede Ebu Hanife'nin "Fıhku'l-Ekber" ve "El-'Alim vel-Müteallim" adlı eserleri incelenmekte ve Ebu Hanife'nin ortaya koyduğu görüşleri ile Kazak halkının dini düşünceleri arasındaki fikir birliktelikleri göstermek açısından Kazak düşünürlerinin eserlerinden alıntılar verilmekte ve bunlar üzerinde izahat yapılmaktadır. Ebu Hanife'nin dini ve şariat görüşlerinin temellerini derinlemesine açıklamak için beden, ruh ve şuur konuları incelenmiştir. Ebu Hanife'nin manevi ve şariat mirası, Arap olmayıp müslümanlığı seçen halkların geleneksel dini bilgilerini, kültürlerini ve geleneklerini korumalarına izin verdi. Bu durum, Ebû Hanîfe'nin iman ve İslam hakkındaki düşüncelerinin o dönemin İslam alimlerinden farklı olmasının sebeplerini anlamamıza yardımcı olacaktır ve Ebû Hanîfe'nin ortaya attığı fikirlerin Kazak halkının geleneksel dini ve din açısından dünyaya bakışının tutarlı olduğunu göstermektedir. Ebu Hanife'nin tarih sahnesine çıktığı dönem, İslam dünyasındaki farklı dinî mezhepler arasında büyük çekişmelerin yaşandığı bir dönem. Ebu Hanife'nin iyi bilinen akımlardan biri olan Mürcie akımına dahil olduğu söylenir.

Anahtar kelimeler: ruh, beden, şuur, gelenek, değer, iman, şariat.

A.Ю. Балтабаева¹, З.З. Жандарбек², С.В. Алимова³¹ философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz² тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz³ Анкара Хажу Байрам Вели университетінің студенті
(Түркия, Анкара қ.), e-mail: alimova.sabina01@hbv.edu.tr

Қазақ халқының дәстүрлі діні мен діни дүниетанымын қалыптастырудағы Абу Ханифаның ролі

*Bize doğru alıntı yapınız:

Baltabayeva A.Yu., Zhandarbek Z.Z., Alimova S.V. Kazak Halkinin Geleneksel Dini ve Dinî Bakış Açısının Oluşumunda Ebu Hanife'nin Rolü // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 406–416. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.32>

*Cite us correctly:

Baltabayeva A.Yu., Zhandarbek Z.Z., Alimova S.V. Kazak Halkinin Geleneksel Dini ve Dini Bakış Açısının Oluşumunda Ebu Hanife'nin Rolü [The Role of Abu Hanifa in the Formation of the Traditional Religion and Religious Worldview of the Kazakh People] // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 406–416. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.32>

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ халқының дәстүрлі діні мен діни танымын қалыптастырудағы Абу Ханифаның рөлін жан-жақты талдауға арналған. Мақалада Абу Ханифаның «Фихқ ал-Акбар» және «Ал-‘алим уа-л Мута‘лим» атты шығармалары қарастырылып және Абу Ханифаның ой-пікірлері мен қазақ халқының діни танымы арасындағы сабақтастықты көрсететін қазақ ойшылдарының шығармаларынан үзінділер беріліп, оларға талдау жасалды. Әбу Ханифаның тарихи сахнаға шығу кезеңі ислам әлемінің әртүрлі діни ағымдары арасындағы үлкен келіспеушіліктер кезеңі болды. Әбу Ханифа сол уақытта Мурджие ағымының мүшесі болды. Абу Ханифаның діни, шариғи көзқарастарының негіздерін тереңірек түсіндіру мақсатында тән, рух, сана туралы мәселелер зерттелді. Бұл Абу Ханифаның иман туралы, ислам туралы ой-пікірінің сол кезеңдегі Ислам ғұламаларынан ерекше болу себептерін түсінуге мүмкіндік берді және Абу Ханифаның ілімі қазақ халқының дәстүрлі діні мен діни дүниетанымымен сабақтастығын көрсетті.

Кілт сөздер: рух, тән, сана, дәстүр, құндылық, иман, шариғат.

A.Yu. Baltabayeva¹, Z.Z. Zhandarbek², S.V. Alimova³

¹*Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: alyona.baltabayeva@ayu.edu.kz*

²*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz*

³*Student of Ankara Hacı Bayram Veli University
(Turkey, Ankara), e-mail: alimova.sabina01@hbv.edu.tr*

The Role of Abu Hanifa in the Formation of the Traditional Religion and Religious Worldview of the Kazakh People

